

Қазақстан мен НАТО-ның Техникалық қызмет және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы (НАМСО) арасындағы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық бойынша түсіністік меморандумын ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 295 Заңы

Брюссельде 2003 жылғы 1 шілдеде қол қойылған Қазақстан мен НАТО-ның Техникалық қызмет және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы (НАМСО) арасындағы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық бойынша түсіністік меморандумы ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан мен НАТО-ның Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы (НАМСО) арасындағы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы түсіністік меморандумы

Осы Түсіністік меморандумы, Қазақстан мен НАТО-ның Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы арасындағы материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы төмендегі баптарда айтылған қарым-қатынастарды орнату үшін құқықтық негіз болып табылады.

Kіріспе

М ы на л а р д ы :

- Қазақстан "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" (БЖӘ) бағдарламасына кіруге шақыруды қабылдай отырып, 1994 жылғы 27 мамырда "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасының Негізdemelіk Құжатына қол қойып және қосыла отырып, көрсетілген "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасының әріптес елі болып та б ы л а т ы н д ы ғ ы н ;

- Қазақстанның Қорғаныс министрлігі НАТО-ның Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы өзінің қару-жарақ жүйелері саласындағы әріптестік (ҚЖӘ) бағдарламалары мен қарым-қатынастары шенберінде ұсынатын қызмет көрсетулерге мұдделілік білдіргендігін;

- Қазақстанның Қорғаныс министрлігі НАТО-ның Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі үйымымен материалдық-техникалық қамтамасыз етудің белгілі бір салаларында ынтымақтастық орнату мақсатында келіссөздер жүргізетіндігін ;

- НАТО-ның Техникалық қызмет көрсету және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы Директорлар кеңесінің Қазақстанға материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде қызметтер көрсетуге (бұдан әрі айқындалғандай) келіскендігін;

- НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы Директорлар кеңесінің "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" (БЖӘ) бағдарламасына қатысуыш мемлекетпен ынтымақтастық контексінде НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы Жарғысында көрсетілген негізгі мақсаттардың бірі болып табылатын, НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі агенттігі бағдарламаларының құнын төмендетуге НАТО-ға мүше елдердің жалпы мүдделелілігін ұғынатындығын;

- Солтүстік Атлант кеңесі осындай келісімге кіру Қазақстанға қандай да болмасын жағдайда Солтүстік Атлант Шарты ұйымына мүше мәртебесін ұсынбайтындығы және мұндай мәртебені алуды талап ету құқығын бермейтіндігі шартымен НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы Директорлар кеңесінің Қазақстанның Қорғаныс министрлігімен техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі келісімді жасасу туралы ұсынымдарын макулдағанын;

- НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы Директорлар кеңесінің НАТО-ның Материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі агенттігінің Бас менеджерін осы Түсіністік меморандумына қол қоюға уәкілетті еткендігін назарға ала отырып:

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан мен НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымы осы Түсіністік меморандумында айтылған ережелер негізінде материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұсыну бойынша түсіністікке қол жеткізді.

Анықтамалар/аббревиатура

Осы Түсіністік меморандумының мәтінінде және одан туындастын нақты келісімдердің мәтіндерінде:

- "НАТО" Солтүстік Атлант Шарты Ұйымын білдіреді;
- "НАМСО" НАТО-ның Материалдық-техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі ұйымын білдіреді;
- "НАМСА" НАТО-ның Материалдық-техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі агенттігін білдіреді;
- "БЖӘ" 1994 жылғы 10-11 қаңтарда Брюссельде НАТО саммитінде құрылған "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасын білдіреді;
- "Техникалық ақпарат" кез келген форматтағы, құжаттық сипаттағы немесе ұсыну тәсіліндегі ғылыми және техникалық сипатта жазылған және құжатталған ақпаратты білдіреді. Бұл ақпаратқа, шектелмей, мыналар жатуы мүмкін: эксперименттік деректер мен тест деректері, техникалық шарттар, жобалар мен жобалау процестері, патентке қабілетті де, патентке қабілетсіз де өнертабыстар мен жаңалық ашуулар, техникалық сипаттамалар және басқа да техникалық сипаттағы жұмыстар, жартылай өткізгішті топография/маскалар кескіні жөніндегі жұмыстар, техникалық және өндірістік деректер пакеттері, ноу-хау және коммерциялық құпиялар, сондай-ақ өнеркәсіптік

технологияларға қатысты ақпарат. Ол құжаттар, графикалық репродукция, суреттер және басқа да графикалық көріністер, дискілер мен таспалардағы (оптикалық, магниттік және лазерлік) жазбалар, бағдарламаларға да, деректер базасына да қатысты компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік жадыны немесе компьютер жадысында сақталатын деректерді басып шығару нысанында және кез келген басқа нысандарда бола алады;

- "ҚЖӘ" - қару-жарак жүйелері саласындағы әріптестікі білдіреді.

1 - б а п

Мақсаты

Осы Тұсіністік меморандумы қамтамасыз етуді, техникалық қызмет көрсетуді, тауарлар мен қызметтерді сатып алуды, кескінді басқару мен техникалық көмек көрсетуді, тасымалдауды қоса алғанда, бірақ шектемей, нақты белгіленген салалардағы материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетудің ресми шенберлерін белгілейді.

2 - б а п

Іске асыру

2.1. Осы Тұсіністік меморандумын іске асыру сату туралы келісім, қызметтер көрсету туралы келісім, ҚЖӘ жөніндегі келісім сияқты арнайы жазбаша келісімдерді және басқаларды жасасуды талаң етеді.

2.2. 2.1-тармақта аталған келісімдер және ҚЖӘ-ге қатысу, әлбетте, Қазақстанның Корғаныс министрлігі мен НАМСО-ның директорлар кеңесінің, сондай-ақ тиісті қару-жарақ пен жабдықтар жүйелерін шығарушы елдің алдын ала макұлдауын талап етуі мүмкін.

3 - б а п

Қаржылық уағдаластықтар

3.1. Тараптар, егер 2.1-тармақта көрсетілгендей және нақты қызмет салалары мен орындалатын міндеттерге қатысты кейінгі келісімдерге байланысты басқаға рұқсат берілмесе, осы Түсіністік меморандумына байланысты ешқандай қаржылық міндеттемелер алмайды.

3.2. 2.1-тармақта аталған келісімдерге қол қойылғаннан кейін, Қазақстан тапсырыс беруші ретінде, әлбетте, 12-бапқа сәйкес меморандумның қолданысы тоқтатылған жағдайда туындаитын шығыстарды қоса алғанда, НАМСО-ға тапсырыс берілген және ол ұсынған қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстарды көтереді.

4 - б а п

Міндеттемелер, кепілдіктер және сақтандыру

4.1. Тараптардың әрқайсысы осы Түсіністік меморандумы бойынша материалдарды немесе қызметтерді ала отырып, егер мұндай жарақаттар, шығындар және зақым келтірулер осындағы материалдарды немесе қызметтерді кәдімгі қолдану және/немесе пайдалану процесінде туындастын болса, жарақаттар (өлімге әкеleп соққан

жарақаттарды қоса алғанда), шығындар мен зақым келтірuler бойынша талап қоюдан
б а с т а р т а д ы .

4.2. Тараптар сайып келгенде жеткізуши ұйымды үшінші тараптар мәлімдеген
осында түрдегі талаптардан қорғау үшін Тараптардың біріне қатысты қандай да бір
үшінші тарап қоятын кез келген сипаттағы талаптардан немесе шағымдардан қорғау
бойынша өзара көмек көрсететін болады.

4.3. 4.1. және 4.2-тармақтарда аталған талаптардан бас тарту мен талаптардан
қорғау қасақана құқыққа қайшы іс-әрекет және шектен тыс ұқыпсыздық оқиғаларына,
сондай-ақ екі Тарап арасында жасалған келісімде нақты ескерілген жағдайларға
қ о л д а н ы л м а й д ы .

4.4. 2.1-тармақта көрсетілген түрдегі әрбір келісім әрбір қызмет пен орындалатын
міндеттердің түрі үшін тиісті материалдар мен қызметтерге қатысты кепілдікті
т ә п т і ш т е й т і н б о л а д ы .

4.5. Осында келісімдер бойынша НАМСО ұйымдастыратын жүктөрді жөнелту,
егер бұған Қазақстаннан нақты сұрау салынбаса, әдетте сақтандырусыз-ақ өтеді.
Қазақстанның өтініші бойынша жүзеге асырылуы мүмкін мұндай сақтандыруға
арналған шығындар НАМСО-да кідріссіз өтеледі.

5 - б а п

Менеджмент

5.1. Осы Тұсіністік меморандумын іске асыруды басқаруға жауапты органдар А
қ о с ы м ш а с ы н д а көрсетілген .

5.2. 2.1-тармақта көрсетілген кейінгі келісімдер үшін Тараптар арнайы байланыс
орындарын тағайындаі алады.

6 - б а п

Қауіпсіздік жөніндегі талаптар

6.1. Тараптар НАТО-ның Қауіпсіздік саясатының (С-М(2002)49 және С-М(2002)50)
және оған Көмекші директивалардың негізінде өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі
үйлестірілген бағдарламаны әзірлейді және енгізеді.

6.2. Тараптар 2.1-тармақта көрсетілген келісімдердің шарттарына сәйкес басқа
Тарапқа берілетін, әзірлеуші Тарап қандай да бір ақпаратқа немесе деректерге
қолданатын құпиялылық дәрежесі туралы бір-бірін хабардар ететін болады.

6.3. Ұқсас ақпараты бар келісім-шарттарды қоса алғанда, кез келген құпия ақпарат
алмасу 1996 жылғы 31 шілдеде НАТО мен Қазақстан арасында жасалған Қауіпсіздік
туралы шарттың талаптарына сәйкес, сондай-ақ НАТО-ның Қауіпсіздік саясатының (С-М(2002)49 және С-М(2002)50) және оған Көмекші директиваларда айтылған
қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

7 - б а п

Меншік құқықтарына жататын техникалық ақпаратпен алмасу

7.1. 2.1-тармақта көрсетілген келісімдер бойынша басқа тәсілмен беруге, таратуға немесе алмасуға жататын және қандай да бір Тарап тиісті мөртәнбаларды, жазу немесе басқа жазба белгілерді енгізу жолымен меншік құқықтарына жататындар ретінде айқын түрде белгілеген деректер мен ақпаратқа мынадай шарттар қолданылады.

7.2. Әлбетте, Тараптардың әрқайсысы өзіне мынадай міндеттемелерді алады:

7.2.1. басқа Тарапқа тиесілі ақпаратты тек 2.1-тармақта көрсетілген келісімдердің мақсаттары үшін ғана пайдалану;

7.2.2. басқа Тарапқа тиесілі ақпараттың толық құпиялылығын қамтамасыз ету және оны ашудан, үшінші тарапқа осындай ақпаратты беруден және басқа да тәсілмен үсінудан қалыс қалу;

7.2.3. басқа Тарапқа тиесілі ақпаратқа құпия ақпарат ретінде қарау және сондай шараларды жүзеге асыра отырып және қабылдайтын Тарап, әдетте, байқаусызда ашуға, жариялауға, таратуға немесе беруге жол бермеу мақсатында меншік объектісі болып табылатын өз ақпаратын қорғау үшін жүзеге асыратында және қолданатында ақпаратқа қатысты бақылау құралдарын қолдана отырып, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мұндай ақпарат қызметтік қажеттілікке байланысты қажет болатын қабылдайтын Тараптың қызметкерлерінің ғана басқа Тарапқа тиесілі ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті іс-қимылдарды жасау.

7.3. Ақпарат меншік құқығы объектісі болып есептелмейді және оны пайдалану қабылдайтын Тараптың ешбір міндеттемелерінің туындауына әкеп соқтырмайды, егер мұнда ақпарат:

7.3.1. қабылдайтын Тараптың қасақана немесе заңсыз іс-қимылы себепті көпшіліктің иғілігіне айналса немесе болса;

7.3.2. осы Түсіністік меморандумын осындай шектеулерсіз және бұзушылықтарсыз үшінші тарап заңды түрде берсе;

7.3.3. беруші Тараптың жазбаша рұқсаты арқылы тарату мен пайдалану үшін мақұлданса.

7.4. Егер Тараптар арасында өзге туралы уағдаластыққа қол жеткізілмесе, 2.1-тармақта аталған түрдегі тиісті келісімдердің ешбір ережелері кез келген патентке, өнертабыстарға немесе кез келген уақытта Тараптардың кез келгенінің меншігінде тұрған немесе тұратын деректерге қатысты қандай да бір құқық немесе лицензия ұсынушы ретінде қарастырылмайды.

8 - б а п

Салықтар мен баждар

НАМСО, оның мүлкі мен қызметінің барлық түрлері мыналардан босатылады:

8.1. тікелей және жанама салықтардың барлық түрінен; алайда НАМСО коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін төлем болып табылатын салықтар мен баждардан босатуды талап етпейді;

8.2. импортталған тауарларды Қазақстанда сату үшін пайдаланбау шартымен, жеке

басына пайдаланатын тауарлардың импортына және экспортына байланысты кедендейк баждардан, шектеулерден немесе тыйым салулардан;

8.3. баспа материалдарының импортына және экспортына байланысты кедендейк баждардан, шектеулерден немесе тыйым салулардан.

9 - б а п

Сапарларды өткізу рәсімдері

9.1. Тараптардың өкілдеріне олардың сұрау салулары бойынша бұл осы өкілдерге қызметтік қажеттіліктерге байланысты қажет болған жағдайда, Түсіністік меморандумның шенберінде жасалған келісімнің негізінде, тестілер мен сынақтарды қоса алғанда, жұмыстар жүргізілетін мемлекеттік және жеке объектілерге кіруге рұқсат беріледі.

9.2. Сапарларды ұйымдастыру "Халықаралық сапарлар" тақырыбында С-М(2002)49 құжатына G қосымшада айтылған Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Барлық келушілер сондай-ақ қабылдайтын Тарап белгілеген қауіпсіздік пен сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі кез келген қосымша талаптарды сақтайтын болады. Коммерциялық құпияларға және келушілерге хабарланатын басқа да техникалық ақпаратқа, олар келушілерді жіберіп отырған Тарапқа берілгендердегідей ережелер қолданылады.

1 0 - б а п

Тілі

Барлық ресми құжаттаманы ағылшын және француз тілдерінде жүргізуді көздейтін НАТО-ның әдеттегі саясаты қолданылатын болады.

1 1 - б а п

Түзетулер

Осы Түсіністік меморандумының ережелері Тараптардың жазбаша келісімі арқылы өзгертулуга мүмкін.

1 2 - б а п

Қолданысын тоқтату

12.1. Егер Тараптардың бірінің осы Түсіністік меморандумынан немесе 2.1-тармақта аталған кейінгі келісімдерден шығу ниеті болса, онда ол Тарап аталған жылдың 1 қаңтарына дейінгі алты ай бүрүн басқа Тарапқа жазбаша хабарлама ұсынады.

12.2. Түсіністік меморандумынан немесе 2.1-тармақта аталған туынды келісімдердің бірінен шыққан жағдайда Тараптар шығудың неғұрлым қанағаттанарлық шарттарына қатысты бір-бірінен уақтылы консультация алады.

12.3. Егер шығу туралы хабарламада көрсетілетін болса, онда Тараптар 2.1-тармақта аталған түрдегі әрбір келісім бойынша мүмкіндігінше неғұрлым ертерек шығу күні және шығу эсер ететін, орындалатын міндеттер мен көрсетілетін қызметтерге қатысты қаржылық мәселелерді шешу туралы келіссөздерді бастайды. Шығу туралы өтініш

білдірген Тарап Меморандумның қолданысын тоқтату күніне дейін өз міндеттемелерін
толық орындауды .

12.4. Егер Тараптар осы Тұсіністік меморандумының қолданысын тоқтатуды бірлесіп шешсе, онда олар оның қолданысын тоқтату жөніндегі шығыстарды бірлесіп көтеретін болады .

12.5. Техникалық ақпаратты ашу мен пайдалануға, қауіпсіздікке, үшінші тараптарға сату мен беруге, дауларды шешуге, наразылықтар мен міндеттемелерге, сондай-ақ Меморандумнан шығу мен қолданысын тоқтатуға қатысты Тараптардың құқықтары мен міндеттері осы Тұсіністік меморандумнан Тараптардың бірінің шыққандығына немесе оның қолданысының не одан туындағын 2.1-тармақта аталған түрдегі келісімдердің тоқтатылуына қарамастан сақталады.

1 3 - б а п

Дауларды шешу

Тараптар арасында туындағын және осы Тұсіністік меморандумын түсіндіруге немесе қолдануға байланысты кез келген келіспеушіліктер сыртқы юрисдикцияны немесе үшінші тарапты тартусыз, олардың арасындағы келіссөздер барысында шешілетін болады.

1 4 - б а п

Күшіне енуі

Осы Тұсіністік меморандумы Тараптардың соғысы қол қойған күні күшіне енеді.

1 5 - б а п

Кол қою

Жоғарыда келтірілген баптар Қазақстан мен НАМСО арасында қол жеткізілген өзара тұсіністікті көрсетеді. Екі тұпнұсқа данасының әрқайсысы ағылшын және француз тілдерінде орындалған, және оларға тиісті түрде қол қойылған. Екі тілдегі мәтіннің де бірдей күші бар.

Қазақстан

НАТО-ның Техникалық

Республикасының Үкіметі
атынан

қызмет көрсету және қамтамасыз ету
жөніндегі үйимы атынан

Төлеутай Сүлейменов

Питер Марки

НАТО-дағы Төтенше және

Бас менеджер

Өкілдепті Елші

Күні: 2003 жылғы 1 шілде

Күні: 2003 жылғы 1 шілде

Қосымша А

Бұл Меморандум ережелері жайлы барлық туындағын, сұрақтар бойынша келесі ор га н д а р м е н х а б а р л а с у қ а ж е т :

Қазақстанның Қорғаныс министрлігі тарапынан:
НАТО-дағы Қазақстанның Өкілдігі

В - 1110 , Б р ю с с е л ь қ а л а с ы
т е л . : 0 0 3 2 2 3 7 4 9 5 6 2
ф а к с : 0 0 3 2 2 3 7 4 5 0 9 1

НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы (Н А М С О)

т а р а п ы н а н :

Құқықтық мәселелер бойынша кеңесші
L-8302, Капеллен Люксембург қаласы
т е л . : 0 0 3 5 2 - 3 0 6 3 6 5 5 4

факс: 00352-308721

Осымен, көрсетілген мәтін, 2003 жылдың 1 шілдеде қол қойылған Қазақстан мен НАТО-ның Техникалық қызмет көрсетеу және қамтамасыз ету жөніндегі үйымы (НАМСО) арасындағы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы түсіністік меморандумды мемлекеттік тілге аудармасы бейресми екендігін күэландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К а р у л ы К ү ш т е р і
Х а л ы қ а р а л ы қ бағдарламалар

бас басқармасының бастығы

ПОЛКОВНИК

НАТО ҚҰПИЯ ЕМЕС

СОЛТУСТІК АТЛАНТ КЕҢЕСІ

2002 жылғы 17 маусым

С-М(2002)49 ҚҰЖАТАЫ

СОЛТУСТІК АТЛАНТ ШАРТЫ ҮЙЫМЫ (НАТО) ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Бас хатшының ескертпесі

Сілтеме: С-М(2002)49 және оның Шараптар тізбесі

1. Осы құжат НАТО Қауіпсіздік комитеті жүргізген Іргелі шолу нәтижесі болып табылады, және 2002 жылғы 26 наурыздағы Үндемеу процедуrasesы жөніндегі Кеңеспен мақұлданады.

2. Осы құжат "Терроризм қаупіне қарсы НАТО-ның азаматтық және әскери органдарын, НАТО-ның кеңейтілген құштері мен объектілерін (құралдарын) қорғау шаралары" С-М(2002)49 құжатымен бірге С-М(55)15 Final) құжатының күшін жояды. "Солтүстік Атлант шартына қатысушылар арасындағы ақпарат қауіпсіздігі туралы келісімді" ратификацияламаған елдер үшін әлі де қолданыстағы "Солтүстік Атлант шартына қатысушылар арасындағы қауіпсіздік туралы келісім" А қосымшасынан басқа, С-М(55)15(Final) құжатының барлық бұрындағы нұсқалары жойылуы тиіс.

Төмендегі директивалар осы құжатты қолдайды:

AC/35-D/2000 Персонал қауіпсіздігі жөніндегі директива

AC/35-D/2001 Дене қауіпсіздігі жөніндегі директива

AC/35-D/2002 Ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі директива

AC/35-D/2003 Өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі директива
AC/35-D/2004 Ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі негізгі

д и р е к т и в а

AC/35-D/2005 CIS арналған ақпараттық қауіпсіздікті басқару жөніндегі директива Алғашқы төрт директиваны (AC/35-D/2000-2003) Кеңес бекітті, соңғы екеуін AC/35-D/2004 және AC/35-D/2005 НАТО-ның қауіпсіздік комитеті және НАТО қолбасшылығы, басқарма және байланыс кеңесі бекітті.

3. Еске салу қолайлығы үшін қауіпсіздік саласындағы саясат жөніндегі екі құжаттан тұратын (С-М(2002)49 және С-М(2002)50) тізбе/құжаттар жиынтығы, сондай-ақ жоғарыда аталған қолдау ретіндегі директивалар жақын арада С-М(55)15 (Final) барлық ағымдағы ұстаушыларына жіберілетін болады.

Қол қойған Джордж Робертсон

Түпнұсқа: ағылшын тілінде

ТҮЗЕТУЛЕРДІ ЕҢГІЗУ ПАРАФЫ

Еңгізілген әр түзетудің тиісті нөмірін сыйынды

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50

МАЗМҰНЫ

Б а с

х а т ш ы н ы н ц

е с к е р т п е с і

Түзетулерді еңгізу парагы

Мазмұны

- A Қосымшасы - Қауіпсіздік жөніндегі келісім
B Қосымшасы - Қауіпсіздіктің негізгі ұстанымдары
C Қосымшасы - Персонал қауіпсіздігі
D Қосымшасы - Дене қауіпсіздігі
E Қосымшасы - Ақпарат қауіпсіздігі
F Қосымшасы - Ақпараттық қауіпсіздік

G Қосымшасы - Өнеркәсіптік қауіпсіздік

Пайдаланылатын терминдердің сөздігі

C - M ((2 0 0 2)

4 9

кұжатқа

А Қосымша

А ҚОСЫМША

СОЛТУСТІК АТЛАНТ ШАРТЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ¹

1949 жылы 4 сәуірде Вашингтон қаласында қол қойылған Солтүстік Атлант шартына қатысушылар:

Шарт мақсаттарын іске асыру кезінде тиімді саяси кеңестер, ынтымақтастық пен қорғаныс саласындағы жоспарлар қатысушылар арасында құпия ақпаратпен алмасуды қажет ететіндігін растай отырып;

Солтүстік Атлант шартына қатысушы үкіметтер арасында алмасылатын құпия ақпаратты өзара қорғау мен құзету туралы келісімдердің қажеттілігін ескере отырып;

қауіпсіздік стандарттары мен процедураларына қатысты жалпы шеңберлерді белгілеу қажеттілігін сезіне отырып;

ұлттық мұдделер мен Солтүстік Атлант шарты үйымының мұдделерін білдіре отырып төмендегілер жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді:

¹ Осы құжатты қазіргі кезде төмендегі НАТО-ға мүше мемлекеттердің үкіметтері ратификациялауда: Бельгия, Исландия, Италия, Люксембург, Норвегия, Португалия, Испания және Біріккен Корольдік. С-М(55)15(Final) құжатының А қосымшасындағы "Солтүстік Атлант шарты үйымына қатысушылар арасындағы Келісім" осы келісімді ратификацияламаған мемлекеттерге қатысты құшінде болады.

1-БАП

(i) қорғауға және құзетуге:

(a) НАТО-да әзірленген (2-қосымшаны қараңыз) немесе НАТО-ға мүше-мемлекет берген құпия деп танылған ақпаратты (1-қосымшаны қараңыз);

(b) НАТО бағдарламаларын, жобалары мен келісім-шарттарын қолдау ретінде НАТО шеңберінде бір мүше мемлекеттің екінші мүше мемлекетке берген құпия деп танылған құпия ақпаратты;

(ii) осы баптың (i) тармағына сәйкес ақпарат құпиялылығының санатын/белгісін сактауға және оны тиісті қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерді жұмсауға;

(iii) осы баптың (i) тармағында белгіленген құпия ақпаратты тек Солтүстік Атлант шартында көрсетілген мақсаттарда, сондай-ақ оған қатысты шешімдер мен қарапарларға сәйкес пайдалануға;

(iv) ақпарат көзі иесінің келісімінсіз, НАТО-ға мүше емес мемлекеттерге осы баптың (i) тармағында көрсетілген құпия ақпаратты бермеуге.

2-БАП

Қатысушылар осы Келісімнің 1-бабына сәйкес НАТО шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сактауға жауапты Ұлттық қауіпсіздік органын құруы керек.

Қатысушылар құпия ақпаратты қорғау жалпы деңгейін қамтамасыз етуші қауіпсіздік стандарттарын өзірлеуі және қолдануы тиіс.

3-БАП

(1) Қатысушылар негізгі қызмет міндеттерін орындау "Құпия" және одан жоғары құпия белгісі бар ақпаратқа рұқсат беруді талап ететін немесе талап етуі мүмкін, өздерінің атынан жұмыс істейтін барлық адамдарды, олар лауазымына кірісер алдында тиісті тексеруден өткізуі тиіс.

(2) Рұқсатты ресімдеу рәсімі қауіпсіздікке қауіп төндірмей, адамның адалдығы мен сенімділігін ескере отырып, оған құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат беру мүмкіндігін анықтауға бағытталған.

(3) Талап бойынша әр қатысушы, басқа қатысушыларға, олар рұқсат беруді ресімдеу жөніндегі тиісті ресімдерді жүргізген кезде көмек көрсетуі тиіс.

4-БАП

Бас хатшы НАТО шеңберінде осы Келісімнің тиісті шарттарын сақтау үшін жауап береді (3-қосымшаны қараңыз).

5-БАП

Осы Келісім құпия ақпаратпен алмасуға қатысты Тараптардың өзі бастамашысы болған және осы Келісімнің мазмұнына әсер етпейтін басқа да Келісімдерді жасауға ешқандай кедергі келтірмейді.

6-БАП

(а) Осы Келісімге Солтүстік Атлант шарты үйіміна қатысушылар қол қояды және оны ратификациялау, қабылдау және бекіту керек. Ратификациялау, қабылдау және бекіту құжаттары Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне сақталуға берілуі тиіс.

(б) Осы Келісім екі қол қоюшы мемлекет өздерінің ратификациялау, қабылдау және бекіту құжаттарын берген кезден бастап 30 (отыз) күн өткеннен кейін күшіне енеді. Осы Келісім әр басқа қол қойған мемлекет үшін олардың ратификациялау, қабылдау және бекіту құжаттарын берген кезінен бастап 30 (отыз) күн өткеннен кейін күшіне енеді.

(с) Өздері үшін күшіне енген деп табылатын тараптар үшін осы Келісім Солтүстік Атлант кеңесі 1952 жылдың 19 сәуірінде D.C 2/7 Қосымшага толықтыру ретінде бекіткен А қосымшада (1-параграф) және кейіннен Солтүстік Атлант кеңесі 1955 жылғы 2 наурызда бекіткен С-M(55) 15-ке (соңғы) "A" қосымшада (1-параграф) көрсетілген "Тараптардың Солтүстік Атлант шарты үйіміна қатысты қауіпсіздік туралы шартты" алмастырады.

7-БАП

Осы Келісім Тараптардың конституциялық процедураларына сәйкес кез келген жаңа Тараптың Солтүстік Атлант шартына қосылуы үшін ашық болып табылады. Тараптардың халықаралық шарттарға қосылуы туралы құжаттары Америка Құрама Штаттарының Үкіметіне сақтауға берілуі тиіс. Эр басқа жаңадан қосылған мемлекет

үшін осы Келісім, осы мемлекеттің халықаралық шартқа қосылуы туралы өз құжаттарын берген 30 (отыз) күннен кейін қүшіне енеді.

8-БАП

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі басқа Тараптардың Үкіметін ратификациялау, қабылдау және бекіту немесе қосылу құжаттарын сақтау туралы хабардар етуі тиіс.

9-БАП

Осы Келісімді депозитарийге оның қүшін жою туралы жазбаша хабарлама бергеннен кейін кез келген Тарап тоқтата алады, ол өз кезегінде осындай жазбаша ескертуді алғаны туралы басқа Тараптарды хабардар етуі тиіс. Осындай қүшін жою рәсімі депозитарий жазбаша хабарламаны алғаннан кейін бір жыл өткеннен соң қүшіне енеді, бірақ осы Келісімнің шарттарына сәйкес Тараптардың бұрында қабылдаған шарттарымен келісілген міндеттер мен құқықтарға немесе артықшылықтарға әсер етпеу і

тиіс.

Осы мақсатта өздерінің тиісті Үкіметтері өкілеттік берген төмендегі қол қоюшылар осыны растау ретінде осы Келісімге қол қойды.

Брюссель қаласында _____ жылғы _____ ағылшын және француз тілдерінде бір түпнұсқада жасалды, әр мәтіннің бірдей күші бар және АҚШ Үкіметі депозитариясының мұрағатында сақталуы тиіс, және мөр басылған көшірмелері қол қойған Үкіметтерге берілуі тиіс.

1-ҚОСЫМША

Осы қосымша Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

НАТО құпия ақпараты анықтамасы мыналарды қамтиды:

(a) кез келген нысанда беруге болатын ақпарат-мәлімет;

(b) рұқсатсыз жария етуден көрғауды талап ететін және қауіпсіздікті сыныптау бойынша осындай ақпарат деп танылған ақпарат немесе материал құпия ақпарат болып табылады;

(c) "материалдар" ұғымы құжаттарды, сондай-ақ кез келген өндірілген немесе өндіру үрдісінде түрған механизмдердің, жабдықтардың/құрамдас бөліктердің немесе қару-жараптардың элементтерін қамтиды;

(d) "құжат" ұғымы физикалық нысаны немесе сипатына қарамастан кез келген жазып алынған ақпаратты, шектеусіз жазбаша және баспа өнімдерін қоса, өндөлген мәліметтердің кәртішкелері мен жазбаларын, карталарды, сыйбаларды, суреттерді, бейнелерді, гравюраларды, нобайларды, жұмыс жазбалары мен қағаздарды, машинаға басылған көшірмелерді немесе көшірме ленталарды, немесе кез келген тәсілмен немесе үрдіспен көшіруді қоса, сондай-ақ дыбыс, дауыс, магниттік, электрондық, оптикалық немесе кез келген нысандағы бейне жазбаларды, және тұрақты немесе алмалы-салмалы компьютерлік мәлімет тасушылардың мәліметтерін автоматты түрде өндеуге арналған портативтік жабдықтарды білдіреді.

2-ҚОСЫМША

Осы қосымша Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Келісімнің мақсаты үшін "НАТО" термині - Солтүстік Атлант шарты ұйымын және Оттавада 1951 жылы 20 қыркүйекте қол қойылған Солтүстік Атлант шарты ұйымының, ұлттық өкілдер мен халықаралық штабтардың мәртебесі жөніндегі Келісім арқылы немесе 1952 жылы 28 тамызда Парижде қол қойылған Солтүстік Атлант шартына сәйкес құрылған Халықаралық әскери штабтар мәртебесі жөніндегі Хаттама арқылы басқарылатын органдарды білдіреді.

3-ҚОСЫМША

Осы қосымша Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Консультациялар әскери бастықтардың қатысуымен олардың артықшылықтарын (ерекше құқықтарын) сыйлау мақсатында өтеді.

C - M (2 0 0 2) 4 9 құжатқа

В ҚОСЫМША

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕҢ АЗ СТАНДАРТТАРЫ КІРІСПЕ

1. Осы С-М құжаты тараптар арасында құпия ақпаратпен алмасуды жалпы қорғау деңгейіне кепілдік беру мақсатында НАТО-ға кіретін елдер мен НАТО-ның азаматтық және әскери ұйымдары қолданатын қауіпсіздіктің негізгі қағидаттары мен ең аз стандарттарын белгілейді. НАТО-ның қауіпсіздік процедуралары, осы Қосымшада сипаттамалары көрсетілген ұлттық қауіпсіздік жүйелеріне негізделген кезде және олармен қолданған кезде ғана анағұрлым пайдалы болады. Осы Қосымша, сонымен қатар НАТО-дағы қауіпсіздік жөніндегі жауапкершілікті көрсетеді.

МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

2. НАТО-ға кіретін елдер, НАТО-ның азаматтық және әскери ұйымдары құпия ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын қорғау үшін осы С-М құжатында көрсетілген қауіпсіздік қағидаттары мен ең аз стандарттарын қолдануға кепілдік беруі тиіс.

3. НАТО-ға кіретін елдер, НАТО-ның азаматтық және әскери ұйымдары құпия ақпаратты жалпы қорғау деңгейіне кепілдік беретін қауіпсіздік қағидаттары мен ең аз стандарттарының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіздік бағдарламаларын белгілеуі тиіс.

ҚОЛДАНУ

4. Осы қауіпсіздік негізгі қағидаттары мен ең аз стандарттары төмендегілерге қолданылуы тиіс:

(а) НАТО әзірлеген, НАТО-ға мүше ел әзірлеген және НАТО бағдарламаларын, жобаларын немесе келісім-шарттарын қолдау ретінде НАТО-ға ұсынылған немесе НАТО-ға мүше елдің екінші НАТО-ға мүше елге ұсынған құпия ақпаратына;

(b) НАТО-ның НАТО-ға мүшесе елдердің ақпарат көздерінен алған құпия ақпаратына ; және

(c) жеке адамдарға немесе үкіметке (немесе НАТО-ның азаматтық және әскери үйымдарына) кірмейтін үйымдарға сеніп тапсырылған құпия ақпаратқа, мысалы үкімет немесе НАТО-ның азаматтық немесе әскери үйымдары қолданатын осындай стандарттарға сәйкес оны қорғауы тиіс консультанттар (кеңесшілер), өнеркәсіп, университеттер .

5. Ядролық қару туралы (ATOMAL) ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат беру мен оны қорғау - С-М(64)39 - ядролық қару туралы ақпаратқа қатысты ынтымақтастық жөніндегі Солтүстік Атлант шартының Тараптары арасындағы Келісімнің тақырыбы болып табылады. Ядролық қару туралы (ATOMAL) ақпаратқа қатысты ынтымақтастық жөніндегі Солтүстік Атлант шартының Тараптары арасындағы Келісімді - С-М(68)41 ағымдағы нұсқасын орындауға арналған әкімшілік шаралар осындай ақпаратқа рұқсат беруді, онымен жұмыс істеуді және қорғауды бақылау үшін пайдаланылатын болады.

6. АҚШ-тың Бірыңғай кешенді жедел жоспары (US-SIOP), туралы ақпаратты қорғау және оған рұқсат беру "НАТО шеңберінде АҚШ-тың бірыңғай кешенді жедел жоспары жөніндегі ақпаратпен жұмыс істеу жөніндегі арнайы процедуralар" С-М(71)27 (өзгертилген) ережелерінің тақырыбы болып табылады.

7. Криптографиялық ақпараттың, шаралар мен өнімдердің құпия сипаты осы С-М құжатында көрсетілген шаралардан баска, қатаң қауіпсіздік шараларын қолдануды талап етеді. Сондықтан, НАТО елі немесе НАТО-ның Әскери комитеті бекіткен криптографиялық ақпаратқа, шаралар мен өнімдерге рұқсат беру және қорғау тиісті өкіметтер белгілеген директивалар мен процедуralарды қолдайтын "Е" Қосымшасымен үйлестірілуі тиіс.

ӨКІМЕТ

8. Солтүстік Атлант кеңесі ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі Солтүстік Атлант шартының Тараптары арасындағы Келісімді орындауды қамтамасыз ететін және осы негізде НАТО-ның қауіпсіздік саясатын белгілейтін осы құжатты бекітті.

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

9. Мына негізгі ұстанымдар төмендегілерге қолданылуы тиіс:

(a) НАТО елдері мен НАТО-ның азаматтық және әскери үйымдары осы С-М құжатында көрсетілген ең аз стандарттардың тараптар өзара алмасатын құпия ақпаратты жалпы қорғау деңгейіне кепілдік беру үшін қабылданғандығына кепілдік береді ;

(b) құпия ақпарат тиісті қауіпсіздік процедуralары жөнінде хабардар етілген персоналға, тек қызметтік қажеттілік қағидаты негізінде таратылуы тиіс; оған қосымша, тек сенімді деген адамдарға ғана ҚҰПИЯ және одан жоғары белгісі бар құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат етіледі;

(c) құпия ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан қауіпті азайту

жөніндегі шараларды қабылдай отырып басшылық ету НАТО-ның әскери және азаматтық органдарында міндетті болуы тиіс. НАТО-ға мүше елдер шегінде осындашыларды қабылдау міндетті емес.

(d) құпия ақпарат қауіпсіздік жөніндегі, кадрлық, дене, ақпарат және ақпараттық жүйелер қауіпсіздігін қоса (INFOSEC) тенденстірлген кешенді шаралармен қорғалуы тиіс, олар құпия ақпаратқа рұқсаты бар барлық адамдарға, БАҚ бойынша өтетін барлық ақпаратқа, және осындашыларды бар барлық алғы шарттарға таратылуы тиіс;

(e) барлық қауіпсіздікті бұзу құдікті жайттары қауіпсіздікке жауапты тиісті басшылыққа дереу баяндалуы тиіс.

Баяндамаларды НАТО-ға зиян келтіруі мүмкін жағдайларға қатысты және қажетті іс-қимыл шараларын қабылдау үшін тиісті ресми адамдар бағалауы тиіс. "Е" Қосымша осыған қатысты нақты ақпарат береді;

(f) әзірлеушілер құпия құжаттарды, оларды НАТО-ға және НАТО бағдарламалары, жобалары немесе келісім-шарттары шеңберінде НАТО елдеріне НАТО-ның ақпаратты басқару жөніндегі стратегиясына және НАТО-ның қауіпсіздік саласындағы саясатына сәйкес, олармен жұмыс істеу және оларды қорғау түсіністігі болғанда таратады;

(g) құпия ақпарат әзірлеуші тарапынан бақыланатын болады;

(h) құпия ақпаратты тарату осы С-М құжатының "Е" Қосымшасының және тиісті нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

(i) әзірлеуші тарапынан келісу тақырыбы бола отырып және осы С-М құжатының "Е" Қосымшасына сәйкес НАТО-ның құпия ақпараты НАТО-мен қауіпсіздік жөніндегі келісімге қол қойған немесе тікелей өзі немесе НАТО елдері арқылы немесе таратуды ұйымдастыруши НАТО-ның әскери және азаматтық органдары арқылы қауіпсіздік жөнінде НАТО-ға кепілдеме берген НАТО-ға мүше емес елдер мен ұйымдарға ғана берілуі мүмкін. НАТО-ның құпия ақпаратын тарату барлық жағдайларында осы С-М құжатында көрсетілген қорғау дәрежесі сакталуы тиіс.

10. Ұлттық қауіпсіздікке қатысы бар қағидаттар:

(a) қауіпсіздік жөніндегі ұйымдар төмендегілер үшін жауап береді:

(i) тыншылдыққа, терроризмге, террористерге, диверсияға, қатерлерге, зиянкестік қызметке қатысы бар барлау ақпаратын жинау және жазып алу, және

(ii) осындашыларды үкіметтік ведомстволар мен мемлекеттік мекемелер және мердігерлер персоналды жұмысқа қабылдауға қатысы бар кез келген жағдайда пайдалануға болатындей жинақтау, және

(iii) үкіметке қауіпсіздікке төнген қатерлер, және оларға қарсы күрес құралдарының сипаты жөнінде ақпараттар мен ұсынымдар беру; және

(b) үкіметтік ведомстволар мен мемлекеттік органдар арасындағы тұрақты ынтымақтасы

үшін:

(i) қорғалуы тиіс құпия ақпаратты анықтау; және

(ii) осы С-М құжатында көрсетілген жалпы қорғау дәрежелерін белгілеу және

Персоналға құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат беру

11. Жеке қауіпсіздік процедуралары персоналдың адалдығын, несие қабілеттілігін және сенімділігін ескере отырып, қауіпсіздікке қауіп төндірмей, оның құпия ақпаратпен алғаш немесе тұрақты жұмыс істеу мүмкіндігін бағалай отырып өзірленуі тиіс. ҚҰПИЯ немесе одан жоғары белгісі бар құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат беру қажет немесе өзінің функциональды және қызметтік міндеттері осындай ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат бере алатын барлық азаматтық адамдар мен әскерилер, рұқсат беру алдында тиісті тексеруден және нұсқамадан өтуі тиіс. Тұлға тек қызмет қажеттілігіне байланысты НАТО-ның құпия ақпаратына рұқсат ала алады.

12. ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН белгісі бар ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат беру үшін сенімділікті тексерудің қажеттілігі жоқ; мұндай адамдар ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ақпаратын қорғау жөніндегі жауапкершілік туралы хабардар етілуі тиіс.

13. Персоналдың қауіпсіздігі бұдан әрі осы С-М құжатының "С" Қосымшасында және персонал қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген.

Дене қауіпсіздігі

14. Ақпарат сақталатын, жоғалту немесе жария етуге қарсы қорғауды талап ететін орындарды, үй-жайларды немесе ғимараттарды қорғау жөніндегі дене шараларын қолдану дене қауіпсіздігі болып табылады. Қауіпсіздіктің белсененді және енжар шараларынан құрылған дене қауіпсіздігі бағдарламалары, қорғауды талап ететін ақпараттың құпиялыштық белгісімен және санымен келіслетін дене қауіпсіздігі деңгейін қамтамасыз ету үшін белгіленуі тиіс.

15. Дене қауіпсіздігі бұдан әрі осы С-М құжатының "Д" Қосымшасында және дене қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген.

Ақпарат қауіпсіздігі

16. Қорғау жөніндегі жалпы шараларды және ақпаратты жоғалтудың немесе оны құпиясыздандырудың алдын алу, табу немесе ашу жөніндегі рәсімдерді қолдану ақпарат қауіпсіздігі болып табылады. Тиісті құпиялыштық белгіні қолдану, құпия ақпарат қалай тек белгіленген уақытта құпия болып саналатындығы туралы нақты белгілеу кепілдігіне қол жеткізілуі тиіс.

17. Ақпараттың құпиялыштық белгісі, осы ақпарат рұқсатсыз жария болған жағдайда, НАТО-ның және/немесе НАТО-ға мүше елдердің қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін жайттарды көрсетуі керек. НАТО-ның құпиялыштық белгісі осы С-М құжатының "Е" Қосымшасына сәйкес қойылуы керек. Ақпаратты өзірлеушінің құпиялыштық белгіні белгілеу және өзгерту айрықша құзыреті бар.

18. НАТО-ның құпиялыштық белгілері және оларды белгілеу:

(а) ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS) - рұқсатсыз жария болуы НАТО-ның қауіпсіздігіне өте

- күрделі зиян келтіру мүмкін ;
(b) НАТО ҚҰПИЯ (NS) - рұқсатсыз жария болуы НАТО-ның қауіпсіздігіне күрделі зиян келтіру мүмкін ;
(c) НАТО ҚҰПИЯ (NC) - рұқсатсыз жария болуы НАТО-ның қауіпсіздігіне зиян келтіру мүмкін ;
(d) НАТО ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН (NR)- рұқсатсыз жария болуы НАТО-ның мұдделері мен тиімділігіне зиян келтіру мүмкін.

19. Әзірлеуші ақпаратты құпияландыра отырып, осы ақпарат рұқсатсыз жария болған жағдайда қандай зиян келтіретіндігін назарға алуы тиіс, және мүмкін болғанда, ақпараттың құпия белгісін төмендету немесе құпиясыздандыру уақытын немесе жағдайларын көрсетуі тиіс .

20. НАТО ҚҰПИЯ ЕМЕС белгісі бар ақпарат - НАТО ҚҰПИЯ ЕМЕС белгісі бар құпия емес ақпаратты басқару мен қорғауға арналған саясат пен процедуралар НАТО-ның Ақпараттық ағындарды басқару жөніндегі процедураларында көрсетілген. (N I M P) .

21. Ақпарат қауіпсіздігі бұдан әрі осы С-М құжатының "E" Қосымшасында және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық нұқсаулықтарда көрсетілген.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК (INFOSEC)

22. INFOSEC - қолда бар, сақталатын немесе байланыс құралдары, ақпараттық қызмет көрсету жүйелері және басқа электрондық жүйелер бойынша берілетін ақпараттың, кездейсоқ немесе әдейі, құпиялылығын, тұтастығын немесе рұқсаттылығын жоғалтуға қарсы, және осы жүйелердің тұтастығы немесе рұқсаттылығын жоғалтудың алдын алу үшін белгіленген қорғау жөніндегі қауіпсіздік шаралары. Құпия ақпаратты сақтау, өндеу немесе байланыс құралдары, ақпараттық және басқа да электрондық жүйелер арқылы беру құпиялылығы, тұтастығы мен рұқсаттылығы жөніндегі қауіпсіздік міндеттеріне қол жеткізу, және байланыс, ақпарат жүйелері және басқа да электрондық жүйелер жұмыс істейтін қауіпсіз ортаны құру үшін қауіпсіздік жөніндегі (акпараттың дене, кадрлық қауіпсіздігі және INFOSEC) тәң кешенде шаралар қолданылуы тиіс .

23. INFOSEC бұдан әрі осы С-М құжатының "F" Қосымшасында және INFOSEC басшылық етуді қамтамасыз ету жөніндегі директиваларда және INFOSEC техникалық директиваларында және INFOSEC Қолдану жөніндегі директиваларда көрсетілген.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік

24. Өнеркәсіптік қауіпсіздік дегеніміз өнеркәсіптің келісім-шарттарды орындауы кезінде айналыста болатын құпия ақпаратты жоғалтуы немесе рұқсатсыз жария етуінің алдын алу, табу және қалпына келтіру жөніндегі рәсімдер мен қорғау шараларын қолдану болып табылады. НАТО-ның құпия ақпараты өнеркәсіпке келісім-шарт нәтижесінде жеткізіледі және өнеркәсіппен жасалған құпия келісім-шарттар НАТО-ның қауіпсіздік саясатына және тиісті нұқсаулықтарға сәйкес қорғалуы тиіс.

25. Кәсіпорындар және олардың персоналы, басшы құрамы немесе кәсіпорын иелері құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат алудан бұрын немесе ҚҰПИЯ немесе одан жоғары белгісі бар құпия ақпаратқа рұқсат беруді қажет ететін конкурстарға, келіссөздерге қатысу үшін шақырылуы мүмкін жағдайларда, немесе құпия келісім-шарттарды орындау немесе құпия зерттеулер саласында жұмыс істеуден бұрын, кәсіпорын қабылдаушы елдің ұлттық қауіпсіздік органдары (NSA) (немесе, қажет болғанда тағайындалған ұлттық қауіпсіздік органдары), басқаша айтқанда кәсіпорын орналасқан және бизнесті жүргізу үшін тіркелген ел беретін құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат алуды тиіс.

26. Кәсіпорындар осы С-М құжатында көрсетілген негізгі қағидаттар мен ең аз стандарттарға сәйкес құпия ақпаратты қорғауы тиіс. Ұлттық қауіпсіздік органдары (NSA), оларда өнеркәсіпті өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды орындауға міндеттейтін құралдардың бар болуына және өнеркәсіптің құпия ақпаратты қорғау жөнінде қабылдаған шараларын тексеру мен оларға рұқсат беру жөніндегі құқықтарының бар болуына кепілдік беруі тиіс.

27. Өнеркәсіп қауіпсіздігі бұдан әрі осы С-М құжатының "G" Қосымшасында және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген.

НЕГІЗГІ ТАРМАҚТАР БОЙЫНША АҚПАРАТТЫ ҚОРГАУ

28. Шиеленіс жағдайда немесе әскери уақытта әскери маңыздылығы бар азаматтық объектілер (қорғаныс өнімдерін шығарушылар, энергиямен қамтамасыз ету және т.б.) туралы ақпаратты жариялау әлеуетті дүшпанға маңыздығы деген объектілердің тізімі туралы мәліметті жинауға және астыртын әрекеттерді немесе терроризмді жүргізу үшін осал деген объектілерді анықтауға жол беру арқылы бомбылауға, астыртын әрекет жасауға немесе террорлық шабуыл жасауға көмек көрсету деген сөз. Әлеуетті дүшпанның Негізгі объектілер тізімін құрастыруға кедергі жасайтын, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тиісті ақпаратты жариялымдардан алып тастауға рұқсат беретін және объекті иелері мен басқарушылары арасында қатерлер туралы хабардар болуға ықпал ететін тәртіп стратегиясы әзірленуі тиіс.

ҚАУПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШЛІК

Ұлттық қорғаныс органдарының өкілеттігі (NSA)

29. Эр ел НАТО құпия ақпаратының қауіпсіздігіне жауап беретін ұлттық қауіпсіздік ор ган дары н (N S A) құр уы ти і с .

30. Үлттық қауіпсіздік органдары (NSA) мыналарға жауапты:

(а) НАТО қупия ақпаратының қауіпсіздігін, елде және шетелдердегі мемлекеттік мекемелерде және олардың құрамдас бөліктері болып табылатын әскери және азаматтық мекемелерде сактауға;

(б) НАТО қауіпсіздігінің ағымдағы ережелеріне сәйкес бірдей қабылданған шараларды анықтау үшін, барлық әскери және азаматтық деңгейдегі барлық мемлекеттік үйымларда НАТО күпия акпаратын корғау шаралары жөнінде тиісті

тексерулерді кезең-кезең бойынша жүргізуге кепілдік беруге. Егер ұйымның ОТЕ ҚҰПИЯ белгісі бар (CTS) немесе ATOMAL ядролық қаруына қатысы бар құпия ақпараты болса қауіпсіздікті тексеру кемінде әр 18 айда бір рет жүргізіледі, егер осы кезеңде НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS) осындай тексеруді жүргізген жағдайларды қоспағанда;

(c) қауіпсіздік жөніндегі тексеруді жүргізу шешімі НАТО Қауіпсіздік саясатына сәйкес (NC) белгісі және одан жоғары белгісі бар құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат қажет барлық азаматтарға құрметпен жасалатындығына кепілдік беруге;

(d) НАТО құпия ақпаратына рұқсаты жоқ адамдарға немесе дүшпанның қолына құпия ақпараттың түсін болдырмау мақсатында, төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік жоспарлардың болуына кепілдік беруге; және

(e) өте құпия ақпараттың мемлекеттік негізгі Регистрін құрастыруға (немесе жоюға) рұқсат беруге. НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS) өте құпия ақпараттың мемлекеттік негізгі Регистрін құрастыру (немесе жою) туралы жазбаша ескертілуі тиіс.

Тағайындалған қауіпсіздік органдары (DSA)

31. Әр НАТО-ға мүше мемлекет ұлттық қауіпсіздік органдары үшін жауапты (NSA) бір немесе одан көп тағайындалған қауіпсіздік органын белгілеуі мүмкін. Бұл жағдайда, НАТО-ға мүше елдің тағайындалған қауіпсіздік органдары (DSA) өнеркәсіптің мемлекеттік саясатпен және НАТО-ның өнеркәсіп қауіпсіздігі саясатының барлық мәселелерімен байланысына және нұсқаулар беру мен оларды жүзеге асыруға көмек көрсету үшін жауап береді. Кейбір мемлекеттерде (DSA) функцияларын ұлттық қауіпсіздік органы (NSA) орындайды.

НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитеті (NSC)

32. НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитетін (NSC) Солтүстік Атлант кеңесі (NAC) құрады және ол, өз елдерінде қауіпсіздік мәселелері саласында жұмыс тәжірибесі бар НАТО-ға мүше елдердің өкілдерінен құрылады. НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитеті (NSC) Солтүстік Атлант кеңесіне (NAC) тікелей бағынады. НАТО-ның әскери комитетінің өкілдері (NAMILCOM) НАТО қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі комитеттің (NSC) кездесулеріне қатысуы тиіс. Сондай-ақ, НАТО-ның әскери және азаматтық органдарының өкілдері талқыланатын мәселелерге қатысы болса, оған қатысуы мүмкін.

33. НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитеті (NSC) Солтүстік Атлант кеңесі (NAC) алдында төмендегілер үшін тікелей жауап береді:

(a) НАТО қауіпсіздігі саясатына қатысты мәселелерді сараптау;

(b) НАТО-ға мүше елдерге Солтүстік Атлант кеңесі (NAC), Бас Хатшы, НАТО-ның Әскери комитеті (NAMILCOM), немесе НАТО-ның әскери және азаматтық органдарының басшылары ұсынған қауіпсіздік мәселелерін қарau; және

(c) Солтүстік Атлант кеңесіне (NAC) тиісті ұсынымдарды әзірлеу.

НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS)

34. НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS) НАТО халықаралық штабы шеңберінде құрылды. Басқарма қауіпсіздік саласында, сондай-ақ әскери және азаматтық салаларда жұмыс тәжірибесі бар персоналдан тұрады. НАТО-ға мүше әр елдің ұлттық қауіпсіздік органдарымен және НАТО-ның әскери және азаматтық органдарымен тығыз байланысты болады. Сондай-ақ, басқарма егер қажет болса, НАТО-ға мүше елдерді, НАТО-ның әскери және азаматтық органдарын Басқармаға қосымша персоналды толық жұмыс күніне тарту ақталмаған жағдайда, қысқа мерзімде көмек көрсету үшін қосымша персонал бөлу туралы сұрауы мүмкін. НАТО-ның қауіпсіздік қызметі басқармасының директоры (NOS) НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитетінің (NSC) төрағасы болып табылады.

35. НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS) төмендегілер үшін жауап береді :

(a) НАТО қауіпсіздігіне әсер ететін кез келген мәселелерді сараптау ;

(b) НАТО қауіпсіздігін жақсартуға негіз болатын кез келген сипаттағы құралдарды анықтау ;

(c) НАТО-ға мүше елдер мен НАТО-ның әскери және азаматтық органдары арасында НАТО үшін қауіпсіздік мәселелерін жалпы үйлестіру;

(d) НАТО-ның қауіпсіздік жөніндегі шешімдерді орындаудына, НАТО-ға мүше елдердің және НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының, осы Қосымшада көрсетілген негізгі қағидаттар мен қауіпсіздік стандарттарын олардың қолдануы немесе қауіпсіздік жөніндегі арнайы талаптарды орындауды жөнінде кеңестер сұрауын қоса, кепілдік беру ;

(e) НАТО-ның қауіпсіздік мәселелер жөніндегі комитетін, Бас хатшыны және Әскери комитет төрағасын белгіленген тәртіpte, НАТО шегінде және Солтүстік Атлант кеңесінің (NAC) шешімдерін орындау прогресінде жасалған қауіпсіздік мәселелеріне қатысты тиісті түрде хабардар ету ;

(f) НАТО-ға мүше елдерде, НАТО-ның әскери және азаматтық органдарында, НАТО біріккен қарулы күштерінің Еуропадағы жоғарғы бас қолбасшысының штабында (SHAPE) және НАТО біріккен қарулы күштерінің Атлантикадағы (SACLANT) жоғарғы бас қолбасшысының штабында НАТО-ның құпия ақпаратын қорғау жөніндегі қауіпсіздік жүйелерін оқтын-оқтын инспекциялық тексеруді жүргізу ;

(g) ұлттық қауіпсіздік органымен (NSA) және НАТО-ның әскери және азаматтық органдарымен НАТО құпия ақпаратын жоғалту, жария ету немесе жария ету мүмкін жағдайларында тергеу жүргізуді үйлестіру ;

(h) ұлттық қауіпсіздік органдарын (NSA) қауіпсіздік қаупін бағалау үшін НАТО мүдделеріне қарсы кез келген ақпарат туралы хабардар ету ;

(i) НАТО-ның Брюссельдегі штабтарын қорғау жөніндегі қауіпсіздік шараларын

әзірлеуге және оларды дұрыс орындауға кепілдік беру; және

(j) Солтүстік Атлант кеңесі (NAC) атынан және олардың басшылығымен Бас хатшының басқаруы мен тапсырысы бойынша жоғарыда 5-параграфта көрсетілгендей Келісімдер және қамтамасыз етуші Әкімшілік келісімдер шенберінде, ядролық қару (ATOMAL) туралы ақпаратты қорғау жөнінде НАТО қауіпсіздігі бағдарламаларын қолдануды бақылау жөніндегі міндеттерді орындау.

НАТО-ның әскери комитеті және НАТО-ның әскери органдары

36. НАТО-дағы жоғары әскери басшылық ретінде (NAMILCOM) әскери мәселелерге жалпы басшылық үшін жауап береді. Осылай, НАТО-ның әскери комитеті НАТО-ның әскери құрылымдарындағы барлық қауіпсіздік мәселелері үшін, НАТО құпия ақпаратын беру кезінде пайдаланылатын шифрлік техника мен материалдардың тепе-тендігіне кепілдік беру үшін, "F" Қосымшасында көрсетілген шифрлік аппаратура құралдарының жұмысына қауіпсіздік түрғысынан рұқсат беруді қоса, қажетті орталықтандырылған және жалпы заңды құқық шараларын қоса, жауап береді.

Бұрында келісілген саясатқа және жоғарыда 35-параграфтағы олардың ережелеріне сәйкес НАТО-ның әскери құрылымдары шегінде қауіпсіздік жөніндегі функцияларды орындауды және НАТО әскери комитетінің төрағасын хабардар етеді.

37. НАТО әскери комитетінің басшылығымен (NAMILCOM) бекітілген НАТО әскери органдарының басшылары өз мекемелері шегінде қауіпсіздік мәселелері үшін жауап береді. Оған НАТО қауіпсіздік Саясатына сәйкес қауіпсіздіктің ұйымдық құрылымдары белгіленгендейгіне, қауіпсіздік бағдарламасының әзірленгендейгіне және орындалғандығына, сондай-ақ қауіпсіздік жөніндегі шаралар әр командалық деңгейде кезеңдік тексерістен өтетіндігіне кепілдік беру жөніндегі жауапкершілік жатады. Егер ұйымдар ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS) белгісі бар немесе ядролық қаруға қатысы бар (ATOMAL) ақпаратқа ие болса, қауіпсіздік жөніндегі тексерулер кем дегенде әр 18 айда бір рет жүзеге асырылуы тиіс, егер оны НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS) осы кезеңде тексерген жағдайларды қоспағанда.

НАТО-ның азаматтық органдары

38. НАТО-ның халықаралық штабы және НАТО-ның азаматтық мекемелері Солтүстік Атлант кеңесі (NAC) алдында өз мекемелері шегінде қауіпсіздікті сақтау үшін жауап береді. Оған НАТО қауіпсіздік Саясатына сәйкес қауіпсіздіктің ұйымдық құрылымдары белгіленгендейгіне, қауіпсіздік бағдарламасының әзірленгендейгіне және орындалғандығына, сондай-ақ қауіпсіздік жөніндегі шаралар әр командалық деңгейде кезеңдік тексерістен өтетіндігіне кепілдік беру жөніндегі жауапкершілік жатады. Егер ұйымдар ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS) белгісі бар немесе ядролық қаруға қатысы бар (ATOMAL) ақпаратқа ие болса, қауіпсіздік жөніндегі тексерулер кем дегенде әр 18 айда бір рет жүзеге асырылуы тиіс, егер оны НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS) осы кезеңде тексерген жағдайларды қоспағанда.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК (INFOSEC)

39. (INFOSEC) үшін жауап беретін негізгі ұйымдар (мысалы, НАТО-ның консультациялар, басшылық және басқару жөніндегі Кеңесі (NC3B), Ұлттық байланыс қауіпсіздігі органдары (NCSA) және Ұлттық тарату органдары (NDA)) "F" Қосымшасында көрсетілген.

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҮЙЛЕСТІРУ

40. НАТО-ға мүше елдердің ұлттық қауіпсіздік органдары (NSA) мен НАТО-ның әскери және азаматтық органдары арасындағы үйлестіруді қажет ететін кез келген қауіпсіздік мәселелері НАТО қауіпсіздік қызметінің басқармасына (NOS) қарауға берілуі тиіс. Егер осында мәселелерді қарауға беруді әскери басшылық жүзеге асырса, ол командалық саты бойынша өтуі тиіс. Осында ынтымақтастық барысында туындаған шешілмеген кез келген келіспеушіліктерді НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасы (NOS) НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитетіне қараста

б е р е д і (N S C) .

41. НАТО-ның қауіпсіздік процедурасына өзгерту енгізетін НАТО-ға мүше елдердің және НАТО-ның әскери және азаматтық органдарының кез келген ұсыныстары бірінші сатыда НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасында (NOS) қаралуы тиіс. Әскери басшылықтың кез келген ұсыныстары командалық саты бойынша өтуі тиіс. НАТО-да туындаған НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері тек НАТО қауіпсіздігі Саясатын өзгерту жолымен шешілуі мүмкін болса, ұсыныстар НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитетіне (NSC) қарауға жіберілуі тиіс, және егер қажет болса, НАТО-ның қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитеті (NSC) оны Солтүстік Атлант кеңесіне (NAC) қарауға жібереді.

С - М (2 0 0 2) 4 9

құжатқа

С Қосымша

С ҚОСЫМША

ПЕРСОНАЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

КІРІСПЕ

1. Осы Ереже персонал қауіпсіздігінің саясаты мен ең аз стандарттарын нақты көрсетеді. Толық мәліметтер персонал қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген.

2. НАТО құпия ақпаратына рұқсаты бар, немесе қызмет міндеттері осындағы рұқсат алуға мүмкіндік беретін барлық индивидтердің ниетінің түзулігіне, оларға сенім артуға болатындығына сенімді болу ескертілген стандарттары белгіленуі тиіс. НАТО ҚҰПИЯ және одан жоғары белгісі бар құпия ақпаратқа қызмет міндеттері рұқсат беруді талап ететін барлық азаматтық және әскери адамдар, осындағы ақпаратқа рұқсат алу тиімділігі мәселесінде қанағаттанарлық сенім дәрежесін алу үшін толық негізде тексерілуі тиіс.

3. НАТО ҚҰПИЯ (NC) немесе одан жоғары белгісі бар ақпаратқа рұқсат алған адамдар өз елінің ұлттық қауіпсіздік органы (NSA) немесе басқа да құзыретті орган берген, сондай-ақ қызметтік қажеттілік ұстанымына сәйкес берілген, және ол құпия

ақпаратқа берілген рұқсаттың қолданыс мерзіміне күшінде болатын НАТО құпия ақпаратына тиісті рұқсат санатын алуды тиіс (PSC). Рұқсат санатын беру жөніндегі рәсімдер дәрежесі адамға берілген НАТО құпия ақпаратының санатымен айқындалады. Рұқсат санатын беру жөніндегі рәсімдер НАТО қауіпсіздігі саясатына және тиісті нұсқаулықтарға

сәйкес

жүргізіледі.

4. НАТО ҚҰПИЯ (NC) немесе одан жоғары белгісі бар ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат алған адамдар, сонымен қатар, тиісті рұқсат санатын (PSC) алулары, НАТО қауіпсіздігі процедуралары бойынша нұсқама алулары, өз міндеттері мен қызметтік қажеттілік қағидатын түсінулері керек. НАТО ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН (NR) белгісі бар ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат алған адамдар қауіпсіздік жөніндегі өз міндеттері бойынша нұсқамадан өтулері және қызметтік қажеттілік қағидатын түсінулері керек. НАТО ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН (NR) белгісі бар құпия ақпаратпен жұмыс істеуге, егер ұлттық ережелерде өзге де көзделмесе, рұқсат алудың

қ а ж е т т і л і г і

ж о қ .

5. Құпиялық рұқсат санатын беру (PSC) персонал қауіпсіздігі үрдісіндегі соңғы қадам деп бағаланбауы тиіс, өйткені индивидтің НАТО құпия ақпаратына рұқсат алуды үшін тұрақты тиімділігіне кепілдік беру жөнінде басқа да талаптар болуы мүмкін. Оған қауіпсіздік органдары мен басшылардың үнемі бағалауы арқылы, және оқыту бағдарламасы арқылы және индивидтерге олардың осы саладағы міндеттері туралы және қауіпсіздік мәртебесіне әсер етуі мүмкін ақпарат туралы өз бастықтарына немесе қауіпсіздік жөніндегі персоналға баяндау қажеттілігін еске салатын қауіпсіздік мәселелері саласындағы олардың құзыреттілігі арқылы қол жеткізіледі.

ҚЫЗМЕТТІК ҚАЖЕТТІЛІК ҚАҒИДАТЫН ҚОЛДАНУ

6. НАТО елдеріндегі және НАТО-ның азаматтық және әскери органдарындағы адамдар, тек қызметтік қажеттілік қағидаты негізінде НАТО құпия ақпаратына рұқсат ала алады. Бірде бір индивид тек атағы немесе лауазымы немесе рұқсат санаты бойынша НАТО құпия ақпаратына рұқсат алу құқына ие бола алмайды.

ПЕРСОНАЛҒА ҚҰПИЯ АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ИСТЕУГЕ РҰҚСАТ БЕРУ (PSCs)

М ін д е т т е р і

7. Ұлттық қауіпсіздік органдарының (NSA) немесе құзыретті ұлттық органдардың, НАТО-ға мүше елдердің персоналына және НАТО әскери және азаматтық органдарының басшыларына құпия ақпаратқа рұқсат беру жөніндегі міндеттер персонал қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген.

8. Индивидтер қауіпсіздік ережелеріне сәйкес өз міндеттерін жете түсінулері және қауіпсіздік мүддесінде іс-қимыл жасауы қажет.

Персонал қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық

9. Персонал қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулық мыналарды қамтиды:

(a) тиісті құпиялылық рұқсат санатын (PSC) талап ететін лауазымдарды анықтау жөніндегі талаптар;

(b) индивидке қатысты, оның құпия ақпаратқа рұқсат алуы (PSC) және оны сақтауы мақсатында ниеті түзулігін, сенімділігі мен оған сенім артуға болатындығын бағалау өлшемдері;

(c) НАТО - ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН, НАТО ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ӨТЕ ҚҰПИЯ белгісі бар ақпаратқа рұқсат алу үшін тексеру шараларын жүргізу жөніндегі шаралар;

(d) НАТО-ның азаматтық және әскери қызметкерлері үшін персоналға құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат беруді (PSC) қамтамасыз ету жөніндегі талаптар;

(e) персоналдың құпия ақпаратқа (PSC) рұқсатының қолданысын қайта қалпына келтіру жөніндегі талаптар;

(f) құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсаты бар (PSC) адамға қатысты қолайсыз ақпаратты қарастырылады және

(g) құпиялылыққа рұқсаты бар (PSC) адамдар туралы мәліметтерді сақтау жөніндегі талаптар.

ҚАУПСІЗДІК ЖӨНІНДЕ ХАБАРДАР БОЛУ ЖӘНЕ ИНДИВИДТЕРГЕ НҰСҚАМА ЖҮРГІЗУ

10. НАТО шектелуі пайдалану үшін белгісі бар ақпаратқа рұқсаты бар, немесе НАТО-ҚҰПИЯ немесе одан жоғары белгісі бар ақпаратқа рұқсат санаты бар барлық адамдар, қауіпсіздік процедуралары жөнінде және олардың қауіпсіздік жөніндегі міндеттері бойынша нұсқамадан өтулері тиіс. Рұқсат алған барлық адамдар, өз міндеттерін және ақпаратты әдейі немесе мұқиятсыздығы салдарынан рұқсаты жоқ адамдардың қолына беруден туындастырылған салдарларды толық түсінетіндігін, және занға сәйкес немесе әкімшілік немесе атқарушы өкімдер арқылы жүргізілетін шараларды толық түсінетіндігін раставы қажет. Қол қойылған раставу құжаты НАТО құпия ақпаратына рұқсат беретін НАТО-ға мүше елдердің немесе НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының мәліметтер базасында сақталуы тиіс.

11. НАТО құпия ақпаратымен жұмыс істеуге рұқсат алған, немесе осындай рұқсат қажет барлық адамдар қызметтік қажеттілік қағидатына сәйкес ресми тапсырмалар мен міндеттерді орындауды үшін осындай ақпаратты білу және менгеру қажеттілігі жоқ адамдармен, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысы бар адамдармен абайсызда әнгіме барысында туындастырылған қауіпсіздікке төнуі мүмкін қауіптер, және өздерінің мақсаты НАТО және оған мүше елдер болып табылатын арнайы қызметтерден төнетін қатерлер жайлы оларға оқтын-оқтын еске салынатындығы жайлы түсінулері керек. Индивидтер осы қауіптер жайлы толық нұсқамадан өтулері және өздері құдікті немесе ерекше деп санаған кез келген іс-қимылдар немесе әрекеттер туралы тиісті қауіпсіздік органдарына дереу баяндаулары қажет.

НАТО ҚҰПИЯ АҚПАРАТЫНА РҰҚСАТ БЕРУ

12. Индивид құпиялышыңа тиісті рұқсат санатын алғаннан кейін, қызметтік қажеттілігі анықталған соң және ол НАТО қауіпсіздігі процедуралары бойынша нұскамадан өткен кейін және қауіпсіздік бойынша өз міндеттерін түсінген соң ғана, НАТО құпия ақпаратына рұқсат ала алады.

Ерекше жағдаяттар

13. Алайда, тапсырманы жылдам орындау мақсатында жоғарыда 12-параграфта көрсетілген талаптар орындалмауы мүмкін жағдаяттар туындауы мүмкін. Уақытша тағайындау, бір реттік рұқсат беру, жылдам рұқсат беру және конференциялар мен жиналыстарға қатысуға қатысты жан-жақты мәліметтер персонал қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұскаулықтарда көрсетілген.

НАТО-ФА МҰШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АЗАМАТТАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТАН АДАМДАРҒА РҰҚСАТ БЕРУ

НАТО-ға мұше мемлекеттер қарулы күштерінің біріккен мүшелеріне рұқсат беру

14. НАТО-ға мұше емес мемлекеттердің, НАТО-ға мұше мемлекеттер қарулы күштерінің біріккен мүшелері ретінде жұмыс істейтін азаматтар ӨТЕ ҚҰПИЯ белгісі бар ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат алуы мүмкін. Мұндай жағдайда, ұлттық қауіпсіздік органдына 12 немесе 13-параграфтарда көрсетілген шарттарды сақтау жауапкершілігі жүктеледі.

НАТО жобасын/бағдарламасын, келісім-шартын, операциясын немесе тиісті миссияны қолдауға рұқсат беру

15. НАТО² құрамына кірмейтін мемлекеттердің азаматы болып табылатын адамдар, әр нақты жағдайда мына шарттарды сақтағанда НАТО құпия ақпаратына рұқсат ала алады :

(а) рұқсат НАТО жобасын/бағдарламасын, келісім-шартын, операцияны немесе тиісті миссияны қолдауға қажет болғанда;

(б) индивидке, рұқсат беру рәсімі негізінде, НАТО-ның қауіпсіздік саясатына және қолдаушы нұскаулықтарға сәйкес НАТО-ға мұше мемлекеттердің азаматына қажетті рұқсат санатынан қатаң емес НАТО құпия ақпаратына рұқсат санаты - НАТО-ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН белгісі бар ақпаратпен жұмыс істеуге НАТО құпия ақпаратына рұқсат санаты талап етілмейтіндігі назарға алына отырып беріледі; ж ә н е

(с) ақпаратты берген НАТО-ға мұше мемлекеттің немесе НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының алдын ала жазбаша келісімі болғанда.

16. Талаптардан ерекшелік ретінде 15(с) кіші параграфта көрсетілген ақпарат көзін берушінің бақылауы үшін НАТО-ға мұше мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік органды НАТО-ға мұше емес белгіленген мемлекеттердің НАТО-ға мұше мемлекеттердің үкіметі жұмысқа алған немесе НАТО мемлекеттерінде мердігер ретінде жұмыс істейтін адамдар үшін НАТО құпия ақпаратына рұқсат беруді, жоғарыда 15(а) және 15(б) кіші

параграфтарда аталған өлшемдерге қосымша, персонал қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтың осындай бөлімінде баяндалған өлшемдерді қолданған жағдайда, макұлдауы мүмкін.

² НАТО-ға мүше емес елдердің азаматтарына "Корольдік азаматтары", "Штаттардың азаматтары" және "Канадада қоныс тепкен иммигранттар" кіреді. "Канадада қоныс тепкен иммигранттар" - ұлттық тексеруден өткен, тұрғылықты жерлерін тексеруді қоса, сottалғандығы туралы мәліметтер және қауіпсіздігі тексерілген, және елде тұрақты тұру үшін занды рұқсат алуға ниет білдірген адамдар.

C - M (2 0 0 2) 4 9 құжатқа

D Қосымша

D ҚОСЫМША **ДЕНЕ ҚАУПСІЗДІГІ** **KIPIСPE**

1. Осы Қосымша НАТО құпия ақпаратын қорғау жөніндегі дene қауіпсіздігі саясаты мен шараларының ең аз стандарттарын нақты көрсетеді. Толық мәліметтер дene қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген.

2. НАТО-ға мүше елдер және НАТО-ның әскери және азаматтық органдары осы ең аз стандарттарды қанағаттандыратын дene қауіпсіздігі бағдарламаларын жасауы тиіс. Қауіпсіздік жөніндегі белсенді немесе енжар шаралардан тұратын осындай бағдарламалар, НАТО-ның қорғалатын құпия ақпаратының қауіпсіздігін сыйыптауға сәйкес жалпы қорғау деңгейін қамтамасыз етуі тиіс.

ҚАУПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

3. НАТО-ның құпия ақпараты мен материалдары сақталатын және/немесе айналыста болатын барлық ғимараттар, үй-жайлар, оғистер, бөлмелер мен басқа аудандар дene қауіпсіздігі жөніндегі тиісті шаралармен қорғалуы тиіс. Дене қауіпсіздігі жөніндегі қорғау дәрежесін шешуде, осыған қатысы бар барлық төмендегі шаралар есепке алдында тиіс:

- (a) ақпараттың құпиялышық дәрежесі мен санаты;
- (b) қолда бар ақпараттың саны мен нысаны (баспа мәтін/компьютерде сақталған);
- (c) құпия ақпаратқа рұқсат беру және персоналға құпия ақпаратқа рұқсат беру жөніндегі қызметтік қажеттілік қағидаты;
- (d) өздерінің мақсаты НАТО және/немесе НАТО-ға мүше елдер, астыртын әрекеттер, терроризм, зиянкестік қызметтер мен қылмыстық істер болып табылатын барлау қызметтерінен туындаитын қатерлерді жергілікті жерде бағалау, және
- (e) ақпарат қалай сақталуы тиіс.

4. Дене қауіпсіздігі шаралары мына жолдармен әзірленуі тиіс:

- (a) қауіпсіздікті бұзушының жасырын немесе күштеп енуіне кедергі келтіру;

- (b) саяси сенімсіз адамдардың (іштегі тыңшылардың) іс-қимылдарын тоқтату, кедергі келтіру және анықтау;
- (c) персоналды НАТО құпия ақпаратына рұқсат беру кезінде қызметтік қажеттілік қағидатына сәйкес бөлу, және
- (d) барлық қауіпсіздікті бұзу жайттары бойынша қысқа мерзімде анықтау жұмыстары мен іс-қимылдар жүргізу.

ДЕНЕ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

5. Дене шаралары қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тек бір жағын көрсетеді және нақты шаралары тиісінше "C", "E" және "F" Қосымшаларында көрсетілген персонал қауіпсіздігі, ақпарат қауіпсіздігі және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі шаралардың жариялануымен бірге қолдануы тиіс. Қауіптерге қарсы қауіпсіздікті нақты үйымдастыруға қатерлерге қарсы тұратын және осындай қауіптерден қорғау жөніндегі шаралар жиынтығының осал жерлерін теңестіретін анағұрлым пәрменді және тиімді әдістерді белгілеу енеді. Осындай пәрменділік пен тиімділікке, инфрақұрылымды жоспарлау мен әзірлеу бөлігі ретінде дене қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды белгілеу, осымен, қымбат қайта құрулар қажеттігін азайту арқылы қол жеткізіледі.

6. Дене қауіпсіздігі бағдарламалары "терен қорғаныс" ұстанымдарына негізделуі тиіс, және дене қауіпсіздігі шараларының жергілікті орынға байланыстылығына қарамастан, төмендегі қағидаттар қолданылуы тиіс. Біріншіден, қорғауды талап ететін үй-жайларды анықтау қажет. Одан кейін "терен қорғанысты" қамтамасыз ету үшін көп сатылы қорғау шаралары мен тоқтату факторлары қабылданады. Дене қауіпсіздігінің ең сыртқы шаралары қорғау ауданын белгілеу және рұқсатсыз кіруді тоқтату тиіс. Келесі шаралар деңгейі рұқсатсыз кірулерді немесе кіруге әрекет жасауды анықтауды және күзет күштерін әзірлік жағдайына келтіруді қамтуы тиіс. Шаралардың ең ішкі деңгейі тәртіп бұзушыларды, оларды күзет күшімен қамауға алғанға дейін тоқтату үшін жеткілікті болуы тиіс. Сондықтан, тәртіп бұзушыны ұстау үшін әзірленген күзет күштерінің іс-қимыл жасау уақыты мен дене қауіпсіздігі шаралары арасында өзара байланыс болуы тиіс.

7. Дене қауіпсіздігі жүйелеріне тұрақты қызмет көрсету, оңтайлы сипаттамалары бар жабдықтардың жұмыс істеуіне кепілдік беру үшін қажет. Сондықтан, жеке қауіпсіздік шараларының және жалпы қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін қайта бағалауды оқтын-оқтын жүргізіп отыру қажет. Оған, қарсы іс-қимылдар жоспарын орындауға жаттығу жолымен қол жеткізіледі.

Қауіпсіздік аудандары

8. НАТО ҚҰПИЯ (NC) және одан жоғары құпиялылық белгісі бар ақпарат сақталатын және айналымда болатын аудандар төмендегі бір талаптарға сәйкес үйымдастырылуы және жүйеге келтірілуі тиіс:

(а) **I сыныштағы НАТО қауіпсіздік ауданы:** кез-келген ниетпен ауданға кіруі құпия ақпаратқа рұқсат беретіндей НАТО ҚҰПИЯ (NC) және одан жоғары белгісі бар құпия

ақпарат сақталатын және айналыста болатын аудан. Мұндай аудандар мынаны талап етеді :

(i) барлық кіру және шығу бақыланатын нақты белгіленген және қорғалатын периметрлер ;

(ii) тиісті рұқсаты бар және ауданға кіруге ерекше рұқсаты бар адамдарға ғана рұқсат беруге мүмкіндік беретін кіруді бақылау жүйесі;

(iii) әдетте, ауданда айналымда болатын ақпараттың құпиялышың дәрежесі мен санатының ерекшеліктері ;

(b) **II сыныптағы НАТО қауіпсіздік ауданы:** НАТО ҚҰПИЯ (NC) және одан жоғары белгісі бар құпия ақпарат ішкі бақылау шаралары арқылы рұқсатсыз енуден қорғалуы мүмкін болатында сақталатын және айналыста болатын аудан. Мұндай аудандар мынаны талап етеді :

(i) барлық кіру және шығу бақыланатын нақты белгіленген және қорғалатын периметрлер ;

(ii) тек сенімділікке тексерілген және ауданға кіруге арнайы рұқсаты бар адамдарға, басқа адамның ілесіп жүруінсіз кіруіне мүмкіндік беретін кіруді бақылау жүйесі. Басқа адамдарға рұқсат беру, НАТО құпия ақпаратына рұқсатсыз қол жеткізуіндегі және техникалық қауіпсіздігі тексерілетін ауданға бақылаусыз кірудің алдын алу үшін, олармен ілесіп жүру немесе оған тен бақылау жасаумен жүзеге асырылады.

9. Тәуліктік қызмет өткеру кезінде персонал кірмейтін аудан, жұмыс күні аяқталған соң НАТО құпия ақпаратының тиісті негізде қорғалғандығына кепілдік беру мақсатында дереу тексерілуі тиіс.

Әкімшілік зоналар

10. Әкімшілік зона I және II сыныптағы НАТО қауіпсіздігі аудандары маңында белгіленуі немесе осы аудандарға бағытталуы мүмкін. Осындағы зона, көзбен шолып анықтау периметрінің болуын талап етеді, оның шегінде персонал мен көлік құралдарын бақылау мүмкіндігі болуы керек. Тек НАТО ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН белгісіне дейінгі және осы белгіні қоса, құпия белгісі бар ақпарат (NR) Әкімшілік зоналарда айналыста болуы және сақталуы тиіс.

Ерекше шаралар

11. Төмендегі шаралар дene қауіпсіздігі жөнінде қолданылуы мүмкін мысалға алынатын шараларды белгілеу үшін келтірілді:

(a) периметр тосқауылы (дуалы) - периметр дуалы пәрменді дene тосқауылын қоюға мүмкіндік береді, және қорғауды қажет ететін ауданың шекарасын белгілейді. Кез келген қауіпсіздік периметрінің тиімділігі көбіне кіру орындарындағы қауіпсіздік деңгейіне байланысты болады .

(b) тәртіп бұзушыны табу жүйесі (IDS) - (IDS) тосқауылдар арқылы қауіпсіздік деңгейін күшейту үшін периметр бойынша пайдаланылуы мүмкін немесе күзет орнына немесе күзетке көмек ретінде үй-жайларда және ғимараттарда қолданылуы мүмкін;

(с) кіруді бақылау - кіруді бақылау участкеде, участкедегі немесе аудандағы үй-жайда немесе үй-жайларда, үй-жайлардың ішіндегі бөлмелерде жүзеге асырылуы мүмкін. Бақылау электрондық, электрондық-механикалық, күзетшілер немесе келушілерді қабылдауды жүргізетін адам арқылы немесе денені қарап тексеру арқылы жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н ;

(д) күзет - сенімділікке тексерілген, оқытылған және бақыланылатын күзетшілерді тиісті негізде пайдалану жасырын ену ойы бар адамдарға біршама кедергі келтіруі м ү м к і н ;

(е) жасырын бақылау жүйесі (CCTV) - (CCTV) үлкен участкелерде немесе периметрлерде оқиғаларды және тәртіп бұзушыны табу жүйесінің дабылдарын тексеруде күзетке бағалы көмек көрсетеді; және

(f) қауіпсіздікті жарықтандыру - қауіпсіздікті жарықтандыру тәртіп бұзушының ауданға кіруіне кедергі келтіру жоғары дәрежесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді, және тікелей күзет персоналышың немесе жасырын бақылау жүйесі арқылы тиімді бақылауды жүзеге асыруы үшін қажетті жарықтандыруды қамтамасыз етеді.

Кіру және шығу кезінде қарап тексеру

12. НАТО мекемелері жұмыс орындары мен үй-жайлардан материалдар мен құпия ақпараттарды рұқсатсыз өкелуге немесе алып кетуге кедергі жасау жөніндегі іс-әрекеттер ретінде белгіленген, кіру және шығу орындарында кездейсоқ тексерулерді жүргізуі тиіс.

Кіруді бақылау

13. Штаттық персоналды бақылауға арналған рұқсаттама немесе айырып тану жүйесі I және II сыныптағы қауіпсіздік деңгейіндегі аудандарға кіруді бақылауы тиіс. Келушілерге, олардың жеке басын және кіруге рұқсат уақыты кесімін тексеру негізінде НАТО мекемелеріне кіруге рұқсат етіледі (ілесіп жүру немесе ілеспей).

НАТО ҚҰПИЯ АҚПАРАТЫН САҚТАУ ЕҢ АЗ СТАНДАРТТАРЫ

14. НАТО-ның құпия ақпараты, тек ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуге кедергі келтіру үшін әзірленген жағдайларда сақталуы тиіс.

15. ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS). (CTS) белгісі бар ақпарат мына жағдайларда I және II сыныптағы қауіпсіздік деңгейі бар аудандарда сақталуы тиіс:

(а) тәртіп бұзушыны табу жүйесімен (IDS) жабдықталған сейфте, немесе мемлекет мақұлдаған қауіпсіз контейнерде, үнемі қорғалатын және оқтын-оқтын тексерілетін аудандарда; және

(б) дene қауіпсіздігін қамтамасыз етуші нұсқаулықтарға сәйкес тәртіп бұзушыны табу жүйесімен (IDS) жабдықталған ашық сақтау ауданында.

16. НАТО ҚҰПИЯ (NS). (NS) белгісі бар ақпарат мына жағдайларда I және II сыныптардағы қауіпсіздік деңгейі бар аудандарда сақталуы тиіс:

(а) (CTS) белгісі бар ақпарат үшін белгіленген үлгі бойынша; немесе
(б) мемлекет мақұлдаған қауіпсіз контейнерде немесе сейфте; немесе

(с) тәртіп бұзушыны табу жүйесімен (IDS) жабдықталған ашық сақтау ауданында, немесе тұрақты қорғалатын немесе оқтын-оқтын тексерілетін орындарда.

17. НАТО ҚҰПИЯ (NC). (NC) белгісі бар ақпараттар (CTS) немесе (NS) белгісі бар ақпарат үшін көзделген үлгіде сақталуы тиіс, дene қauіpsіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген қосымша бақылау шаралары қажет болмағанды қоспағанда.

18. НАТО ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН (NR). (NR) белгісі бар ақпарат жабық контейнерлерде сақталуы тиіс.

19. НАТО құпия ақпаратын сақтау жөніндегі кеңейтілген мәліметтер дene қauіpsіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтарда баяндалған.

АҚПАРATTЫ ҰСТАП ҚАЛУ ЖӨNІNДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ IC-ҚИМЫЛДАРҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАУ

Ақпаратты рұқсатсыз алып қою

20. НАТО ҚҰПИЯ (NS) және одан жоғары белгісі бар құпия ақпарат талданатын оғистер мен аудандар, дыбыстық дene қорғау шараларын қабылдау арқылы және осындаи іс-қимылдар жүзеге асырылуы мүмкін орындарға кіруді бақылау арқылы белсенді және енжар рұқсатсыз алып қоюларға қарсы қорғалуы тиіс. Қauіptерді анықтау жөніндегі жауапкершілік техникалық мамандармен келісілуі тиіс және шешімді қauіpsіздік жөніндегі тиісті басшылық қабылдайды.

Техникалық қauіpsіз аудандар

21. Дыбыстық ақпаратты рұқсатсыз алуға қарсы қорғалатын аудандар техникалық қauіpsіз аудандар ретінде белгіленуі тиіс және осындаи аудандарға кіру ерекше бақылануы тиіс. Жұмыс жүргізілмейтін үй-жайлар құлпыларға жабылуы және/немесе дene қauіpsіздігі стандарттарына сәйкес күзетілуі тиіс және кез келген кілттер қорғау жүйелерінің кілті деп қарастырылады. Осындаи аудандар қauіpsіздік жөніндегі тиісті басшылық құжаттардың талаптарына сәйкес үнемі дene және/немесе техникалық тексеру орындары болуы керек, және осындаи тексерулер кез келген рұқсатсыз кіру кезінде немесе осындаи кіру туралы құдік туғанда, және персоналдың үй-жайларға қызмет көрсетуі немесе жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуі үшін кірген кезінде жүргізіледі.

БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН АҚПАРATTЫҢ ДENE ҚAUІPSІZDІГІ (CIS)

22. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып НАТО құпия ақпараты ұсынылатын немесе айналымда болатын, немесе осындаи ақпаратқа рұқсат алу мүмкіндігі бар аудандар құпиялылық, тұтастық және ақпараттың бар-жоқтығы жөніндегі жиынтық талаптарды орындаи отырып ұйымдастырылуы тиіс. НАТО ҚҰПИЯ (NS) және одан жоғары белгісі бар құпия ақпарат сақталатын, өндөлетін немесе берілетін, және осындаи ақпаратқа рұқсат алу әлеуетті мүмкіндігі бар аудандар, I және II сыныптағы қauіpsіздік деңгейі бар аудандар сияқты немесе ұлттық қauіpsіздік деңгейіне тен дәрежеде ұйымдастырылуы тиіс. (NR) белгісі бар құпия ақпарат

сақталатын, өндөлөтін немесе берілетін, және осындағы ақпаратқа рұқсат алу әлеуетті мүмкіндігі бар аудандар, Әкімшілік зоналар сияқты ұйымдастырылуы мүмкін.

РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАБДЫҚТАР

23. Ұлттық қауіпсіздік органы НАТО құпия ақпаратын әр түрлі аталған жағдайлар мен жағдаяттар кезінде қорғау үшін, өзі немесе НАТО-ға мүше елдер пайдалануға рұқсат берген жабдықтардың тізімін құрастыру керек. НАТО-ның әскери және азаматтық органдары кез келген сатып алынатын жабдықтардың НАТО-ға мүше елдің (елдердің) Ережелеріне сәйкес келуіне кепілдік беруі тиіс.

ДЕНЕ ҚАУІПСІЗДІГІНДА БАСҚА ШАРАЛАРЫ

24. Жан-жақты талаптар, мысалы үй-жайларға және құлпыларға, кілттерге және кодтар, контейнерлер мен құлпылардың амал-тәсілдеріне қатысты талаптар, дene қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген.

C - M (2 0 0 2) 4 9

құжатқа

Е ҚОСЫМША

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Kіріспе

1. Осы Ереже НАТО құпия ақпаратын қорғау саясаты мен ең аз стандарттарын көрсетеді. Толық мәліметтер қауіпсіздік жөніндегі тиісті нұсқаулықтарда көрсетілген.

2. НАТО құпия ақпараты өзінің барлық тіршілік циклі кезінде қорғалуы тиіс. Ақпаратпен, оның тиісті құпиялышық белгісіне, құпия ақпарат ретінде нақты теңестірілуіне және оның осындағы ақпарат ретінде тек белгіленген уақытта қолданыста болуына кепілдік бере отырып жұмыс істеу қажет. Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар НАТО құпия ақпаратын қорғау жөніндегі бірқатар теңестірілген шараларды қамтамасыз ету мақсатында персоналмен, дene қауіпсіздігін және ақпарат қауіпсіздігін қорғаумен толықтырылуы тиіс.

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТАҢБАЛАУ БЕЛГІСІ

Жалпы бөлім

3. Ақпаратты әзірлеуші ақпараттың құпиялышық белгісін белгілеу мен алғаш тарату үшін жауап береді. НАТО құпия ақпаратының құпиялышық дәрежесі әзірлеушінің келісімінсіз өзгертиле, төмендетіле немесе жойыла алмайды. Ақпаратты әзірлей отырып әзірлеуші, мүмкін болған жерде, ақпараттың қашан құпиялышық дәрежесі төмендетілуі немесе құпиясыздандыру нақты күнін немесе оқиғаны көрсетуі тиіс.

4. Берілген құпиялышық белгісі ақпаратты сақтау мен берудегі дene қауіпсіздігін, оның айналымын және жойылуын, және персоналды ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат беру кезінде сенімділікке тексеру жөніндегі талаптарды айқындаиды. Осының нәтижесінде қауіпсіздіктің тиімділігі мен пәрменділігі мүддесінде қупия ақпараттың құпия белгісін бірдей жоғарлатуға және төмендетуге жол бермеу керек.

5. НАТО-ға мүше елдер және НАТО-ның азаматтық және әскери органдары НАТО

әзірлеген немесе НАТО-ға арналған ақпараттың тиісті құпиялышық белгісі бар екендігін және олар ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі тиісті талаптарға сәйкес қорғалғандығына кепілдеме беретін шараларды енгізуі тиіс.

6. НАТО-ның әр әскери және азаматтық органы кемінде бес жылда бір рет өзі әзірлеген ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS) белгісі бар ақпаратты оның ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS) белгісін сақтау мақсаттылығын анықтау үшін қарап тексеруді қамтамасыз ететін жүйені белгілеуі тиіс. Мұндай шолу, ақпаратты әзірлеуші ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS) белгісі бар ерекше ақпараттың құпиялышық дәрежесі екі жыл өткен соң автоматты түрде төмендетілуі мүмкін деп белгілеген орындарда міндettі емес, және осындай ақпараттың тиісті таңбасы болады.

7. Құжаттың жалпы құпиялышық дәрежесі, кем дегенде анағұрлым құпия құрамдас бөліктің дәрежесіндегі болуы тиіс. Ақпаратты әзірлеуші НАТО ҚҰПИЯ (NC) және одан жоғары құпия белгісі бар құжаттың бөлімдерін, мүмкін болған жерде, тиісті бөлімдерді бұдан әрі тарату шешімін жеңілдету мақсатында құпияландыруы керек (параграфты қоса). Ақпараттың ілеспе құжаттарына, олар құжаттан бөлек ұсталғанда осы ақпараттың құпиялышық белгісі қойылады.

8. Әр түрлі ақпарат көздерінен алынған ақпаратты салыстыру үшін құжаттың жалпы құпиялышық белгісі тексерілуі тиіс, өйткені оған оның жеке құрамдас бөліктерінен басқа анағұрлым жоғары құпиялышық белгісін қояқ болуы мүмкін. Құрама құжатты дайындау үшін ақпаратты пайдалану кезінде жалпы құпиялышық дәрежесі туралы түсініктемелер еске алынуы тиіс.

Санаттарды таңбалау

9. COSMIC және НАТО белгілері ақпарат НАТО-ның қауіпсіздік саясатына сәйкес қорғалуы тиіс екендігін көрсететін құпия ақпаратқа қолданылатын санаттардың таңбасы болып табылады.

Арнайы санат көрсеткіштері

10. "ATOMAL" белгісі - ақпарат "B" Қосымшаның 5-параграфына сәйкес қорғалуы тиіс екендігін көрсететін арнайы санаттағы ақпаратқа қолданылатын таңба.

11. "SIOP" белгісі - "B" Қосымшаның 5-параграфында көрсетілген сілтемеге сәйкес қорғалуы тиіс екендігін көрсететін арнайы санаттағы ақпаратқа қолданылатын таңба.

12. «"Cripto" белгісі - қауіпсіздікке қатысы бар НАТО ақпаратын беретін байланыс құралдарын қорғау немесе растау үшін пайдалылатын "COMSEC" барлық негізгі материалдарын айқындастын таңба және арнайы санат көрсеткіші; ақпарат криптографиялық қауіпсіздік жөніндегі тиісті нұсқаулықтармен қорғалуы керектігін көрсетеді.

Таратуды шектеу көрсеткіштері

13. Ақпаратты әзірлеуші, НАТО құпия ақпаратын бұдан әрі таратуды шектеу қосымша көрсеткіші ретінде, таратуды шектеу көрсеткіштерін пайдалана алады.

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Есептілік міндеттері

14. Есептіліктің бастапқы міндеті - есепті ақпаратты әдейі немесе кездейсоқ жария етуді тергеуді және осыған байланысты келтірілген зиянды бағалауды жүргізу үшін жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету. Есептілік жөніндегі талаптар есепті ақпаратпен жұмыс істеу кезінде және оған рұқсат беруді бақылау үшін тәртіп ережелерін белгілеуге арналған.

15. Мыналар екінші кезектегі міндеттер болып табылады:

(а) есепті ақпаратқа рұқсат беруді бақылау - есепті ақпаратқа кімнің рұқсаты бар, кімнің рұқсаты болуы мүмкін немесе рұқсаты болғандығын; және кім есепті ақпаратқа рұқсат алуға әрекет жасады;

(б) есепті ақпараттың сақталған орнын білу; және

(с) НАТО елдерінің аумағы шегінде есепті ақпараттың айналыста болуын бақылау.

16. "COSMIC", "NC", "ATOMAL" белгісі бар ақпарат осы Ереженің және ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес есепті, бақыланатын және айналыста болуы тиіс. Ұлттық ережелер мен тәртіптер осыны қажет етсе, басқа құпиялылық белгісі бар немесе арнайы санат көрсеткіші бар ақпарат есепті ақпарат ретінде қарастырылуы мүмкін.

Тіркеу жүйесі

17. Есепті ақпаратты қабылдап алуға, есепке алуға, оның айналымына және жоюға жауап беретін тіркеу жүйесі болуы керек. Мұндай міндеттер (CTS) белгісі бар ақпарат тұрақты қатаң санатталатын бір тіркеу жүйесі шегінде орындалуы керек немесе оған жеке тіркеу немесе бақылау пункттері белгіленуі тиіс.

18. НАТО-га мүше әр ел және НАТО-ның әскери және азаматтық органдары (CTS) белгісі бар ақпарат үшін өкіметтің негізгі ұлттық органды және өкімет органды ретінде іс-қимыл жасайтын ақпаратты алатын және жөнелтетін Орталық кеңсені (кеңселерді) белгілеуі тиіс. Орталық кеңсе басқа есепті ақпарат үшін тіркеу пункті (пункттері) ретінде іс-қимыл жасауы мүмкін.

19. Кеңселер мен тіркеу пункттері ӨТЕ ҚҰПИЯ (CTS) және НАТО ҚҰПИЯ (NS) белгісі бар құпия ақпаратты ішкі таратуды ұйымдастыруға және осы тіркеу пункттерінің бақылауында түрған барлық есепті құжаттар бойынша жазбаларды жүргізуге жаупты ретінде іс-қимыл жасауы тиіс; олар министрліктерде, департаменттерде немесе командалық деңгейде ұйымдастырылуы тиіс. НАТО ҚҰПИЯ (NC) және НАТО ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН (NR) белгісі бар ақпараттарды тіркеу жүйесі арқылы өндөу міндетті емес, ұлттық ережелер мен тәртіптерде көрсетілген жағдайлардан басқа.

20. Кеңселер мен тіркеу пункттері кез келген уақытта НАТО есепті құжатының қай жерден екендігін анықтауға қабілетті болуы тиіс. Осындай ақпаратқа анда-санда және уақытша рұқсат беру ақпарат тіркеу жүйесінің бақылауында болатындығына кепілдік беретін рәсімдер болған жағдайда, міндетті түрде кеңсе мекемелерін немесе тіркеу

пунктерін құруды қажет етпейді.

21. (CTS) белгісі бар құпия ақпаратты тарату COSMIC тіркеу арналары арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Кем дегенде жылына бір рет әр тіркеу пункті (кенсе) есепті (CTS) белгісі бар барлық ақпаратты ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес түгендеуі тиіс. Регистрді ұйымдастыру түріне қарамастан, (CTS) белгісі бар ақпаратпен жұмыс істейтін персоналға өте құпия ақпаратты (COSMIC Control Officer (CCO) бақылау жөніндегі офицер рұқсат береді).

а л а д ы .

22. Ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтар, басқаларға қоса, өте құпия ақпаратты бақылау жөніндегі офицердің (COSMIC Control Officer (CCO) міндеттерін, ӨТЕ ҚҰПИЯ(CTS) және НАТО ҚҰПИЯ (NS) белгісі бар құпия ақпаратпен жұмыс істейу нақты үрдістерін, және оны тіркеу жүйесін, көбейту, аудару және үзіндісін беру рәсімін, ақпаратты тарату немесе беру жөніндегі талаптарды, және ақпаратты алыш тастау мен жою жөніндегі талаптарды белгілейді.

23. НАТО-ның Әскери комитеті құпия материалдарды есепке алу, бақылау және тарату үшін бөлек жүйелерді белгілейді. Осы жүйелер арқылы таратылатын материалдарды тіркеу жүйесінде есепке алудың қажеттілігі жоқ.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНЕ ЖОСПАРЛАУ

24. НАТО-ға мүше елдер және НАТО-ның әскери және азаматтық органдары ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу және жария ету және жоғалтудың алдын алу мақсатында төтенше жағдайлар кезінде, НАТО құпия ақпаратын қорғау және жою жөніндегі төтенше жағдайлардағы іс-қимыл жоспарын дайындауы тиіс.

ҚАУІПСІЗДІКТІ БҰЗУ, ҚҰПИЯ АҚПАРАТҚА РҰҚСАТСЫЗ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ РҰҚСАТСЫЗ ЖАРИЯ ЕТУ

25. НАТО құпия ақпаратын қорғау қауіпсіздік жөніндегі тиісті нұсқаулықтардың негізін құрайтын бекітілген саясатқа, директивалар мен басшылық құжаттарға, және оқыту және төтенше жағдайларда тәртіптік жазалар мен құқықтық шараларды бірге қолдана отырып бақылау жолымен осы нұсқаулықтарды тиімді іске асыруға байланысты.

26. Қауіпсіздікті бұзу барлық жайлары дереу қауіпсіздік жөніндегі тиісті басшылыққа баяндалуы тиіс. Қауіпсіздікті бұзу әр жағдайын қауіпсіздік, тергеу жүргізу, террорға қарсы қызмет саласында тиісті тәжірибесі бар, сондай-ақ тәртіп бұзуға қатысы бар адамнан тәуелсіз адам тексеруі тиіс.

27. НАТО құпия ақпаратына рұқсатсыз қол жеткізу туралы баяндаманың негізгі мақсаты ақпаратты әзірлеген НАТО-ның құрамдас бөлігіне, НАТО-ға келтірілген зиянның нәтижелерін бағалауда және осындағы зиянды азайту жөнінде қандай да болмасын қажетті және практикалық іс-қимылдарды қабылдау үшін көмек көрсету болып табылады. Келтірілген зиянды бағалау және оны азайту жөніндегі іс-қимылдар туралы баянат НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасына берілуі тиіс (NOS).

28. НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасына (NOS) НАТО құпия ақпаратына рұқсатсыз қол жеткізу туралы баяндаманы бергеннен кейін баянат, ұлттық қауіпсіздік органына (NSA) және НАТО-ның әскери және азаматтық органының басшысына, оларға қатысты бөлігінде берілуі тиіс. Мүмкін болған жағдайда, баяндаманы алған басшылық бір мезетте ақпаратты әзірлеген НАТО-ның құрамдас бөлігін және НАТО-ның қауіпсіздік қызметінің басқармасын (NOS) хабардар етуі тиіс, бірақ аталған орындардың соңғысы (NOS) әзірлеушіні анықтау қыын болған жағдайда ғана осыны талап ете алады. Баяннтарды беру уақыты ақпарат сипатына және жағдайтарға байланысты.

29. НАТО-ның Бас хатшысы тиісті өкіметтерден одан әрі тергеу жүргізуді және оның нәтижелері туралы баяндауды талап етуі мүмкін.

30. Қауіпсіздік жөніндегі тиісті нұсқаулықтар тәртіп бұзы және рұқсатсыз қол жеткізу туралы баяндамаларға қатысты жан-жақты іс-қимылдарды, жазбаларды және талаптарды белгілейді.

31. Криптографиялық материалдарға рұқсатсыз қол жеткізуге қатысы бар жеке ережелер НАТО-ның әскери қолбасшылықтарына, байланыс қауіпсіздігі жөніндегі басшылыққа және НАТО-га мүше елдерге және НАТО-ның әскери және азаматтық органдарына беріледі.

НАТО-ФА МҮШЕ ЕМЕС ЕЛДЕРГЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА НАТО ҚҰПИЯ АҚПАРАТЫН БЕРУГЕ РҰҚСАТ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

КІРІСПЕ

32. НАТО міндеттерін орындауға көмектесу мақсатында НАТО-ға сеніп тапсырылған немесе ол әзірлеген құпия ақпарат НАТО-ның қауіпсіздік саясатына, директиваларға және процедураларға сәйкес таратылады және қорғалады. Осы параграф НАТО-ға мүше емес елдерге және халықаралық ұйымдарға, мына елдерді қоса (бұдан әрі ақпаратты алушы - НАТО мүшесі емес) НАТО құпия ақпаратымен жұмыс істеуге рұқсат беру жөніндегі саясатты белгілейді. Параграф сонымен қатар, Солтүстік Атлант кеңесінің (NAC) немесе НАТО-ның кез келген басқа комитеттерінің немесе НАТО-ның әскери және азаматтық органдарының (бұдан әрі НАТО органдары деп аталатын) құжаттарындағы ақпаратқа қатысы бар.

33. НАТО құпия ақпаратын НАТО-ға мүше емес - алушыларға беру Солтүстік Атлант кеңесі бекіткен (NAC) НАТО ынтымақтастығы шенберінде жүзеге асырылады.

34. "ATOMAL" ядролық қаруына қатысы бар ақпарат осы С-М(64)39 және С-М(68) 41 нұсқаларының қатысушылары болып табылмайтын кез келген елге/ұйымға берілмеуі мүмкін.

НАТО-ға мүше емес елдерге және халықаралық ұйымдарға НАТО құпия ақпаратын беруге рұқсат беру қағидаттары

35. Ақпаратты беруге рұқсат беру үнемі ақпаратты өзірлеушінің келісімін талап етеді. Оған қоса, және мынадай талаптар сақталуы тиіс:

(а) Солтүстік Атлант кеңесі (NAC) бекіткен НАТО-ның ынтымақтастық жөніндегі шаралары шеңберінде таратылатын құпия ақпарат үшін:

(i) талқыланатын тақырып жалпы жұмыс жоспарының шараларына немесе ынтымақтастық жөнінде белгіленген нақты шараларға енгізілуі тиіс;

(ii) НАТО құпия ақпаратын беру ерекше тақырып бойынша ынтымақтастықтың басталуына немесе белгіленген шеңберде ынтымақтастықты жалғастыру мен одан әрі дамыту үшін қажетті болуы тиіс; және

(iii) НАТО атынан Бас хатшы және НАТО-ға мүше емес елдің-ақпаратты алушының өкілетті өкілі қол қоятын Қауіпсіздік жөніндегі келісім жасалуы тиіс;

(б) Солтүстік Атлант кеңесі (NAC) бекіткен НАТО-ның ынтымақтастық жөніндегі шаралары шеңберінде емес НАТО немесе НАТО-ға мүше елдің немесе НАТО органдарының (Бастамашы) тарапынан түскен ерекше сұраным бойынша берілетін НАТО құпия ақпараты үшін:

(i) Бастамашы НАТО-ға мүше емес ақпаратты алушының алған ақпаратты НАТО жөніндегі ең аз стандарттарға сәйкес қорғайтындығы жөнінде жазбаша кепілдемесін НАТО-ға беруіне жауап береді.

(ii) Бастамашы қол қойылған осы кепілдемені ақпаратты хабарлау үшін сұраныспен бірге тиісті комитеттерге беруі тиіс; және

(iii) сұраныс НАТО-ның осыған байланысты алуы мүмкін артықшылықтарын көрсетуі тиіс.

36. Жоғарыдағы 35(а)-параграфқа сәйкес жасалған рұқсаттарды беру нақты белгіленген ақпаратқа, немесе жалпы санаттағы ақпаратқа қатысты болуы мүмкін. Жоғарыдағы 35(б)-параграфқа сәйкес жасалған рұқсаттарды беру, тек нақты белгіленген ақпаратқа қатысты болуы мүмкін.

Қауіпсіздік жөніндегі басшылық

37. Солтүстік Атлант кеңесі (NAC) НАТО-ға мүше емес алушыларға НАТО құпия ақпаратын хабарлауға рұқсат беретін жоғары өкімет болып табылады. Мұндай өкілдегітер ақпаратты өзірлеушінің макулдау ұстанымдарын сақтауы тиіс және мына жолдармен беріледі:

(а) ҚҰПИЯ және одан жоғары белгісі бар құпия ақпарат үшін тиісті комитеттерге;

(б) НАТО-ның Әскери комитеті (NAMILCOM) және оған бағынысты органдар өзірлеген ҚҰПИЯ және одан жоғары белгісі бар құпия ақпарат үшін НАТО-ның Әскери комитетіне (NAMILCOM)

(с) НАТО-ның өндірістік және тылдық қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдарының (NPLO) бір немесе одан көп мүше елі өзірлеген немесе оған тиесілі НАТО құпия ақпараты үшін НАТО-ның өндірістік және тылдық қамтамасыз ету жөніндегі ұйымына (NPLO).

38. Ақпаратты беру өкілеттігі өкілі ақпаратты әзірлеген комитетке ғана беріледі. Егер әзірлеушісі белгіленбесе, тиісті комитет өзі әзірлеуші міндетін алуды тиіс. Ақпаратты беру өкілеттігі құпия ақпараттың маңыздылығын бағалауға қолайлы деп саналатын комитеттің ең төменгі деңгейіне берілуі мүмкін.

39. Ақпаратты беру жөніндегі өкілеттігі бар адамдар өзіне бағынысты органдарға ақпаратты беру жөніндегі шешімдерді орындауды жүктей алатындығына қарамастан, өз кезегінде, оларға осындай құқықты бере алмайды.

Қауіпсіздік жөніндегі келісімді орындау жөніндегі әкімшілік шаралар

40. Әкімшілік шараларды аяқтау НАТО-ға мүше емес ақпарат алушының тиісті ведомстволарының Қауіпсіздік жөніндегі басқармасы жүргізетін құпиялышық режимін тексеру нәтижесімен расталуы тиіс. Құпиялышық режимін тексеру НАТО-ға мүше емес ақпарат алушының Қауіпсіздік және ең аз стандарттар жөніндегі келісімнің талаптарына сәйкес келу қабілеттілігін белгілеуі тиіс.

41. Қауіпсіздік жөніндегі басқарма құпиялышық режимін тексеру жөнінде есепті жасауы және НАТО-ға мүше емес ақпарат алушыға Қауіпсіздік жөніндегі басшылық құжаттың көшірмесін беруі тиіс. Баяннattyң түпнұсқасы Қауіпсіздік жөніндегі басқармада сақталуы және НАТО-ға мүше елдердің пайдалануы үшін рұқсатты болуы тиіс. Қауіпсіздік жөніндегі басқарма НАТО-ға мүше емес ақпарат алушының НАТО құпия ақпаратын қорғау қабілеттілігіне қатысты баянат негізінде жасалған қорытындыны НАТО-ның тиісті органдарына және НАТО-ға мүше елдерге хабарлауы тиіс.

42. Ақпарат қауіпсіздігі жөніндегі тиісті нұсқаулықтар басқаларды қоса, мыналарды қамтиды:

(а) НАТО-ға мүше емес ақпарат алушыға НАТО құпия ақпаратын беру жөніндегі ресімдер;

(б) НАТО-ның өндірістік және тылдық қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдары (NPLO), халықаралық ұйымдар және көп ұлтты біріккен жедел-тактикалық топтар (CJTF) үшін ерекше тарату ресімдері;

(с) НАТО-ға мүше емес ақпарат алушыға берілген НАТО құпия ақпаратының айналымы және оны қорғау үшін талап етілетін ең аз стандарттар. НАТО-мен қауіпсіздік туралы Келісімді жасамағанына немесе НАТО-ға қауіпсіздік жөнінде кепілдеме бермегеніне қарамастан, кез келген НАТО-ға мүше емес ақпарат алушыға қолданылатын ең аз стандарттар;

(д) барлық НАТО-ға мүше емес ақпарат алушылар орындауы тиіс нақты әкімшілік шаралар; және

(е) қауіпсіздік кепілдемесінің, НАТО құпия ақпараттарымен жұмыс істеуге рұқсат беру үшін жеке құрамның сенімділігі туралы сертификаттың үлгілері және құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсат туралы сертификат.

F Қосымша

F ҚОСЫМША

АҚПАРATTЫҚ ҚAUПСІЗДІК КІРІСПЕ

1. Осы Ереже НАТО құпия ақпаратын қорғау саясаты мен ең аз стандарттарын және байланыста, ақпаратта және басқа да электрондық жүйелерде (бұдан әрі осы Қосымшада жүйелер деп аталатын) НАТО құпия ақпаратын сақтаудағы, өндеге мен берудегі қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстарды (бұдан әрі осы Қосымшада өндеге деп аталатын) нақты көрсетеді.

2. Осы саясатты қолдау ретінде Ұлттық қauіpsіздіk кеңесі мен НАТО-ның консультациялар, қолбасшылық және басқару жөніндегі кеңесі (NC3B) жариялаған "Ақпараттық қauіpsіздіktің бас нұсқаулығы" ақпараттық қauіpsіздіk қызметін тіршілік циклі мен НАТО-ның азаматтық және әскери органдары мен комитеттерінің ақпараттық қauіpsіздіk жөніндегі міндеттері жүйесінде қарастырады. "Ақпараттық қauіpsіздіk қызметінің бас нұсқаулығы" ақпараттық қauіpsіздіktі басқару жөніндегі нұсқаулықтармен (қauіpsіздіk қатерлерін басқару, қauіpsіздіk аттестатын, қauіpsіздіkке және қauіpsіздіktі шолуға/тексеруге қатысты құжаттаманы қоса), техникалық аспектілермен және ақпараттық қauіpsіздіktі іске асыру аспектілері мен (компьютерлік және оқшау жүйе қauіpsіздіgіn, жүйе қauіpsіздіgіnің өзара байланысын, криптографиялық қорғау, байланыстың жасырындылығы мен мәліметтерді беру құпиялышының қоса) қатар қолданылады.

Қauіpsіздіk міндеттері

3. Жүйелерде өндепетін НАТО құпия ақпаратының қauіpsіздіgіn бірдей қорғауга қол жеткізу үшін, жүйе жұмыс істейтін қauіpsіz ортаны құру және төмендегі қauіpsіздіk міндеттерін орындау үшін бірқатар тенденстірлген қauіpsіздіk шараларын (дене, кадрлық, ақпараттық және ақпараттық қauіpsіздіk шараларын) белгілеу және іске асыру қ а ж е т :

(a) НАТО құпия ақпаратына және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстарға рұқсат беру мен оның жария болуын бақылау жолымен ақпараттың құпиялышының қамтамасызын ету үшін;

(b) НАТО құпия ақпаратының және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың тұтастырының қамтамасызын ету үшін; және

(c) НАТО құпия ақпаратының және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың рұқсаттылышының қамтамасызын ету үшін.

4. НАТО құпия ақпаратының және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың тұтастыры мен рұқсаттылышы, барлық жүйелер мен қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстарға әсер ететін, әдетте кездесетін (кездейсоқ және әдейі) мәселелерге қарсы жалпы қорғауды қамтамасызын етуге бағытталған ең аз шаралармен

қорғалуы тиіс. Қауіптерді бағалау нәтижесінде, НАТО құпия ақпаратының және/немесе қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың, ерекше қатерлер мен осалдық әсерінен туындаған жоғары қауіпке ұшырауы анықталған тиісті жағдайларда, қосымша шаралар қабылдануы тиіс.

Қауіпсіздік аттестаты

5. НАТО құпия ақпаратын және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстарды қорғау үшін қауіпсіздік міндеттерін іске асыру және ақпараттық қауіпсіздік шараларының сенімділік дәрежесі қауіпсіздік талаптарын белгілеу үрдісі барысында анықталады. Қауіпсіздікті аттестациялау үрдісі қорғаудың бірегей дәрежесіне қол жеткізілгендейдін және сақталғандығын белгілеуі тиіс.

6. НАТО құпия ақпаратын өндайтін барлық жүйелер қауіпсіздіктің құпиялыштырылғаны, тұтастырылғаны мен рұқсаттырылғаны жөніндегі міндеттерді қарастырумен қауіпсіздікті аттестациялау үрдісінен өтуі тиіс.

Персонал қауіпсіздігі

7. НАТО құпия ақпаратына кез келген нысандағы рұқсаты бар адамдар, ақпарат пен қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың құпиялыштырылғаны, тұтастырылғаны мен рұқсаттырылғаны сақтау жөніндегі өздерінің жалпы міндеттерін назарға ала отырып, тиісті деңгейде қауіпсіздікті тексеруден өтулері тиіс. Бұл санатқа, сонымен қатар, қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстарға рұқсат алған адамдар, немесе жүйеде өндөлетін ақпаратқа рұқсаты болмаса да, оларды қорғау үшін жауап беретін адамдар кіреді.

Дене қауіпсіздігі

8. Ақпараттық технологияны пайдалана отырып НАТО құпия ақпараты ұсынылған немесе өндөлетін салалар немесе осындай ақпаратқа әлеуетті рұқсаты болуы мүмкін жерлер құпиялыштырылған, тұтастырылған рұқсаттырылған жөніндегі негізгі талаптар сақталатында болып күрүлуы тиіс.

Компьютерлік ақпарат тасушылардың қауіпсіздігі

9. Барлық құпия компьютерлік ақпарат тасушылар тиісті түрде теңестірілуі, ақпаратты сақтау ең жоғары сыныптырылғына сәйкес сақталуы және қорғалуы тиіс.

10. Бірнеше рет пайдалынатын компьютерлік тасушыларда жазылған НАТО құпия ақпараты, қауіпсіздік органы макұлдаған рәсімдерге сәйкес қана өшірілуі тиіс.

Жауапкершілік

11. Ақпарат құпиялыштырылған әдейі немесе кездейсоқ жария етуді тергеу үшін және НАТО құпия ақпаратының және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың тұтастырылғаны мен немесе рұқсаттырылғаны әдейі немесе кездейсоқ жария етуге байланысты келтірілген мүмкін болар зиянға сәйкес, қажетті ақпарат мөлшерін қамтамасыз ету құралдарының болуы қажет.

Қауіпсіздік шаралары

12. НАТО құпия ақпаратын өндейтін барлық жүйелер үшін қауіпсіздік және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстарды қорғау міндеттеріне сәйкес келу мақсатында бірқатар қауіпсіздік шараларын жүйелі қолдану қажет. Қауіпсіздік шаралары

м ы н а л а р д ы

қ а м т и д ы :

(а) құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рұқсаты бар адамдардың жеке басын сенімді және нақты анықтау. Жүйеге рұқсат беруді бақылайтын ақпарат пен материал рұқсат берілуі мүмкін тиісті ақпаратқа сәйкес келетін шаралармен тексерілуі және қорғалуы тиіс;

(б) қызметтік қажеттілік ұстанымы негізінде ақпаратқа және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстарға рұқсат беру мен жария етуге бақылау жасау тәсілі;

(с) ақпарат көздерін және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың тұтастығын

т е к с е р у

т ә с і л і ;

(d) НАТО құпия ақпаратының және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың тұтастығын қолдау жүйелері;

(e) НАТО құпия ақпаратының және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың рұқсаттылығын қолдау жүйелері;

(f) НАТО құпия ақпаратын өндейтін байланыс жүйелерін бақылау тәсілі;

(g) ақпараттық қауіпсіздіктің қорғау механизмдеріне сенімділікті анықтау;

(h) жүйенің тіршілік циклі бойында ақпараттық қауіпсіздік қорғау механизмдерінің дұрыс жұмыс істеуін тексеру және бағалау, және

(i) жүйенің және пайдаланушының қызметін тергеу тәсілі.

13. Қауіпсіздікті басқару механизмдері мен рәсімдері НАТО құпия ақпаратының және қолдаушы жүйелік қызмет көрсетулер мен ресурстардың құпиялышына, тұтастығы мен рұқсаттылығына әсер ететін оқигаларды тоқтату, алдын алу, табу және олардың салдарынан кейін қайта қалпына келтіру үшін, қауіпсіздік саласындағы оқигалар туралы баяндаманы қоса, қабылдануы тиіс.

14. Қауіпсіздік шаралары осы саясатты қолдайтын нұсқаулықтарға сәйкес реттеледі және іске асырылады.

Қауіпсіздік саласында қауіптерді басқару

15. НАТО-ның азаматтық және әскери органдарында құпия ақпаратты өндейтін жүйелер, осы саясатты қолдайтын нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес қауіптерді бағалау мен оларды басқару арқылы тексерілуі тиіс.

НАТО құпия ақпаратын электромагниттік беру

16. НАТО-ның құпия ақпараты электромагниттік жолмен берілген кезде, осындағы ақпараттың құпиялышын, тұтастығы мен рұқсаттылығын қорғау үшін арнайы шаралар қабылдау қажет. НАТО органдары ақпаратты табудан, ұстап қалудан немесе пайдаланудан қорғау жөніндегі талаптарды белгілеуі тиіс. Байланыс жүйелерінде берілетін ақпарат құпиялышы, тұтастық және рұқсаттылық туралы талаптар негізінде

к о р ғ а л у ы

тиіс.

17. Құпиялыштық, тұтастық пен рұқсаттылықты қорғауды қамтамасыз ету үшін криптографиялық тәсілдер қажет болғанда, осындай тәсілдер мен ілеспе өнімдер осы мақсат үшін арнары макұлдануы тиіс.

18. Ақпаратты беру кезінде НАТО ҚҰПИЯ (NS) және одан жоғары белгісі бар ақпараттың құпиялыштық НАТО-ның әскери комитеті (NAMILCOM) макұлдаған криптографиялық тәсілдермен немесе өнімдермен қорғала отырып қамтамасыз етілуі тиіс.

19. Ақпаратты беру кезінде НАТО-құпия немесе НАТО шектеулі пайдалану үшін құпиялыштық белгісі бар ақпараттың құпиялыштық НАТО-ның әскери комитеті немесе НАТО-ға мүше мемлекет макұлдаған криптографиялық тәсілдермен немесе өнімдер мен қорғалуы тиіс, тәсілді немесе өнімді НАТО қаржыландырыған және НАТО-ның әскери комитеті (NAMILCOM) макұлдаған жағдайды қоспағанда.

20. Ақпаратты беру кезінде құпия ақпараттың тұтастығы мен рұқсаттылығы байланыс жүйелерінің жедел талаптарына сәйкес куәланырылады. Бағалау талаптары мен макұлдау органы техникалық нұсқаулыштарда көрсетілгендей, жедел талаптарда осындай механизмдердің ерекшеліктеріне сәйкес белгіленуі және келісілуі тиіс.

21. Ерекше жедел жағдайларда НАТО-құпия (жабық) немесе НАТО шектеулі пайдалану және НАТО ҚҰПИЯ белгісі бар ақпарат, әр осындай жағдай рұқсат етілгенде, ашық мәтінмен берілуі мүмкін. Мыналар ерекше жағдайлар болып табылады :

(а) төніп келе жатқан немесе нақты дағдарыс кезіндегі, қақтығыс немесе соғыс жағдайы кезінде жағдайы ; және

(б) жеткізу жылдамдығының маңызы зор болғанда немесе шифрлеу құралдарына қол жетпегендегі, және берілетін ақпарат уақтылы пайдаланыла алмайды және операцияға қолайсыз әсер етеді деп белгіленгенде.

22. НАТО-ға/Халықаралық ұйымдарға мүше емес мемлекеттер жүйесі шегінде ақпаратты беру кезінде НАТО ҚҰПИЯ және одан жоғары белгісі бар ақпараттың құпиялыштық НАТО-ның әскери комитеті макұлдаған криптографиялық тәсілдермен немесе өнімдермен қорғалуы тиіс. НАТО-ға/Халықаралық ұйымдарға мүше емес мемлекеттер жүйесі шегінде ақпаратты беру кезінде НАТО құпия немесе НАТО шектеулі пайдалану үшін белгісі бар ақпараттың құпиялыштық тиісті органдар бағалайтын және макұлдайтын криптографиялық тәсілдермен немесе өнімдермен қорғалуы тиіс. НАТО-ның әскери комитеті, НАТО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық байланыс қауіпсіздігі органы немесе НАТО-ға/Халықаралық ұйымдарға мүше емес мемлекеттердің осындай органдары, соңғы аталған құрылымдардың осындай тәсілдер мен өнімдерді бағалау, іріктеу, макұлдау және бақылау жөніндегі ережелері мен рәсімдері болған жағдайда, тиісті орган болып табылады. Құрылымдар, ережелер мен рәсімдер НАТО және НАТО-ға/Халықаралық ұйымдарға мүше емес мемлекеттер арасында келісілуі тиіс.

Криптографиялық өнімдердің, механизмдер мен ақпараттың қауіпсіздігі

23. НАТО құпия ақпаратының құпиялылығын, тұтастыры мен рұқсаттылығын қорғау үшін қолданылатын криптографиялық өнімдердің, механизмдер мен ақпараттың сезімталдығы, өзге де НАТО құпия ақпаратын қорғауға арналған қажетті шаралардан басқа, ерекше сақтық шараларын қолдануды талап етеді.

24. Криптографикалық өнімдерді, механизмдер мен ақпаратты қорғау, қорғау сәтсіздікке ұшыраған жағдайда, келтірілген зиянға сәйкес келуі тиіс. Криптографиялық өнімдер мен механизмдерді бағалау, қорғау мен оның дұрыс жұмыс істеуін тексеру, сондай-ақ криптографиялық ақпаратты қорғау мен бақылау нақты тәсілдері қажет.

25. Криптографиялық ақпараттың ерекше сезімталдығын тану ретінде арнайы бекітілген адамдар үшін НАТО-ның криптографиялық ақпаратын алуды, бақылауды және таратуды басқару үшін арнайы ережелер мен НАТО және әр мүшес мемлекет

шегінде орғандар қажет.

26. Сондай-ақ, техникалық ақпаратпен алмасуды, криптографиялық өнімдер мен механизмдерді іріктеуді, өндіру мен сатып алуды реттейтін арнайы рәсімдерді қолдану қажет.

Мәліметтерді беру құпиялылығы

27. Қауіпсіздік шаралары байқаусыз электромагниттік таратулар нәтижесінде туындаған НАТО-құпия және жоғары белгісі бар ақпараттың жария болуын қорғау үшін іске асырылуы тиіс. Шаралар пайдалану қаупіне және ақпарат сезімталдығына сәйкес келуі тиіс.

Ақпараттың қауіпсіздіктің ерекше міндеттері

НАТО-ның консультациялар, қолбасшылық және басқару жөніндегі басшылығы

28. Саяси стратегия жөніндегі бас комитет ретінде НАТО-ның консультациялар, қолбасшылық және басқару жөніндегі басшылығы (С3) С3 жедел талаптарын тексеру жолымен С3 әлеуеті мен жобаларын ратициациялау үрдісінде НАТО-ның әскери комитетін және НАТО-ның саяси өкіметтің қолдайды. НАТО-ның консультациялар, қолбасшылық және басқару жөніндегі басшылығы НАТО-да қауіпсіз және үйлестірілген С3 жүйесін қамтамасыз етуге жауап береді.

Ұлттық байланыс қауіпсіздігі органы (NCSA)

29. НАТО-ның әр елі NCSA белгілеуі тиіс. Мыналар NCSA негізгі міндеттері болып табылады :

(а) олардың елдері шегінде НАТО ақпаратын қорғауға байланысты криптографиялық техникалық ақпаратты бақылау;

б) НАТО ақпаратын қорғау жөніндегі криптографиялық жүйелер, өнімдер мен механизмдер тиімді және онтайлы іріктелгендігіне, жұмыс істейтіндігіне және қызмет көрсетілетіндігіне кепілдік беру; және

(с) НАТО-ның тиісті ұлттық органдарымен, және азаматтық және әскери органдарымен НАТО-ның байланыс қауіпсіздігі мәселелері және осыған қатысты ақпараттық қауіпсіздіктің техникалық мәселелері бойынша байланысты үзбеу.

Ұлттық тарату органды (NDA)

30. Әр ел өз елінің шегінде НАТО-ның криптографиялық құралдарын басқаруға жауап беретін, сондай-ақ жан-жақты есепке алу үшін белгіленген тиісті рәсімдер мен арналардың барлық криптоқұралдарды өндөуді, сақтау мен таратуды қорғауды қамтамасыз ететін ҰТО-ның белгілеуі тиіс.

C - M (2 0 0 2) 4 9

құжатқа

G Қосымша

G ҚОСЫМША

ӨНЕРКЕСІП ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰПИЯ АҚПАРATTЫҢ ТАРАП КЕТПЕУІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРСЫ ШАРАЛАР

KIPIСPE

1. Осы Қосымша өнеркесіпте НАТО келіссөздері мен құпия келісім-шарттарын жасау мен олардың өнеркесіпте орындалуына ғана арналған, НАТО құпия ақпаратын келісім-шарт жасау алдында келіссөздер кезінде жария етуді қоса, өнеркесіптік операциялардың қауіпсіздік аспектілерін қарастырады. Осы Қосымша төмендегілер үшін қауіпсіздік саясатын құрайды:

- (a) НАТО келіссөздері мен құпия келісім-шарттарын жасау;
 - (b) НАТО құпия келісім-шарттарына қойылатын қауіпсіздік талаптары;
 - (c) келісім-шарттарды жасау кезінде НАТО құпия ақпаратын жария ету;
 - (d) НАТО келісім-шарттары үшін құпия ақпаратқа рұқсат беру;
 - (e) НАТО құпия ақпаратын халықаралық тасымалдау;
 - (f) халықаралық іссапарлар; және
- (g) НАТО жобасы/бағдарламасы шенберіндегі уақытша персонал.

2. Осы Қосымша толық талаптары мен рәсімдері бар өнеркесіптік қауіпсіздік нұсқаулығымен қатар қолданылады. Нұсқаулыққа НАТО келіссөздері мен келісім-шарттарын жасау жөніндегі талаптар, НАТО құпия келісім-шарттары үшін қауіпсіздік талаптары, объектіде және персонал үшін құпия ақпаратқа рұқсат беру жөніндегі ұлттық органдар, халықаралық тасымалдар мен іссапарлар органдары, НАТО құпия келісім-шарттарына тартылған әртүрлі ұйымдардың тізімі мен олардың міндеттері, сондай-ақ НАТО бағдарламаларының/жобаларының, НАТО-ға қатысушы елдер мен агенттіктерінің тізімі енеді.

НАТО КЕЛІССӨЗДЕРІ МЕН ҚҰПИЯ КЕЛІСІМ-ШАРТТАРЫН ЖАСАУ

3. НАТО бағдарламасының/жобасының негізгі келісім-шарты НАТО бағдарламасымен/жобалық агенттігімен/офисімен (NPA/NPO) келіслуі және жасалуы тиіс. Келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін барлық мердігерлер үшін НАТО құпия және одан жоғары белгісі бар құпия ақпаратқа рұқсат талап етіледі. НАТО-шектеулі

пайдалану үшін белгісі бар келісім-шарттар үшін рұқсат, егер ұлттық тәртіптермен және қауіпсіздік ережелермен өзге де көзделмесе, талап етілмейді.

4. Келісім-шарт жасаушы NPA/NPO НАТО құпия және одан жоғары белгісі бар келісім-шарт бойынша келіссөздерге қатысуши мердігерлер өкілдерінің тиісті рұқсат санатының барлығына, және тек келісім-шарт жасау үшін қажетті НАТО құпия ақпаратына рұқсат алатындығына кепілдік береді.

5. Негізгі шарт жасалған соң, негізгі мердігер басқа да мердігерлермен, яғни субмердігерлермен субмердігерлікті жасай алады. Субмердігерлер сонымен қатар, басқа да субмердігерлермен субмердігерлікті жасай алады. Егер әлеуетті субмердігер НАТО-ға мүше емес мемлекетте орналасқан болса және сол жерде жұмыс істейтін болса, субмердігерлікті жасауға рұқсатты NPA/NPO алады (Е Қосымшаны, 29-33-параграфтарды қараңыз). Егер NPA/NPO бағдарламаға/жобаға қатыспайтын НАТО мемлекеттері үшін келісім-шартты жасауға шектеу қойса, онда NPA/NPO осы елдердің мердігерлерімен келісім-шартты талқылағанға дейін рұқсат беруі тиіс.

6. Негізгі келісім-шарт жасалғаннан кейін NPA/NPO негізгі мердігердің ұлттық қауіпсіздік органына/белгіленген қауіпсіздік органдарына (NSA/DSA) жазбаша хабарлама жіберу керек, және қауіпсіздік аспекті жөніндегі хат және/немесе жоба қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық негізгі мердігерге келісім-шартпен бірге берілгендей қарастырылады. Егер қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық жоба қауіпсіздіктері үшін келісім-шартты жасауға шектеу қойса, онда NPA/NPO осы елдердің мердігерлерімен келісім-шартты талқылағанға дейін рұқсат беруі тиіс.

НАТО-НЫҢ ҚҰПИЯ КЕЛІСІМ-ШАРТТАРЫ ҮШІН ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

7. Бас мердігер мен субмердігерлер келісім-шарт бойынша оны бұзу қаупі алдында, мердігерге сеніп тапсырылған, немесе мердігер әзірлеген баптарға енгізілген НАТО-ның барлық құпия ақпаратының қорғалуы мен сақталуы үшін NSA/DSA ұйғарған барлық шараларды қабылдауды тиіс.

8. Бас бағдарламаларға/жобаларға арналған НАТО құпия келісім-шарттарының қосымша ретінде қауіпсіздік бағдарламалары жөніндегі нұсқаулықтары болуы тиіс; "Жоба қауіпсіздігін сыныптау жөніндегі басшылық" бағдарламалар қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтың бір бөлігі болуы тиіс. Барлық басқа НАТО құпия келісім-шарттары кем дегенде, қысқартылған түрдегі бағдарламалар қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық болып табылатын қауіпсіздік аспекті жөніндегі хатты қамтиды. Соңғы жағдайда Жоба қауіпсіздігін сыныптау жөніндегі басшылықты "Қауіпсіздікті сыныптау тізбесі" деп атауға болады.

Бағдарлама қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар немесе қауіпсіздік аспекті жөніндегі хат бағдарлама/жоба көлеміне қарай бағдарлама/жоба үшін жалғыз құжат-ақпарат көзі болуы тиіс және НАТО-ға қатысуши елдер мен оның органдары және олардың мердігерлері арасында бағдарлама/жоба қауіпсіздігі рәсімдерін стандарттау мақсатында пайдаланылуы тиіс.

9. Барлық элементтері нақты белгіленген және олардың сыныптылығы алдын ала белгіленген өнімге қатысы бар бағдарлама/жоба элементтерінде қауіпсіздікті

сыныптауды қолдану жөніндегі жауапкершілік келісім-шарт бойынша НАТО-ға қатысушы мүше-мемлекеттердің NSA/DSA ынтымақтастықта іс-қимыл жасайтын NPA/NRO

жүктеледі.

10. Болуы мүмкін субмердігерлікке байланысты бағдарлама/жоба ақпаратының элементтерін сынныптау жобаның/бағдарламаның қауіпсіздігін сынныптау жөніндегі Басшылыққа негізделеді.

КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДА НАТО ҚҰПИЯ АҚПАРАТЫН АШУ

11. НАТО құпия ақпаратын ашу ақпарат көзінің келісімі бойынша және НАТО қауіпсіздігі саясатына және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қолдауши нұсқаулықтарға қолданылатын басқа қосымшаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

НАТО КЕЛІСІМ-ШАРТТАРЫ ҮШИН ӨНЕРКӘСПТІК ҚҰПИЯ АҚПАРАТҚА РҮКСАТ БЕРУ

Жалпы бөлім

12. Төмендегі параграфтарда көрсетілген объектілер мен индивидтерге арналған саясат келісім-шарттарда және субмердігерліктерде қолданылады.

Объектіде құпия ақпаратқа рүқсат беру

13. Әр НАТО-ға мүше мемлекеттің NSA/DSA (ұлттық қауіпсіздік органдары/белгіленген қауіпсіздік органдары) келісім-шартты жасасу алдында келіссөздер жүргізу кезінде немесе НАТО құпия ақпаратына тапсырыс беру алдында НАТО-құпия және одан жоғары белгісі бар ақпаратқа рүқсатты талап ететін елде орналасқан және оның бөлігі болып табылатын кез келген объект, объектіде құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рүқсат құқын алу үшін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдағандығына кепілдік беруге жауап береді. Оған қоса, НАТО құпия ақпаратына рүқсат қажет объектінің қызметкерлері тиісті тексеруден өтуі тиіс және құпия ақпаратпен жұмыс істеуге рүқсат туралы сертификатты беру алдында нұсқамадан өтуі тиіс. Рүқсат ақпарат сынныптылығы дәрежесіне, оның көлемі мен сипатына және тапсырыстарды немесе келіссөздерді дайындау барысында рүқсат қажет индивидтердің санына негізделеді.

14. Мердігер, өзі орналасқан және жұмыс істейтін мемлекеттің NSA/DSA мердігер объектісіне объектіде талап етілетін құпия ақпаратқа рүқсат дәрежесін берген жағдайда, келісім-шарт алдындағы келіссөздерге қатыса алады, тапсырыс бере алады немесе НАТО құпия келісім-шартын жасай алады.

15. Рүқсат санатын беру алдында жүргізілетін бағалау өнеркәсіптік қауіпсіздіктің қолдауши нұсқаулықтарында көрсетілген талаптар мен өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.

16. Объектінің қызметкерлері үшін құпия ақпаратқа рүқсаттың жеткіліксіздігі мердігерге келісім-шартқа немесе НАТО-шектеулі пайдалану үшін белгісі бар субмердігерлікке тапсырыс беруде кедергі келтірмеуі тиіс. Өзінің қауіпсіздік жөніндегі ұлттық тәртіптері мен ережелері негізінде келісім-шарт немесе НАТО-шектеулі пайдалану үшін белгісі бар субмердігерлік үшін құпия ақпаратқа рүқсатты талап ететін ел, рүқсат керек жоқ елдің мердігерін кемсітпеуі тиіс, бірақ мердігер ақпаратты

қорғауға қатысты өз міндеттері жайлы хабардар етілгендігіне және осы міндеттемелерді қабылдайтындығына кепілдік беруі тиіс.

Объектінің қызметкерлері үшін құпия ақпаратқа рұқсат беру

17. Құпия ақпаратқа рұқсат беру С Қосымшаға, Персонал қауіпсіздігіне, НАТО қауіпсіздігі саясатына және персонал қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қолдаушы нұсқаулықтарға сәйкес берілуі тиіс.

18. Құпия ақпаратқа рұқсат беру үшін мердігер объектілерінің қызметкерлерін тексеруді жүргізуге тапсырыс, объект үшін жауп беретін NSA/DSA ұсынылады. Құпия ақпаратқа рұқсат беруді тексеруге тапсырыс беру кезінде объект төмендегілерді қамтуы тиіс:

(а) НАТО келісім-шартының немесе субмердігерлігінің нақтылығын және қауіпсіздік сыйниптылығын, және

(б) қызметкер рұқсат алған НАТО құпия ақпаратының дәрежесін.

19. Егер объектіге НАТО-ға мүше емес мемлекеттің азаматын НАТО құпия ақпаратына рұқсат қажет лауазымға жұмысқа алған болса, жұмысқа алушы объект орналасқан және жұмыс істейтін елдің NSA/DSA міндеті, осы жерде көрсетілген рұқсат санатын беру жөніндегі рәсімдерді орындау, және индивидке, С Қосымшаның талаптарына және персонал қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қолдаушы нұсқаулықтарға сәйкес рұқсат беруге болатындығын анықтау болып табылады.

НАТО ҚҰПИЯ АҚПАРАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ

Барлық тасымал нысандарына қолданылатын қауіпсіздік ұстанымдары

20. Құпия материал тобын халықаралық тасымалдау үшін қауіпсіздік жөніндегі ұсынылатын шараларды тексеру кезінде төмендегі ұстанымдар қолданылуы тиіс:

(а) қауіпсіздік жөнелту пунктінен соңғы келу пунктіне дейін барлық тасымалдау кезеңінде және барлық жағдайларда кепілді болуы тиіс;

(б) құпия материал тобын қорғау дәрежесі материалдағы жоғары сыйниптылық дәрежесімен айқындалуы тиіс;

(с) тасымалдауды қамтамасыз етуші компаниялар үшін, жағдайға байланысты, құпия ақпаратқа рұқсат беру қажет. Мұндай жағдайда, материал тобын тасымалдауға тартылған персонал осы Ереженің шарттарына сәйкес тексеруден өтуі тиіс;

(д) тасымалдар, мүмкіндігінше, бір пункттен екінші пунктке дейін жүзеге асырылуы тиіс, және жағдайға қарай, қысқа мерзімде аяқталуы тиіс; және

(е) қадағалау НАТО мемлекеттері аумағы арқылы тасымалдауды ұйымдастыру кезінде ғана іске асырылуы тиіс. НАТО-ға мүше емес мемлекеттердің аумағы арқылы тасымалдау жүкті жөнелтуші елдің NSA/DSA (ұлттық қауіпсіздік органдарының/ белгіленген қауіпсіздік органдарының) рұқсатын алғаннан кейін және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі қолдаушы нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

21. Құпия ақпарат тобына байланысты шаралар әр бағдарлама/жоба үшін ескертілуі тиіс. Алайда, мұндай шаралар құпия материалдарға рұқсатсыз қол жеткізу мүмкін болмайдынығына кепілдік беруі тиіс.

22. НАТО құпия материалын халықаралық тасымалдауға арналған қауіпсіздік стандарттары ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі қолдаушы нұсқаулықтарда аталған. НАТО құпия материалын қол жүгінде тасымалдау, құпия материалды жүк ретінде коммерциялық авиалиниялармен тасымалдау, жарылуы қауіпті заттарды, лақтыратын жарылғыш заттарды және басқа да қауіпті субстанцияларды тасымалдау жөніндегі толық талаптар өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қолдаушы нұсқаулықтарда баяндалған.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САПАРЛАР

Жалпы бөлім

23. Осы бөлімде көрсетілген шаралар НАТО мемлекеттерінің, НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының, және НАТО-ның мердігерлері мен субмердігерлерінің әскери және азаматтық өкілдерінің НАТО мақұлдаған қызмет бойынша төмендегі орындарға баруы қажет халықаралық іссапарларына қатысты:

- (a) НАТО-ға мүше басқа мемлекеттің үкіметтік департаменті немесе мекемесі;
- (b) НАТО-ға мүше басқа мемлекет мердігерінің немесе субмердігерінің объектісі;

н е м е с е

- (c) НАТО-ның азаматтық немесе әскери органы.

24. Жоғарыда 23(a) және (b) параграфтарында көрсетілген іссапарларды төмендегілерді ескере отырып іссапар(лар) жүргізілетін НАТО мемлекетінің NSA/DSA макұлдауы тиіс:

(a) іссапардың НАТО бағдарламасына немесе жобасына қатысты ресми мақсаты барлығын; және

(b) барлық келушілердің НАТО бағдарламасына немесе жобасына немесе НАТО қызметіне қатысты ақпаратқа тиісті рұқсат санаты барлығын және қызмет қажеттілігі үстанымына сәйкес келетіндігін.

25. Келушілерді қабылдайтын НАТО-ның үкіметтік департаменттері мен мекемелері, мердігерлері мен субмердігерлері және азаматтық және әскери органдары төмендегілерге кепілдік беруі тиіс:

(a) іссапарлардың жоғарыдағы 24-параграфта көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндігіне;

(b) келушілерге, тек осы іссапардың мақсатына қатысы бар НАТО құпия ақпаратына рұқсат берілгендейгіне; және

(c) барлық келушілер туралы мәліметтер, олардың аты-жөнін, өздерін жіберген үйымдарды қоса, іссапар(лар) күні (күндерін) және келген адамдардың аты (аттары) сақталатындығына. Мұндай мәліметтер ұлттық талаптарға сәйкес сақталуы тиіс.

26. Персоналын халықаралық іссапарға жіберуге niet білдірген үкіметтік

департаменттер мен мекемелер, мердігерлер мен субмердігерлер баратын объектілердің NSA/DSA-не өздерінің NSA/DSA арқылы немесе келісілген ресми арналар арқылы өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген рәсімдерге сәйкес халықаралық іссапарды жүргізуге тапсырыс беруі тиіс. Халықаралық іссапарларды орындауға тапсырыс әр келушінің қолданыстағы тиісті рұқсат санаты бар екендігіне

ке^пілдік

б е р у і

ти і с .

27. Егер осы ұлттық тәртіптермен және ережелермен рұқсат етілген болса, НАТО-шектеулі пайдалану үшін және НАТО-құпия емес белгісі бар іссапарлар тікелей Келуші үшін қауіпсіздік офисі мен Баратын объекті қауіпсіздігі офисі арасында ұйымдастырылуы мүмкін.

НАТО ЖОБАСЫ/БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ УАҚЫТША ПЕРСОНАЛ

28. НАТО құпия ақпаратына рұқсат құқын алған индивид уақытша бір НАТО бағдарламасы/жобасы шенберінде, бірақ НАТО-ға мүше басқа мемлекетке бір объектіден екінші объектіге ауыстырылғанда, индивидтің негізгі объектісі өзінің NSA/DSA индивид уақытша бара жатқан объектінің NSA/DSA қажетті рұқсат санатын беру туралы Сертификатты беру туралы тапсырыс беруі тиіс. Уақытша қызметкер өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген халықаралық сапарды орындауға тапсырыс беру рәсімдеріне сәйкес, және ұлттық тәртіптер мен қауіпсіздік ережелеріне сәйкес лауазымға тағайындалуы тиіс.

C - M (2002) 49 құжатқа

СӨЗДІК

СӨЗДІК

Есепті ақпарат	Өте құпия (CTS) және НАТО - Құпия (NS) елгісі бар барлық ақпарат және ерекше санаттағы барлық ақпарат (ATOMAL сияқты, яғни ядролық қару туралы ақпарат белгісі)
Рұқсаттылық	Рұқсаты бар адамдар мен ұйымдардың талаптары бойынша ақпарат пен материалдың рұқсат етілу және пайдаланылу касиеті
Қауіпсіздікті бұзы	НАТО құпия ақпаратының немесе қолдауши қызмет көрсетулер мен ресурстардың болған немесе болуы мүмкін жария болуына әкелетін, НАТО-ның қауіпсіздік саясатына және қолдауши директиваларға қайшы келетін әдейі немесе кездейсок әрекеттер немесе әрекетсіздік (мысалы, тасымалдау кезінде жоғалтылған, рұқсаты жоқ адамдар рұқсатсыз қол жеткізуі мүмкін күзетілмейтін зоналarda қалдырылған құпия ақпаратты; есепті құжатты таба алмауды; құпия ақпарат рұқсатсыз өзгерілгенде; рұқсат етілмеген тәсілмен жойылғандығы немесе коммуникациялық ақпараттың жүйелер үшін қызмет көрсетілмейтіндігін қоса)

Құпия ақпарат	Рұқсатсыз жария етілуден қорғауды талап ететін, және қауіпсіздікті сыныптау жөнінде осындай деп сипатталған кез келген ақпарат (атап айтқанда, кез келген нысанда берілуі мүмкін мәліметтер) немесе материал
Құзыретті орган	Өз азаматтарына НАТО құпия ақпаратына рұқсат санатын беру жөніндегі рәсімдерді жүргізуге уәкілеттілігі бар НАТО мемлекетінің ұлттық қауіпсіздік органы NSA) белгілеген орган
Жария болуы	Қауіпсіздікті бұзы немесе дұшпандық іс-әрекеттер (тыңшылдық, террорлық акт, диверсия және ұрлау) салдарынан НАТО құпия ақпаратының өз құпиялылығын, тұтастығы мен рұқсаттылығын жоғалту, немесе қолдауши қызмет көрсетулер мен ресурстардың өз тұтастығы немесе рұқсаттылығын жоғалту жағдайын білдіреді. Оған жоғалту, рұқсаты жоқ адамдарға жария ету (мысалы, тыңшылдық немес БАҚ арқылы), рұқсатыз түрін өзгерту, рұқсат етілмеген тәсілмен жою, немесе қызмет көрсетуден бас тарту жатады.
Құпиялылық	Ақпараттың рұқсаты жоқ адамдарға немесе ұйымдарға рұқсат етілмей немесе ашылмау қасиеті
Объектіде құпия ақпаратқа рұқсат беру <i>FSC</i>)	Қауіпсіздік тұрғысынан, объект ерекше және төмен сыныптағы НАТО құпия ақпаратының қауіпсіздігін қорғай алғандағы, және НАТО құпия ақпаратына рұқсат қажет персонал НАТО құпия шарттарын орындау үшін қажетті НАТО қауіпсіздігі талаптарына қатысты тиісті түрде тексерілгенін және нұсқамадан откенін көрсететін NS A/DSA әкімшілік анықтамасы
Күзетшілер	Каруланған немесе қаруызыз азаматтық (үкіметтің немесе қатысуышы мердігерлердің қызметкерлері) немесе әскери персонал. Олар тек күзет жөніндегі міндеттерді орындауы мүмкін немесе осы міндеттерді басқалармен қатар орындаі алады
Қабылдаушы ел	<u>Жалпы</u> термин: НАТО-ның азаматтық немесе әскери органды орналасқан ел <u>Өнеркәсіптік</u> қауіпсіздік: НАТО-ның ресми органы үкіметтік агенттік ретінде таңдалған және НАТО-ның негізгі келісім-шартын орындауға міндеттеме қабылдайтын ел Субмердігерлік орындалатын елдер қабылдаушы елдер деп аталмайды.
Ақпарат	Әр түрлі нысандарда берілетін мәліметтер

Ақпараттық қауіпсіздік (INFOSEC)	Қолда бар, сақталатын немесе байланыс құралдары, ақпараттық қызмет көрсету жүйелері мен басқа электрондық жүйелер бойынша берілетін ақпаратты, көздейсок, сондай-ақ, әдейі құпиялышының тұтастығын, немесе рұқсаттылығын жоғалтуға қарсы, және осы жүйелердің тұтастығы немесе
----------------------------------	--

	<p>рұқсаттылығын жоғалтудың алдын алу үшін белгіленген корғау жөніндегі қауіпсіздік шараларын қолдану</p> <p>Ескертү:</p> <ol style="list-style-type: none"> Ақпараттық қауіпсіздік шараларына; компьютерлік қауіпсіздік, байланыс жасырындылығын қамтамасыз ету, мәліметтерді беру құпиялышы, криптографиялық корғау жатады. Осындай шараларға, сонымен катар, ақпаратқа және жүйелерге төнген қатерлерді анықтау, құжаттау және қарсы іс-кимыл жасау енеді
Қауіпсіздікті бұзы	Қауіпсіздікті бұзы - НАТО қауіпсіздігі саясатына және қолдауши директиваларға қайшы келетін, НАТО құпия ақпаратының болған немесе болуы мүмкін жария болуына әкелмейтін алдын ала немесе кездейсок жасалған әрекет немесе әрекетсіздік (мысалы, барлық адамдардың тиісті рұқсат санаты бар, күзетілетін обьектіде күзетілмей қалдырылған құпия ақпарат, құпия ақпарат ашық күйінде қалғанда және т.б.)
Тұтастық	Ақпарат (шифрленген мәтін сияқты мәліметтерді қоса) рұқсат етілмеген тәсілмен өзгертілмегендігін немесе жойылмағандығын білдіретін қасиет
Халықаралық сапарлар	Бір NS A/DSA (НАТО мемлекетінің ұлттық қауіпсіздік органдары)/(тағайындалған ұлттық қауіпсіздік органдары) бағынысты немесе НАТО органдарына тиесілі адамдардың, басқа NS A/DSA немесе НАТО бақылайтын, құпия ақпаратқа рұқсатты талап ететін немесе рұқсат беруге себеп болатын, немесе орын алған құпиялышың деңгейіне, НАТО мақұлдаған қызметті қолдау ретінде мекемелер мен органдарға баруды реттейтін ұлттық зандарға қарамастан обьектілерге немесе органдарға жасайтын іссапарлары тиісті NSA/DSA мақұлдауын талап етеді. НАТО-ның барлық азаматтық

	және әскери органдары НАТО қауіпсіздігінің заңды құқығы ықпалында болады.
Тіршілік циклі	Ақпараттың тіршілік цикліне: ақпаратты жоспарлау, жинау, өзірлеу немесе құрастыру кезеңдері, оны үйымдастыру, қалпына келтіру, пайдалану,

	рұқсаттылығы мен беру; оны сақтау мен қорғау; және, сонында оны мұрағатқа тапсыру арқылы орналастыру немесе жою кіреді
Бағдарлама/жоба	Әдетте, екі елден көп елдер тартылатын және НАТО қауіпсіздігі саясатында көрсетілген кәдімгі негізгі талаптардан жоғары қауіпсіздік шаралары белгіленетін үлкен мәні бар бағдарлама/жоба
Материал	Материалға құжаттар, сондай-ақ өндірілген немесе өндіру үрдісінде тұрған механизмдердің, жабдықтар/құрамдас бөліктердің, қару-жарап пен аспаптардың кез келген элементі кіреді
Азаматтар	Азаматтар ұфымы "Корольдік азаматтарын", "Штаттар азаматтарын" және "Канадада қоныс тепкен иммигранттарды" білдіреді. "Канадада қоныс тепкен иммигранттар" - ұлттық тексеруден откен, тұрғылықты жерін, сottалғандығы туралы мәліметтерді тексеруді және қауіпсіздікті тексеруді қоса, және елде тұрақты тұруға заңды рұқсат алуға ниет білдірген адамдар
Ұлттық қауіпсіздік органы (NSA)	Ұлттық агенттіктерде және элементтерде, әскери немесе азаматтық, өз елі шегінде және одан тыс НАТО құпия ақпаратының қауіпсіздігін қолдауға жауапты НАТО-ға мүше мемлекеттің органы
НАТО	НАТО - Солтүстік Атлант шарты ұйымын және 1951 жылы 20 қыркүйекте Оттава қаласында қол қойылған Солтүстік Атлант шарты ұйымының, ұлттық өкілдіктер мен халықаралық штабтың мәртебесі жөніндегі Келісіммен немесе 1952 жылы 28 тамызда Париже қол қойылған Солтүстік Атлант шартына сәйкес құрылған Халықаралық әскери штабдардың мәртебесі туралы Хаттамамен басқарылатын органдарды білдіреді
НАТО-ның құпия келісімшарты/шарты	НАТО құпия ақпаратына рұқсатты немесе оны беруді талап ететін НАТО-ның қаржыландырылатын немесе басқарылатын бағдарламасын/жобасын қолдау ретінде НАТО-ның азаматтық/әскери органы немесе

	НАТО-га мүшесі мемлекет жасаған кез келген келісім-шарт/шарт
НАТО-ның құпия ақпараты	(a) кез келген нысанда берілуі мүмкін ақпарат - мәлімет (b) рұқсатсыз жария болудан қорғауды талап ететін, және қауісіздікті сыйыптау бойынша

	осында деп сипатталған ақпарат немесе материал құпия ақпарат болып табылады (c) "материал" ұғымы құжаттарды, сондай-ақ өндірілген немесе өндіру үрдісінде тұрган механизмдердің жабдықтар/құрамдас беліктердің, қару-жараптардың кез келген элементтерін білдіреді (d) "құжат" ұғымы физикалық нысаны немесе сипаттамасына қарамастан кез келген жазылған ақпаратты, шектеусіз жазба және баспа өнімдерін коса, өнделген мәліметтердің кәртішкелері мен жазбаларын, карталарды, сызбаларды, фотоларды, бейнелерді, суреттерді, гравюраларды, жұмыс дәптері мен қағаздарды, машинажазбалық көшірмелер немесе көшірме ленталарды, немесе кез келген тәсілмен немесе үрдіспен көшіруді коса, сондай-ақ кез келген нысандағы дыбыс, дауыс, магниттік, электрондық, оптикалық немесе бейне жазбаны, және тұракты немесе алмалы-салмалы компьютерлік мәлімет тасушылардан мәліметтерді автоматты тұрде өндеуге арналған портативтік жабдықтарды білдіреді
--	---

НАТО-ның әскери комитеті (NAMILCOM)	НАТО-ның ең жоғарғы әскери органы; әскери комитет әскери істерді жүргізуге жауап береді. Әскери комитет, жедел тұрғыдан алғанда, басымдылықты мақұлдау және беру, стратегиялық колбасшылықта қойылатын орындаушылық талаптар үшін жауап береді
-------------------------------------	--

НАТО құпия ақпаратына рұқсат беру үшін жеке құрамның (персоналдың) сенімділігін тексеру (PSC)	Индивидтің НАТО құпия ақпаратына рұқсат алуға сәйкес келетіндігін білдіретін ұғым
---	---

НАТО-ның өндірістік және тылдық қамтамасыз	Солтүстік Атлант кеңесі нақты белгілеген үйымдық, әкімшілік және қаржылық тәуелсіздікті беретін, осы Альянстың нәтижесі болып табылатын міндеттерді іске
--	--

ету жөніндегі ұйымы (NPLO)	асыру үшін НАТО шеңберінде құрылған қосымша орган. Ол директорлар кеңесінен, және өз кезегінде бас менеджер мен персоналдан құралатын атқарушы органнын тұрады
----------------------------	--

НАТО бағдарламасы	НАТО-ның ережелеріне сәйкес НАТО басқармасы/офисі бақылайтын Кеңес макұлдаған бағдарлама
НАТО жобасы	НАТО-ның ережелеріне сәйкес НАТО басқармасы/офисі бақылайтын Кеңес макұлдаған жоба
НАТО жобаларын басқару жөніндегі агенттік	НАТО ұйымының өндірістік және тылдық қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы органды
Қызметтік қажеттілік	Төмендегі "Қызметтілік қажеттілік ұстанымын" қараңыз
Көліссөздер	Бұл термин бастапқы "қатысуға тапсырыс беру ниеті туралы жазбаша ескертуден" келісім-шартты немесе субмердігерлікті жасау туралы соңғы шешімге дейін шарттар немесе субмердігерлікті жасау барлық аспекттерін қамтиды
Ашық сақтау зонасы	Қауіпсіздік талаптарына сәйкес құрылған және азаматтық немесе әскери орган басшысының рұқсатымен құпия ақпаратты ашық сақтау үшін пайдалынылатын зона
Ақпарат көзі	Оз басшылығымен ақпаратты өзірлеген немесе НАТО-ға енгізген ел немесе халықаралық ұйым
Азаматтығы берілетін ел	Индивидке штаттық қол астындағы азаматы немесе азаматы мәртебесін беретін мемлекет
НАТО-ға мүше мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік органды (NSA)	Индивидиум ұлты немесе азаматы болып табылатын мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік органды
НАТО құпия ақпаратына рұқсат беру үшін жеке құрамын (персоналдың) сенімділігін тексеру (PSC)	Индивидтің НАТО құпия ақпаратына рұқсат алуға сәйкес келетіндігін білдіретін ұғым
	НАТО жобаларын басқару жөніндегі оғис/

	бағдарламалар/жобалар үшін Агенттік/Офис басқаратын бастапқы келісім-шарт;
Бас мердігер	НАТО жобаларын басқару жөніндегі агенттікпен/офиспен НАТО жобасы шенберінде қызмет көрсету немесе өнімдерді өндіру үшін, және өз кезегінде, әлеуетті субмердігермен келісілген субшарт жасай алатын мүше мемлекеттің өндірістік, сауда немесе басқа да ұйымы
Қызметтілік қажеттілік қағидаты	Болжанатын реципиентке ресми тапсырмалар мен міндеттерді орындау үшін ақпаратқа рұқсат беру, білім алу және ақпаратты менгеру талап етілетіндігі оқ белгіленген ұстаным
Бағдарлама/ ж о б а қауіпсіздігін сыйнаптау жөніндегі басшылық	Қауіпсіздік сыйнаптылығы деңгейін белгілей отырып, құпия болып табылатын бағдарлама элементтерін айқындастын бағдарламаның (жобаның) қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтың бір бөлігі. Қауіпсіздікті сыйнаптау жөніндегі басшылықтың бағдарламаның тіршілік циклі бойында аумағының кеңеюі мүмкін, ал ақпарат элементтері құпиясыздандырылуы немесе анағұрлым төмен құпиялылық санатына көшірілу мүмкін.
Бағдарлама/ ж о б а қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық (PSI)	Қауіпсіздік процедураларын стандарттау максатында ерекше жобаларда/бағдарламаларда қолданылатын НАТО-ның қауіпсіздік саясатына және қолдауышы директиваларға негізделген қауіпсіздік жөніндегі ережелер/процедуралар кешені. Нұсқаулықтар сонымен қатар, негізгі келісім-шарттың Қосымшасы болып табылады және бағдарламаның тіршілік циклі бойында өзгертулуй мүмкін. Бағдарламалар шенберінде жасалатын субшарттар үшін бағдарлама қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар қауіпсіздік аспектіі жөніндегі хаттың негізін құрайды
Қауіп	Қатермен табысты пайдаланыла отырып, құпиялылықтың, тұтастық және/немесе рұқсаттылықтың жария болуына және ұзақ мерзімді зиянға әкелетін осал жерлердің болу мүмкіндігі
Қауіптерді басқару	Ақпарат және қолдауыш қызмет көрсетулер мен ресурстарды қорғау үшін қажетті

кательлер мен осал жерлерді бағалауға
негізделген, қауіпсіздік жөніндегі қарсы
шараларды белгілеуге бағытталған жүйелі

	көзқарас. Қауіптерді басқару қауіптің белгілі бір шектен аспауын қамтамасыз ететін ресурстарды жоспарлауды, ұйымдастыруды, жіберу мен бақылауды қамтиды
Қауіпсіздік аспекті жөніндегі хат (SAL)	Бас бағдарламадан/жобадан өзгеши, кез келген құпия шарттың немесе субшарттың бөлігі ретінде тиісті орган беретін, және қауіпсіздікті қамтамасызың етуді талап ететін қауіпсіздік талаптарын немесе одан туындастырының элементтерді белгілейтін құжат
Қауіпсіздік кепілдігі	НАТО-ның тікелей өзі немесе НАТО мемлекеті немесе НАТО-ның азаматтық/әскери органдары беретін кепілдемесі
Қауіпсіздік жөніндегі сыныптау тізбесі	Құпиялылық белгілерін көрсете отырып, келісім-шарттың құпия элементтерін сипаттайтын қауіпсіздік аспекті жөніндегі хаттың бір бөлігі. Шарттар бағдарлама/жоба шенбөрінде жасалған жағдайда, мұндай ақпараттың элементтері осы бағдарлама үшін шығарылған бағдарлама/жоба қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтардан алдынып тасталынады
Ерекше санаттағы ақпарат	Ядролық қару (ATOMAL) туралы мәлімет немесе өндеу/корғау косымша рәсімдері қолданылатын Бірыңғай кешенді жедел жоспар (SIOP) сиякты ақпарат
Субшарт/ субмердігерлік	Тауарларды немесе қызмет көрсетулерді беру үшін бас мердігердің басқа мердігермен (яғни субмердігермен) жасайтын шарты
Субмердігер	Негізгі мердігер субшарт жасайтын мердігер
Қатер	НАТО құпия ақпаратының немесе қолдауышы қызмет көрсетулер мен ресурстардың жария болуы, жоғалуы немесе ұрлануы мүмкін жайттары. Қатер оның шыққан көзі, себебі немесе нәтижесімен айқындалуы мүмкін, ол алдын ала немесе кездейсоқ, ашық немесе жасырын, ішкі немесе сыртқы болуы мүмкін
Осалдық	НАТО құпия ақпаратына немесе қолдауышы қызмет көрсетулер мен ресурстарға қарсы бағытталған қатерлердің жүзеге асуына әкелетін бақылаудың кемшілігі, белгілері немесе жетіспеу жайттары

Тұпнұсқаға сай қазақ тіліне аударылды.

*Казақстан
Карулы
Халықаралық*

*Республикасы
Күштерінің
бағдарламалар*

бас басқармасының бастыры
ПОЛКОВНИК
НАТО ҚҰПИЯ ЕМЕС
2002 жылғы 17 маусым

С-М (2002)-50

ҚҰЖАТЫ

ТЕРРОРИЗМ ҚАУПІНЕ ҚАРСЫ НАТО-НЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ОРГАНДАРЫН, НАТО КЕҢЕЙТІЛГЕН КҮШТЕРІ МЕН ОБЪЕКТИЛЕРІН ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Бас хатшының ескертпесі

1. Осы құжат "Терроризм қаупіне қарсы НАТО-ның кеңейтілген күштері мен обьектілері" үшін директиваларды дамыту жөніндегі Кеңестің алдына қойған міндеттерінің нәтижесі болып табылады. Құжат жобасын тиісті ұлттық мамандар мен әскери өкілдерден құралған НАТО-ның (NSC) қауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитетінің қолдауымен Сарапшылар тобы әзірледі. Оған, сонымен қатар "НАТО қолбасшылығы мен агенттіктерінің қауіпсіздігін қорғау" бір бөлігінің түзетілген нұсқасы, С-М(55)15-ке(соңғы) Е қосымшасы енгізілген. Оны 2002 жылы 26 наурыздағы Үндемеу процедурасы жөніндегі Кенес (С-М(2002)22-REV1 және оның шаралар тізбесі) макулдады.

2. Осы құжат С-М(55)15-ке(соңғы) "Е" қосымшаның жойылуы тиіс барлық бұрынғы нұсқаларының күшін жояды.

3. Осы құжаттың көшірмесі қауіпсіздік саясаты және қосымша директивалар жөніндегі 2 құжаттан тұратын жиынтық құжатқа енгізілетін болады, және жақын арада С-М(55)15(соңғы) құжатының ағымдағы барлық ұстаушыларына жіберіletіn болады.

(қол қойған) Джордж Робертсон

қосымша: 3

тілінде

Тұп нұсқа: ағылшын

ТЕРРОРИЗМ ҚАУПІНЕ ҚАРСЫ НАТО-НЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ОРГАНДАРЫН, НАТО КЕҢЕЙТІЛГЕН КҮШТЕРІ МЕН ОБЪЕКТИЛЕРІН (ҚҰРАЛДАРЫН) ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

1. КІРІСПЕ

1.1. Осы С-М құжаты терроризмге қарсы шаралар жөніндегі және диверсияға қарсы саясатты құрайды, ол үшін:

1. БӨЛІМ: НАТО-ға мүше мемлекеттер аумағы шегіндегі НАТО-ның азаматтық және әскери органдары мен күштері. Бұл шаралар НАТО-ның азаматтық немесе әскери органдары орналасқан немесе НАТО күштері жайғастырылған қабылдаушы елдің заңнамаларына сәйкес келуі тиіс.

2. БӨЛІМ: мұше-мемлекеттер аумағынан тысқары орналасқан НАТО қүштері мен объектілері (құралдары) (5-баптан тыс операциялар). Бұл шаралар терроризм немесе диверсия қаупіне бірдей жауап қайтаруды қамтамасыз етуде сенім артуға болатын қабылдаушы елдің шектеулі қолдауы бар немесе қолдауы жоқ НАТО персоналы мен объектілері (құралдары) орналасқан жерде қолданылады.

1.2. Осы С-М құжаты НАТО қауіпсіздігі саясатының бір бөлігін құрайды.

2. 1 БӨЛІМ: НАТО-ҒА МҰШЕ-МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АУМАҒЫ ШЕГІНДЕ ТЕРРОРИЗМ ҚАУПІНЕ ҚАРСЫ НАТО АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ОРГАНДАРЫН, НАТО КЕҢЕЙТІЛГЕН КҮШТЕРІ МЕН ОБЪЕКТІЛЕРИН (ҚҰРАЛДАРЫН) ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

2.1. ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚАУПТЕР

2.1.1. НАТО-ның азаматтық және әскери органдары үшін терроризм қаупінен туындаитын қатерлер 6 түрлі болуы мүмкін:

- (a) персоналдың жалпы қауіпсіздігі;
- (b) тапсырманы орындау мүмкіндігіне қарсы келетін немесе оны төмендететін қажетті ресурстар мен қызметтерді жеткізіп беруден бас тарту;
- (c) денеге зиян келтіру;
- (d) міндеттерді орындауды бұзу;
- (e) еркін жүріп-тұру бостандығын бұзу, немесе
- (f) НАТО-ға мұше-мемлекеттер аумағы шегінде жалпы қауіпсіздік пен тұрақтылықты бұзу.

2.1.2. НАТО-ң азаматтық және әскери органдары мен адамдарына террорлық қызметтен әлеуетті қатерлер төмендегілер тараапынан төнуі мүмкін:

- (i) НАТО-ны нысан ретінде таңдал алған лаңкестік ұйымдар (олардың құрамына топтар мен индивидтер енүі мүмкін);
- (ii) мұлікке зиян келтіретін, индивидтердің қабілетін шектейтін және/немесе қажетті ресурстар мен қызметтерді жоғалтуға себеп болатын қопару жұмыстары;
- (iii) ұйымдастырылған қылмыс;
- (iv) қоғамдық тәртіпсіздік.

Қатер түрлері

2.1.3. НАТО-ң азаматтық және әскери органдарына зорлық-зомбылық жасау қатеріне мұналар енүі мүмкін:

(a) бомбалық шабуылдар немесе атыс қаруының шабуылдары, машиналарды жару, қолға алып жүретін бомбалар, "пошталық" бомбалар және жанатын жарылғыш құрылғылар,

(b) НАТО персоналы мен оның отбасын өлтіру, ұрлау, кепілдікке алу немесе қорқыту,

(c) зорлық-зомбылық көрсету мақсатында ұйымдастырылуы мүмкін, қарсы тұру арқылы зорлыққа/залалға әкелуі мүмкін демонстрациялар,

- (d) елшіліктер мен халықаралық миссиялармен болғандай, тіке шабуыл жасау, НАТО үй-жайларын немесе меншігін заңсыз басып алу,
- (e) жалған дабылдар, әсіреле әбігерге салу ниетімен бомба қойылған деп ескерту,
- (f) ақпараттық технологиялардың қажетті/тіршілікке қажет жүйелеріне қарсы операциялар, осы жүйелердің тұтастығы мен/немесе рұқсаттылығына қол сұғуды қоса,
- (g) міндеттерге қол жеткізуге қажетті қарудың, қару-жарап пен жабдықтардың күшімен залалсыздандыру, және
- (h) жаппай қырып жою қаруы (ЖҚҚ), әсіреле, химиялық және биологиялық шабуылдар

2.2. Қабылдаушы елдің МІНДЕТТЕРІ

2.2.1 Қабылдаушы елдер НАТО-ның азаматтық және әскери органдарына сыртқы қорғауды қамтамасыз етуге жауап береді. Қабылдаушы ел осы қорғаудың мемлекеттік қарсы барлау қызметтері, құқық қорғау органдары немесе мемлекеттік қорғаныс күштері тарапынан көрсетілетіндігін шешеді. Талап бойынша қабылдаушы ел, НАТО-ның азаматтық және әскери органы басшысына қауіпсіздік жөніндегі қорғау жоспарларын үйлестіретін ведомстваны және оның қандай деңгейде үйлестірілетіндігін көрсетеді. Қабылдаушы ел сонымен қатар, НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының басшыларын дұшпан барлау қызметтерден, зиянкес ұйымдардан, террорлық топтардан және өзге де осындай элементтерден туындастын қатерлер жайлы, жағдай осыны қажет етсе, хабар беруге жауап береді.

- (a) Қабылдаушы ел, егер басқа көзделмесе, тиісті аумақтан тыс жүрген НАТО-ның азаматтық және әскери органдарына және оның персоналына әсері бар қатерге қатысты ақпаратты екі жақты арналар бойынша бір елден екінші елге беретіндігі жөнінде кепілдеме беруі тиіс;
- (b) қабылдаушы ел әр түрлі қатерлер деңгейі үшін НАТО-ның азаматтық және әскери органдарына террорға қарсы қосымша ерекше шараларға қатысты ұсынымдар беруі тиіс;
- (c) қабылдаушы ел, өздерінің мемлекеттік қорғау стандарттары мен қауіпсіздік жөніндегі процедуralарына сәйкес НАТО персоналын НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының үй-жайларынан тыс терроризм қаупінен қорғау үшін осындай персонал мен қауіпсіздік жөніндегі жабдықтарды қамтамасыз етуге жауап береді. Терроризм қаупі төнген персоналды анықтауды, сондай-ақ оларды қорғау үшін қолданылатын қауіпсіздік шараларын НАТО-ның мүдделі азаматтық және әскери органдары (басқалардан өзге) тарапынан түскен ұсыныстарды ескере отырып, қабылдаушы елдің қауіпсіздік жөніндегі ведомствасы белгілейді. Берілген ұсыныстар

негізді болуы тиіс;

(d) қабылдаушы ел өз аумағында НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының әрқайсысына қатерге және қауіпсіздік жөніндегі ішкі жоспарларды үйлестіруге қатысты ақпаратты беру үшін байланыс арнасын белгілеуі тиіс.

Жіберуші елдер

2.2.2 Жіберуші ел төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- (a) Қауіпсіздік жөніндегі талдау қабылдаушы елдің қауіпсіздік жөніндегі ведомстваларының тәжірибесі негізінде олардың персоналы үшін тұрғылықты жерді таңдау кезінде назарға алынды. Қабылдаушы елдің дене қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі шығыстары өздері ресми қаржыландыратын тұрғылықты жермен шектелуі тиіс;
- (b) қандай да болмасын террорлық немесе зиянкестік қатерлермен күрес үшін жіберуші ел, қауіпсіздік жөніндегі персоналды жайғастыруды және қауіпсіздік жөніндегі қорғаныс жабдықтарын қамтамасыз етуі қабылдаушы елдің қауіпсіздік жөніндегі ведомстваларымен және НАТО-ның тиісті азаматтық немесе әскери органдарымен үйлестіреді;
- (c) қабылдаушы елдің қауіпсіздік жөніндегі ведомстваларының және НАТО-ның тиісті азаматтық немесе әскери органдарының НАТО штабының немесе ұлттық делегациялардың, әскери өкілдіктердің немесе НАТО-ның азаматтық немесе әскери органдарымен қатар орналасқан байланыс миссияларының қандай да болмасын бір азаматына қандай да болмасын төнген қауіп жөніндегі хабардарлығы.

НАТО-ның қауіпсіздік офисі

2.2.3 НАТО-ның қауіпсіздік офисі терроризмге қарсы және зиянкестік қызметпен күрес мәселелері мен процедураларына көмек көрсетуі тиіс. НАТО-ның қауіпсіздік офисі тиісті бюджеттік комитетке террорға қарсы және диверсияға қарсы бағыттағы құрылыш жұмыстары мен жабдықтарға/материалдарға қатысты техникалық бағалауды/ негіздемені үсінүү тиіс.

2.2.4 НАТО-ның қауіпсіздік офисі өзінің қауіпсіздікті тексеруді жүргізу 18 айлық міндетті тексеру циклі шегінде НАТО обьектілерінің/бөлімшелерінің террорға қарсы бағдарламаларын тексеруі тиіс. НАТО қауіпсіздік офисінің инспекциялық тобы обьектінің/бөлімшенің ішкі қауіпсіздік жоспарының террорға қарсы бөлімдерінің тепе-тендігіне және обьектінің/бөлімшенің осы террорға қарсы бөлімдерді іске асыруға қабілеттігіне қатысты тексеруді жүргізеді және кеңес береді. Орынды болған жерде, НАТО қауіпсіздік офисінің инспекциялық тобы, сонымен қатар террорға қарсы

дайындық пен ішкі қауіпсіздік жоспарын іске асыратын объекті/бөлімше оқу жаттығулары бағдарламаларының тепе-тендігіне қатысты кеңес береді.

НАТО-ның азаматтық және әскери органдары

2.2.5 Қажет болғанда НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының басшысы НАТО-мен және мемлекеттік органдармен кеңесе отырып және НАТО-ның жалпы мақсаттарын ескере отырып, НАТО-ң негізгі міндеттерін орындауға қажетті функцияларды жалғастыру үшін өзінің бағынысындағы маңызды негізгі мекемелер мен объектілерді белгілеуі тиіс. Ол сонымен қатар, объектілерді, НАТО қамтамасыз ететін тұрғылықты жерді және осы үй-жайларда орналасқан персоналды қоса, террорға қарсы және диверсияға қарсы қорғау қосымша шараларын жоспарлау мен іске асыру үшін жауап береді. НАТО-ның азаматтық және әскери органдары қабылдаушы және жіберуші елдерге НАТО-ның аға персоналын таныстыруды тиіс. Қатерлерді басқаруға сәйкес қанағаттанарлық және тиімді уағдаластықтыққа қол жеткізу мақсатында НАТО-ның азаматтық және әскери органдары төмендегілерді жүзеге асыруға міндеттеннеді :

- (a) НАТО мақұлдаған арналар арқылы қабылдаушы елдің тиісті қауіпсіздік органдарымен ресми байланыс үшін өздерінің байланыс адамдарын тағайындауға:
 - (i) террорлық қауіпті жалпы бағалауға;
 - (ii) айрықша қатерлерге қатысты ақпаратты алу немесе алмасу жөнінде шараларды жүргізуғе;
 - (iii) бағаланатын қатерге тең террорға қарсы шараларды үйлестіруге; және
 - (iv) төменде 2.3.1 параграфында көрсетілгендей ұсыныстар беруге;
- (b) төмендегілерге ерекше қатер төнген кезде террорға қарсы шараларды үйлестіру үшін НАТО мақұлдаған арналар арқылы қабылдаушы елдің қауіпсіздік органдарымен НАТО аға персоналының немесе мемлекеттік персоналдың ресми байланысын орнатуға:
 - (i) өздерін жіберген елдерде іс-қимыл жасайтын террорлық үйымдардың персоналына; немесе
 - (ii) белгіленген елдің азаматтарына;
 - (c) төменде 2.4.9 параграфында көрсетілгендей хабардар ету жүйесін белгілеу және, қатерлерді басқару жөнінде алдын ала жоспарланған шараларды іске асыру үшін міндеттерді белгілеуге;
 - (d) төменде 2.3.1 - 2.3.2 параграфтарында көрсетілгендей қабылдаушы елдерге, жіберуші елдерге, НАТО-ның

қауіпсіздік оғисіне және НАТО-ның басқа да азаматтық және әскери органдарына террорлық қауіптерге және оқиғаларға қатысты хабарлар мен мәліметтер беру үшін процедуralарды белгілеуге.

2.3 ТЕРРОРЛЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯНКЕСТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАЛАР

2.3.1. Террорлық/зиянкестік қызмет немесе оқиғалар туралы баяндамаларда әр түрлі әскери немесе азаматтық органдар төмендегілерді көрсетуі тиіс:

- (а) ақпаратты берген органды;
- (б) қатерлер мен оқиғалардың сипатын және салдарын;
- (с) қабылданған шараларды.

2.3.2 Баяндамалардың қайталануына жол бермеу және бірдей ақпаратпен кепілді түрде қамтамасыз ету мақсатында мұдделі өкімет органдарына қатер жағдайлары немесе нақты террорлық және зиянкестік оқиғалар мына тәртіпте хабарлануы тиіс:

- (а) қабылдаушы елдің қауіпсіздік органынан ақпарат алған кезде:
 - (i) НАТО-ның әскери органдары жоғарыда тұрған келесі органға НАТО-ның қауіпсіздік оғисіне көшірмесін бере отырып ерекше қауіп немесе оқиға, ақпаратты ("ақпарат көзін") берген орган және қабылдануы қажетті шаралар туралы баяндауы тиіс;
 - (ii) ұлттық контингент командирлері (әскерлерін жіберетін, бірақ НАТО-ға мүше емес елдерді қоса) командалық орындарға өз астаналары туралы баяндауы тиіс;
 - (iii) НАТО-ның азаматтық органдары (i) тармағына сәйкес тікелей жоғары НАТО қауіпсіздік оғисіне баяндауы тиіс;
- (б) ақпарат қашан НАТО-ның азаматтық немесе әскери органдары шегінде алдында:
 - (i) НАТО-ның әскери органдары қабылдаушы елдің қауіпсіздік органына және, жоғарыда 2.2.5-параграфтағы шараларға сәйкес НАТО-ның тиісті жоғарыда тұрған немесе бағынысты штабына, тікелей басқару бойынша НАТО қауіпсіздік оғисіне көшірмесін бере отырып, ерекше қатер немесе оқиға, ақпарат көздері жайлы және қабылданатын шаралар туралы баяндауы тиіс;
 - (ii) НАТО-ның азаматтық органдары жоғарыдағы (i) тармағына сәйкес қабылдаушы елдің қауіпсіздік органдарына және НАТО қауіпсіздік оғисіне баяндауы тиіс.

2.4 ҚАУІПСІЗДІКТІ ЖОСПАРЛАУ

НАТО объектілерін жобалау

2.4.1 НАТО объектілерін жобалау кезінде қауіпсіздікті талдау назарға алынуы тиіс; оған төмендегілерге қажетті материалдар мен резервтік жабдықтарды қорғау енүі тиіс:

(а) қажетті жедел функцияларды орындауды жалғастыру;

(б) НАТО құралдарын қорғау; және

(с) бүкіл персоналдың жалпы қауіпсіздігі.

Ішкі қауіпсіздік жоспары

2.4.2 НАТО объектілерінің/бөлімшелерінің командирлері террорлық шабуылдардан объектілердің/бөлімшелердің қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ішкі қауіпсіздік жоспарын әзірлеуі тиіс. Ішкі қауіпсіздік жоспары НАТО персоналын, олардың отбасы мүшелері мен басқа да құралдарды қорғау үшін пайдаланылады.

2.4.3 Ішкі қауіпсіздік жоспарының мақсаты шабуылды тоқтату немесе анықтау немесе террорлық шабуылдар немесе диверсиялық актілердің салдарын жеңілдету жолымен осал жерлерді азайту болып табылады. Ішкі қауіпсіздік жоспары төмендегілерді қоса, әскерге бөлінетін тапсырыстан құралатын әдістемені пайдалана

отрып әзірленеді :

(а) объекті немесе мекеме құралдарын анықтау;

(б) НАТО-ның негізгі міндеттерін орындауға қажетті функцияларды жалғастыруға ықпал ететін осындағы құралдарды жоғалтудың салдарларын бағалау;

(с) объектінің осал жерін жете талдау, оған қандай шабуыл тәсілдеріне осал екендігін бағалау қоса енеді .

2.4.4 Осы талаптар негізінде маңызды құралдардың осал жерін азайтатын қауіпсіздік шараларының жиынтығын әзірлеу қажет. Шараларға физикалық шаралар (тосқауылдар, қақпалар, есіктер, торлар), электрондық шаралар (кабельді теледидар, ішкі немесе сыртқы дабылдар) немесе адам ресурстары (кузет қызметі және ықпал етуші күштер) енүі мүмкін. Қауіпсіздік жоспары сондай-ақ, қолданылуы қырағылықты күшейту кезінде ұлғайатын және қырағылықты төмендешу кезінде азайтатын мүмкін болар қосымша шараларды немесе қауіпсіздік процедураларын (мысалы, келушілерді тінту) белгілеуді .

2.4.5 Қауіпсіздік жоспары толық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қабылдаушы елдің тиісті органдарымен өзара тығыз байланыста әзірленуі тиіс. Көптеген ішкі қорғау шаралары қабылдаушы ел қабылдайтын қосымша сыртқы шаралардың күштілігі мен әлсіздігіне байланысты. Көбіне жақсы қорғаныс тек бір қорғау түріне толық сенім артпай, үйлестірілген және қосымша шаралардың белгіленген санымен қамтамасыз етіледі .

2.4.6 Ішкі қауіпсіздік жоспары мыналарды қамтиды:

(а) террорлық/зиянкестік қатерлерді бағалау;

(б) қатерлерді бағалауды басқару. Ол кем дегенде жағдайдың қауіптілігі мен осалдығын бағалауды қамтуы тиіс;

(с) қауіпсіздік шаралары, деңе қауіпсіздігін қоса;

- (d) оқиғаға жауап қайтару жоспары, оған мыналар енүі тиіс:
- (i) жоспардың бір бөлігін жүзеге асыруға бұйрық беретін жауапты органды, және жоспарда аталған ерекше шараларды іске асыруға жауапты ресми адамдарды белгілеу;
 - (ii) басшылық және басқарма бойынша міндеттерді бөлу;
 - (iii) қолдау күштері мен резервтік күштер үшін төтенше жағдай кезіндегі шаралар;
- (iv) қабылдаушы елдің заңнамасына сәйкес НАТО қауіпсіздік күштерінің НАТО үй-жайларындағы және одан тыс іс-қимылын сипаттау;
- (v) қауіпсіздік күштері үшін балама байланыс құралдары;
- (vi) қырағылықты күшету жөніндегі әр шараны қолдануға байланысты ерекше іс-қимылдар мен міндеттер;
- (e) төмендегілерді қамтитын зардаптарды жою жоспары:
- (i) міндеті персоналдың шығынға ұшырауын/жарақаттануын және құрылымдарға/құралдарға залал келтіруді женілдету болып табылатын "бірінші жауап қайтару" тиісті персоналы. Жылдам жауап қайтару персоналына мыналар енеді, бірақ олармен шектелмейді: медицина персоналы, өрттен қорғау және құтқару топтары, жаппай қырып-жою қаруларын (ЖҚЖ) деконтаминациялау жөніндегі бөлімшелер және қауіпсіздік персоналы.
- (ii) Қылмыс көрінісін тексеруді тиісті жоспарлау, сондай-ак персонал шығынын/меншік залалын женілдетуге ықпал ету.

Қауіпсіздік жөніндегі персонал

2.4.7 НАТО-ның азаматтық және әскери органдары өз мекемелерін күзету жөніндегі шараларды белгілеу мен тексеру кезінде террорға қарсы және диверсияға қарсы талдауды назарға алуды тиіс. НАТО-ның жетекші лауазымды адамдарын қорғау жөніндегі персонал басқа да қауіпсіздік күштерінен бөлек ұсталуды тиіс, ал оны жайғастыру қабылдаушы елдің қауіпсіздік органдарымен үйлестірілуі тиіс.

2.4.8 НАТО-ның азаматтық және әскери органдары ресми нұсқаулар беру және қабылдаушы елдің органдарымен оқу жаттығуларын өткізу жолымен өз персоналын әртүрлі жағдайларда өз міндеттерін орындау үшін даярлауды жүргізуі тиіс. Оқу жаттығулары персоналды жұмыстан тыс уақытта хабарландыруды қамтиды. Қажет болғанда, қауіпсіздік жоспарын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында даярлықты болжанатын төтенше жағдайға дейін жүргізу өте маңызды.

Хабарлаудың стандарттық жүйесі

2.4.9 Хабарлаудың стандарттық жүйесі НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының барлық штабтарында қондырылуы тиіс. Осы хабарлау жүйесі

стандарттық жүйелерден басқа, бөлек төрт кезеңнен құрылуы тиіс және НАТО-ның барлық азаматтық және әскери органдарында қолданылатын негізгі ең аз шараларды қамтуы тиіс. Хабарлау жүйесі мен тиісті байланыс жүйесіне және әр кезеңге арналған негізгі ең аз шараларға қатысты толық мәліметтерді, сондай-ақ басқа да қажетті немесе ұсынылатын шараларды НАТО қауіпсіздік комитетінің басшылығы өзірлейді (1-қосымшаны "НАТО хабарлау жүйесінің жай-күйі" және 2-қосымшаны "НАТО хабарлау жүйесінің жай-күйі - ең аз шаралар" қараңыз).

Дене қорғанысына және басқа да қорғаныс материалдарына арналған бюджетті жасау

2.4.10 (а) НАТО-ның азаматтық және әскери органдары өз объектілерінің дене (НАТО-ның ресми резиденцияларын қоса) қорғанысын қамтамасыз ету үшін НАТО-ның азаматтық және әскери бюджетінен қаражат бөлуге тапсырыс беруі тиіс. Бюджеттік тапсырысқа қабылдаушы елдің қауіпсіздік органының НАТО-ның азаматтық және әскери органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүргізген қатерді бағалауы қоса б е р і л у і т и і с .

(б) Террорға қарсы немесе диверсияға қарсы шаралардың бір бөлігі болып табылатын НАТО объектілерінен тыс пайдаланылатын арнайы байланыс жүйелерін қамтамасыз ету үшін НАТО-ның ақшалай қаражатын бөлуге тапсырыс, қабылдаушы елдің қауіпсіздік органдарымен өзара толық іс-қимылды көрсететін негізdemelerdі талап етеді;

(c) НАТО бюджетінен брондалған көлік құралдарын бөлуді Бас хатшы және НАТО-ның Еуропадағы біріккен қарулы күштерінің Жоғары бас қолбасшысы шектеуі мүмкін. Қабылдаушы елдің қауіпсіздік органдарының пікірі бойынша, нақты қауіп-қатерге қарсы тұру үшін брондалған автомобиль қажет болған төтенше жағдайларда және оны қабылдаушы ел немесе жіберуші ел берे алмаса, брондалған көлік құралы қауіп-қатер төнген барлық кезеңге тиісті қаржы комитеттері алдын ала белгілеген рәсімдерге сәйкес НАТО-ның қорынан жалға алынуы мүмкін;

(д) Жеке басын қорғауға арналған басқа да жабдықтар, оқ өтпейтін киім немесе арнайы қару сияқты жабдықтар, НАТО-ның қауіпсіздік персоналы пайдалану үшін қажетті мөлшерде НАТО-ның қорынан алынуы мүмкін. Осындай жабдықтарды алуға берілетін тапсырыс-негізdemede жабдықтарды пайдалану сипаты көрсетілуі тиіс. НАТО-ның қоры НАТО-да белгіленген бір лаузымды атқармайтын персоналға жеке қорғау жабдықтарын беру үшін

пайдаланылмауы тиіс, және тек ерекше жағдайларда ғана, осындай жабдықтарды НАТО-ның қауіпсіздік персоналынан басқа персонал пайдалану үшін алуға қаражат бөлу
м а қ ұ л д а н у ы м ү м к і н .

2.4.11 Террорға қарсы және диверсияға қарсы шараларды және НАТО-ның азаматтық және әскери органдарына қатысты қызметтерді НАТО-ң қауіпсіздік оғисі бақылауы тиіс. Осыған байланысты НАТО-ның қауіпсіздік оғисі әр штаб немесе штаб топтарына арналған қатерлерді жалпы бағалау көшірмесін алуы тиіс. НАТО-ның азаматтық және әскери органдары НАТО-ң қауіпсіздік оғисіне өздерінің террорға қарсы жоспарларының екі көшірмесін жіберуі тиіс. НАТО-ң қауіпсіздік оғисін ерекше қызмет туралы жоғарыдағы 2.3.1 және 2.3.2 параграфтарда көрсетілген баяндама жүйесі арқылы хабардар ету қажет.

2.4.12 Террорға қарсы және диверсияға қарсы шаралар, ішкі қауіпсіздік жоспарын қоса, НАТО-ның азаматтық және әскери органдары үшін қауіпсіздікті тексеру бағдарламасы кезінде зерделенуі тиіс. Осы тексеру кезінде алынған мәліметтер тексеру туралы есепке қоса берілуі тиіс.

3. 2-БӨЛІМ: НАТО-ҒА МҰШЕ-МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АУМАҒЫ ШЕГІНДЕ ТЕРРОРИЗМ ҚАУПІНЕ ҚАРСЫ НАТО АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ОРГАНДАРЫН, НАТО КЕҢЕЙТІЛГЕН КҮШТЕРІ МЕН ОБЪЕКТИЛЕРІН (ҚҰРАЛДАРЫН) ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

3.0. Осы Бөлім НАТО-ға мұше-мемлекеттердің аумағынан тыс жайғастырылатын НАТО күштері мен обьектілері (құралдары) үшін террорға қарсы шаралар саясатын белгілейді (5-баптан тыс операциялар). Осы шаралар террорлық/зиянкестік қатерлерге бірдей жауап қайтаруды қамтамасыз етуде қолдауы жеткіліксіз, сенуге болатын НАТО персоналы мен обьектілері (құралдары) орналасқан зоналарда қолданылады.

3.1 НАТО-ҒА МҰШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АУМАҒЫНАН ТЫС ТЕРРОРҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

3.1.1 2-Бөлімде көрсетілген террорға қарсы қорғау жөніндегі шаралар, тек 5-баптан тыс НАТО жүргізетін операцияларына ғана, және қабылдаушы елдің құрылымы, егер ондай болса, НАТО-ға мұше мемлекеттің занды құқығынан шығарылған жерде қ о л д а н ы л а д ы .

3.1.2 Осы бөлімде баяндалған шаралар НАТО күштері мен обьектілеріне террорлық қатер төнген кезде қолданылады.

3.2 ҚАТЕРЛЕР МЕН ҚАУШТЕР

3.2.1 Терроризм қауپінен туындағы НАТО-ның азаматтық және әскери органдары үшін қатерлер 6 түрлі болуы мүмкін:

(а) персоналдың жалпы қауіпсіздігі;

(б) тапсырманы орындау мүмкіншілігін төмендететін және кедергі келтіретін қажетті ресурстар мен қызметтерді жеткізіп беруден бас тарту;

- (с) денеге зиян келтіру ;
(д) міндеттерді орындауды бұзу ;
(е) еркін жүріп-тұру бостандығын бұзу, немесе
(f) НАТО-ға мүше мемлекеттер аумағы шегінде жалпы қауіпсіздік пен
тұрақтылықты бұзу .

3.2.2 НАТО-ға мүше мемлекеттер аумағында және одан тыс, өз ниеттерін жүзеге асыру үшін НАТО персоналы мен объектілерін (құралдарын) нысана ретінде таңдал алған ұйымдардан, топтар мен индивидтерден НАТО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тыс орналасқан НАТО құштері мен объектілеріне төнетін терроризм қаупі мұналады

қамтиды :

(а) бомбалық шабуылдар немесе атыс қаруының шабуылдары, машиналарды жару, қолға алып жүретін бомбалар, "пошталық" бомбалар және жанатын жарылғыш құрылғылар ,

(b) НАТО персоналы мен оның отбасын өлтіру, ұрлау, кепілдікке алу немесе қорқыту ,

(c) зорлық-зомбылық көрсету мақсатында ұйымдастырылуы және қарсы тұру арқылы зорлыққа/залалға әкелуі мүмкін демонстрациялар,

(d) елшіліктер мен халықаралық миссиялармен болғандай, НАТО үй-жайларына немесе оның меншігіне тіке шабуыл жасау және заңсыз басып алу,

(e) жалған дабылдар, әсіресе әбігерге салу ниетімен бомба салынған деп ескеरту,

(f) ақпараттық технологиялардың қажетті/тіршілікке маңызды жүйелеріне қарсы операциялар, осы жүйелердің тұтастығы мен/немесе рұқсаттылығына қол сұғуды қоса,

(g) міндеттерге қол жеткізуге қажетті қарудың, қару-жарақ пен жабдықтардың құшімен зазалсыздандыру , және

(h) жаппай қырып жою қаруы (ЖҚҚ), әсіресе, химиялық және биологиялық шабуылдар.

Қатерлерді бағалау

3.2.3 НАТО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тыс НАТО операцияларын орындаушы НАТО құштеріне және персоналға қарсы жасалған террорлық қызметтің нақты қаупі, қарсы шараларды қабылдағанға дейін бағалануы тиіс. Жағдаяттар мен жағдайлардың операцияға байланыстырылуына қарамастан, бағалау үрдісі кем дегенде мұналады қамтамасыз етуі тиіс :

(а) Қауіп-қатер туралы ақпарат көздері, мүмкіндігінше, сенімділігіне қатысты бағаланады ,

(b) Қауіп-қатер туралы ақпаратты талдау террорға қарсы шараларды қолданудың дұрыстығын көрсетеді ,

(c) Қауіп-қатерді бағалау дер кезінде және ағымдағы болып табылады, және

(d) Қауіптерді жергілікті басқару стратегиясы әзірленеді.

3.3 МІНДЕТТЕР

Террорға қарсы міндеттерді және тапсырмаларды бөлу НАТО күштерінің НАТО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан тыс іс-кимыл жасауы мүмкін 4 әр түрлі жағдайлармен айқындалады:

(а) Толеранттық, қабылдаушы елдің толық қолдауымен;

(б) Жартылай толеранттық, қабылдаушы елдің органдары жалпы ынтымақтастық көрсетеді, алайда қажетті құралдарды бөлмейді немесе қолдау тиімділігін қамтамасыз ету үшін бақылауды жүзеге асырмайды;

(с) Төзуге болмайтын, жергілікті өкімет пен халық қарсы көз қараста болған кезде немесе қолдау көрсетпеген кезде;

(д) Халықаралық су және/немесе әуе кеңістігі шегінде.

3.3.2 НАТО-ға мүше емес қабылдаушы елдер

(а) НАТО, толеранттық жағдайда НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының сыртқы қорғанысын көздейтін қабылдаушы елмен келісімге қол жеткізуге мүдделі. Осы келісім, осы құжаттың бірінші бөлігінде көрсетілген НАТО-ның жауапкершілік аумағында қабылдаушы елмен келісілген жағдайлар мен қолдауды қамтитын болады.

(б) Жартылай толеранттық ортада қабылдаушы елмен осындай келісімдер жасалуы тиіс. Алайда, қабылдаушы елге келісілген жағдайларды/қолдауды қамтамасыз ету/жасау үшін құралдар мен мүмкіндіктер қажет болуы мүмкін.

(с) Төзуге болмайтын ортада қабылдаушы ел тараپынан қолдау күтудің қажеттілігі жоқ.

3.3.3 НАТО-ның бастықтары

НАТО-ның бастықтары мыналарға жауап береді:

(а) Жоспарлауға, қатерлерді бағалауды қоса, шешімдерді қабылдау үрдісіне, террорға қарсы шараларды үйлестіру мен іске асыруға,

(б) Командалық сатылар бойынша жалданып жұмыс істейтін жергілікті адамдар тараپынан НАТО күштері мен құралдарына қатер төнуі жайттарының бар-жоқтығын тексеруге,

(с) Әр жедел жоспарды жоспарлау үрдісі кезінде осы С-М құжаттының 1 және 2-Бөлімдерінде жазылған қауіпсіздік қағидаттарын назарға алуға,

(д) Толеранттық немесе жартылай толеранттық ортада, НАТО бастықтары қабылдаушы елмен жоғарыда аталған келісімдерді, сондай-ақ қабылдаушы елдің және әскерлерді беруші елдің тиісті міндеттерін толық назарға алуға,

(е) Төзуге болмайтын ортада қабылдаушы елдің қолдауы НАТО бастықтарына өтеді. Алайда, олар бекітілген жедел жоспарға сәйкес мандат шегінде жұмыс істеуге кепілдік

б е р у і к е р е к ,

(f) Барлық жағдайларда НАТО бастықтары, ақпаратты үйлестіру мен алмасу барлық тараптарды тарта отырып жүргізілетіндігіне кепілдік береді, мысалы, қазіргі қауіпсіздік шараларын ескере отырып, жағдайға байланысты қабылдаушы елмен және командалық сатылар арқылы әскерлерді берген барлық елдермен қарым-қатынасты орнату

ж о л ы м е н ,

(d) НАТО-ның әскери басшылары, қажет болғанда, 1- Қосымшада көрсетілген жарияланған дабыл жағдайында 2-Қосымшада көрсетілген ең аз шараларды қүшейтуі мүмкін.

3.3.4 Әскерлерді бөлетін елдер

(a) Әскерлерді бөлетін елдер НАТО-мен қатар өз ұлттық күштерінің қауіпсіздігін қолдауды қамтамасыз етуге жауап береді. Ол жұмысқа қабылданған жергілікті персоналдың НАТО күштеріне қаупі жоқ екендігіне кепілдік беретін тексерулерді қ а м т и д ы .

(b) Толеранттық немесе жартылай толеранттық ортада әскерлерді бөлген елдер, жағдайға байланысты, НАТО байланыс құралдары арқылы террорлық-зиянкестік қауіп-қатер/оқиғалар туралы ақпаратпен алмасуға жауап береді.

(c) НАТО күштері рұқсат етілген күш қолдану ережелерін пайдалана отырып іс-қимыл жасайтын болады. Әскерлерді бөлген елдер өз ұлттық күштерінің рұқсат етілген күш қолдану ережелерін шектеуі мүмкін. НАТО бастығы осындай ұлттық шектеулер жайында хабардар етіletіn болады.

3.3.5 НАТО-ның қауіпсіздік оғисі

НАТО қауіпсіздік оғисі өзінің кезеңдік 18 айлық міндетті тексеруін жүргізу циклі шегінде НАТО обьектілерінің/құралдарының террорға қарсы бағдарламаларын тексереді. НАТО қауіпсіздік оғисінің инспекциялық тобы обьектінің/бөлімшениң ішкі қауіпсіздік жоспарының террорға қарсы бөлімдерінің тепе-тендігіне және обьекті/бөлімшениң террорға қарсы осы бөлімдерді іске асыруға қабілеттігіне қатысты тексеруді жүргізеді және кеңес береді. Орынды болған жерде, НАТО қауіпсіздік оғисінің инспекциялық тобы ішкі қауіпсіздік жоспарын қолдайтын террорға қарсы дайындық пен обьекті/бөлімше жаттығулары бағдарламаларының тепе-тендігіне қатысты кеңес береді.

3.3.6 НАТО-ның азаматтық органдары

Азаматтық органдардың басшылары персоналды жайғастырғанға дейін қауіпсіздік жоспарының дамуына жауап береді.

Азаматтық органдардың басшылары, қандай да болмасын орналастыру жүргілгенге дейін, қауіпсіздік жоспарының НАТО қауіпсіздік оғисімен және НАТО-ның тиісті әскери бастығымен өзара іс-қимылда әзірленетіндігіне кепілдік

б е р е д і .

Азаматтық органдардың жайғастырылған персоналы мүмкін болған кез-келген жағдайда, НАТО-ның әскери күштерімен орналасуы керек. Ал, мұндай мүмкіндік болмаса, қауіпсіздік жоспары 3.4.1 параграфта жазылған барлық қорғау аспектілерін қамтуы тиіс.

3.4 ТЕРРОРЛЫҚ НЕМЕСЕ ЗИЯНКЕСТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

3.4.1 Азаматтық немесе әскери органдардың террорлық/зиянкестік қатерлер немесе оқиғалар туралы баяндамалары мыналарды қамтиды:

- (а) Ақпарат келіп түскен органды;
- (б) Қатерлер немесе оқиғалар салдарларының сипатын;
- (с) Қабылданған шараларды.

3.4.2 Тиісті органдардың террорлық/зиянкестік қатерлер немесе нақты оқиғалар туралы бірдей ақпаратын қамтамасыз ету мақсатында, олар мына нысанда баяндалуы тиіс:

(а) НАТО-ның әскери бастықтары командалық саты бойынша жоғарыда тұрған штабқа және өзіне бағынысты командирлерге баяндауы тиіс;

(б) Ұқсас қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында, НАТО жүргізетін операцияларға қатысу кезінде НАТО-ға мүше емес елдердің әскерлері қолданыстағы қауіпсіздік жөніндегі келісімге сәйкес баяндау жүйесіне қатысуы тиіс,

(с) Әскерлерді бөлгөн барлық елдер өздерінің әскери іс-қымыл театрындағы ұлттық контингент командирлері арқылы қолбасшылықтың келесі деңгейінде және/немесе НАТО штабында ерекше қатер/оқиға туралы хабардар етілетін болады.

(д) Жағдайға байланысты, қабылдаушы елмен алдын ала келісілген уағдаластық бойынша және қолданыстағы қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, қабылдаушы елдің өкіметі НАТО командирлерін қатер/оқиға туралы хабардар етуі тиіс және/немесе НАТО-ның тағайындалған байланыс офицері арқылы өзі хабардар болуы тиіс.

(е) НАТО-ның азаматтық органдары қатерге жалпы баға бере отырып, өздерінің террорға қарсы және диверсияға қарсы шаралары туралы өз астаналары арқылы НАТО қауіпсіздік офисіне баяндауы тиіс.

3.5 ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ

3.5.1 НАТО-ның бастықтары терроризммен және диверсия қауіптерімен құрес жөніндегі шараларды жоспарлау мен іске асыру үшін жауап береді.

3.5.2 Тұрақты орналасқан және күштік құрылымдар объектілерінің бастықтары, НАТО-ның азаматтық органдары, штаб командирлері ішкі қауіпсіздік жоспарын әзірлеуді тиіс.

3.5.3 Ішкі қауіпсіздік жоспары мыналарды қамтиды:

- (а) террорлық/зиянкестік қатерлерді бағалау;
- (б) қатерді бағалауды басқару. Ол кем дегенде, жағдайдың қауіптілігі мен осал жерін бағалауды қамтуы тиіс;

- (f) қауіпсіздік шаралары, дene қауіпсіздігін қоса;
- (g) оқиғаға жауап қайтару жоспары, оған мыналар енүі тиіс:
- (vii) жоспардың бір бөлігін жүзеге асыруға бұйрық беруге жауапты органды және жоспарда аталған ерекше шараларды іске асыруға жауапты ресми адамдарды белгілеу;
- (viii) басшылық және басқарма бойынша міндеттерді бөлу;
- (ix) қолдау күштері және резервтік күштер үшін төтенше жағдай кезіндегі шаралар;
- (x) қабылдаушы елдің заңнамасына сәйкес НАТО қауіпсіздік күштерінің НАТО үй-жайларында және одан тыс іс-қимылын сипаттау;
- (xi) қауіпсіздік күштері үшін балама байланыс құралдары;
- (xii) қырағылықты күшету жөніндегі кез келген шараны қолдануға байланысты ерекше іс-қимылдар мен міндеттер;
- (h) Зардаптарды жою жоспары мыналарды қамтиды:
- (iii) міндеті персоналдың шығынға ұшырауын/жарақаттануын және құрылымдарға/құралдарға залал келтіруді женілдету болып табылатын "бірінші жауап қайтару" тиісті персоналы. Жылдам жауап қайтару персоналына мыналар енеді, бірақ олармен шектелмейді: медицина персоналы, өрттен қорғау және құтқару топтары, жаппай қырып-жою қаруларын (ЖКЖ) қолданғаннан кейін залалсыздандыру жөніндегі бөлімшелер және қауіпсіздік персоналы.
- (iv) Қылмыс көрінісін тексеруді тиісті жоспарлау, сондай-ақ персонал шығынын/меншік залалын женілдетуге ықпал ету.

Қауіпсіздік жөніндегі персонал

3.5.4 НАТО-ның азаматтық және әскери органдары өз мекемелерін күзету жөніндегі шараларды белгілеу және тексеру кезінде террорға қарсы және диверсияға қарсы жалпы пікірлерді назарға алуы тиіс. НАТО-ның жетекші лауазымды адамдарын қорғау жөніндегі персонал басқа да қауіпсіздік күштерінен бөлек ұсталуы тиіс, ал оны жайғастыру қабылдаушы елдің қауіпсіздік органдарымен үйлестірілуі тиіс.

3.5.5 НАТО-ның азаматтық және әскери органдары ресми нұсқаулар беру және қабылдаушы елдің органдарымен оку жаттығуларын өткізу жолымен өз персоналын әртүрлі жағдайларда, өз міндеттерін орындау үшін даярлауды жүргізуі тиіс. Оку жаттығулары персоналды жұмыстан тыс уақытта хабарландыруды қамтиды. Осындай қажеттілік туындаған жағдайда, қауіпсіздік жоспарын тиімді іске асыруды кепілді қамтамасыз ету мақсатында даярлықты болжанатын төтенше жағдайға дейін жүргізу ете маңызды.

Хабарлаудың стандарттық жүйесі

3.5.6 Хабарлаудың стандарттық жүйесі НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының барлық штабтарында қондырылуы тиіс. Осы хабарлау жүйесі стандарттық жүйелерден басқа, бөлек төрт кезеңнен құралуы тиіс және НАТО-ның барлық азаматтық және әскери органдарында қолданылатын негізгі ең аз шараларды қамтуы тиіс. Хабарлау жүйесі мен тиісті байланыс жүйесіне және әр кезеңге арналған

негізгі ең аз шараларға қатысты толық мәліметтер, сондай-ақ басқа да қажетті немесе ұсынылатын шаралар НАТО қауіпсіздік комитетінің басшылығымен өзірленеді (1-қосымшаны "НАТО хабарлау жүйесінің жай-күйі" және 2-қосымшаны "НАТО хабарлау жүйесінің жай-күйі - ең аз шаралар" қараңыз).

НАТО-НЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

1. КІРІСПЕ

НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының объектілері мен персоналына бағытталған террорлық және зиянкестік қызмет туралы ақпарат немесе ескерту НАТО қауіпсіздік органдарынан немесе қабылдаушы елдің тиісті қауіпсіздік органдары арқылы алынуы мүмкін. Ақпарат террорлық үйымдардан қауіп төндіру немесе ескерту түрінде, және одан кейін НАТО объектісіне немесе НАТО-ның персоналына шабуыл жасау фактісі ретінде жергілікті полициядан немесе тікелей НАТО-ның азаматтық және әскери органдарынан келіп түсуі мүмкін.

2. МАҚСАТЫ

НАТО-ның азаматтық және әскери органдары үшін жалпы террорға қарсы ескерту (дабыл) жүйесін және әр дабыл жағдайы үшін тиісті іске асыру шараларын өзірлеу, нұсқаулықтың мақсаты болып табылады.

3. ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

НАТО-ның объектілерін, бөлімшелері мен базаларын (ресми резиденцияларды, клубтарды, асхана және шаруашылық аумақтарды, ашық зоналарды қоса) қорғау үшін қауіпсіздік жөніндегі әдеттегі шаралар жергілікті регламентке сәйкес жүргізіледі. Дабыл жағдайларында (ҚОСЫМША) көрсетілген ең аз шараларды енгізу террорлық қатердің ұлғаюымен күрес үшін қажетті қауіпсіздікті қорғаудың анағұрлым жоғары дәрежесін көрсетеді. Қабылдаушы ел әр дабылдың стандарттық жағдайлары үшін қосымша шараларды белгілей алады.

4. ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІН БЕЛГІЛЕУ

4.1 Әдеттегіден басқа, төрт жауынгерлік дайындық дәрежесі мынадай болып белгіленеді :

(а) АЛЬФА жауынгерлік дайындық дәрежесі.

НАТО объектілері мен персоналына қарсы бағытталған, сипаты мен дәрежесін алдын ала болжауға болмайтын, жағдай БРАВО жауынгерлік дайындық дәрежесі жөніндегі шаралардың толық қолданылуын ақтамайтын, болуы мүмкін террорлық қызметтің жалпы қаупі туындағанда қолданылады. Алайда, алынған барлау мәліметтеріне сәйкес немесе ескерту құралы ретінде БРАВО жауынгерлік дайындық дәрежесі жөніндегі белгіленген шараларды қолдану қажеттілігі туындауы мүмкін. Осы жауынгерлік дайындық жөнінде қабылданатын шаралар шектеусіз қолдануға қабілетті болуы тиіс.

(b) БРАВО жауынгерлік дайындық дәрежесі.

Террорлық қызметтің жоғары және анағұрлым болжанған қаупі кезінде қолданылады. Осы жағдай қыындық туғызбай және жедел мүмкіндіктерге әсер етпей және жергілікті өкіметпен қарым-қатынасты қыыннатпай, бірнеше апта бойы қолданылуы

т и і с .

(c) ЧАРЛИ жауынгерлік дайындық дәрежесі.

Оқиға болғанда немесе НАТО обьектілері мен персоналына қарсы бағытталған террорлық қызметтің қандай да болмасын нысаны болмай қалмайтындығы жөнінде барлау мәліметтері алынғанда қолданылады. Осы шараларды анағұрлым ұзақ уақыт қолдану қыындық тудыруы мүмкін және бейбіт уақытта бөлімшелер мен персонал қызметіне әсер етуі мүмкін.

(e) ДЕЛЬТА жауынгерлік дайындық дәрежесі. Террорлық шабуыл болған кезде немесе белгілі бір участкеге немесе адамға қарсы террорлық акті жасалуы мүмкін деген барлау мәліметтері алынған кезде қолданылады. Әдетте, бұл жауынгерлік дайындық жағдайы оқшауланған ескерту ретінде жарияланады.

5. ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІН ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

5.1 Жауынгерлік дайындық дәрежесін жариялауды және шараларды іске асыруды НАТО жауапкершілігі аумағында қабылдаушы ел, алынған барлау мәліметтері нәтижесінде НАТО-ның азаматтық және әскери органдары, немесе ресми деректер арқылы немесе қатер туралы иесі белгісіз хабарды алғаннан кейін жергілікті әскери бастық немесе агенттіктің басшысы шешеді.

5.2 Жауынгерлік дайындық дәрежелері қауіп ауданы ретінде қарастырылатын географиялық жермен толықтырылуы мүмкін. Жағдайға байланысты барлық ресми емес ақпарат, оның нақтылығына көз жеткізу үшін әрқашан қабылдаушы елдің қауіпсіздік органдарына жіберіледі.

6. ҚАРУ-ЖАРАҚ ПЕН ОҚ-ДӘРІЛЕР

Жергілікті бүйректарға үй-жайлар мен постыларды күзетуге қажетті қарулар мен оқ-дәрілерді беруге қатысты ерекше нұсқаулық енеді. Осы бүйректар қабылдаушы елдің және НАТО-ның азаматтық және әскери органдарының саясатына сәйкес келуі тиіс.

7. ШОҒЫРЛАНҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДЕ ІСКЕ АСЫРУ

Белгіленген аумақтарда ұлттық құрамалармен үй-жайларды бөлісетін НАТО штабтары қабылдайтын толық шаралар, осы құрамалармен үйлестірілетін болады.

8. ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІН СЫНЫПТАУ

Жауынгерлік дайындық дәрежесін толық белгілеу "НАТО ҚҰПИЯ" белгісімен өтеді және қорғалмаған телефон арналары бойынша және НАТО ҚҰПИЯ ЕМЕС хабарламаларын беру жолымен (мысалы, "ЧАРЛИ жағдайы қабылдансын") қолданылады. Бұл түпкі ақпаратты берудің жылдам тәсілі, одан кейін құпиялылығы мазмұнына байланысты (мысалы, қорғау көздері) жоғарыдағыны нақтылай түсетін ақпарат жіберілуі мүмкін.

С - М (2 0 0 2) 5 0 құжатқа

2-ҚОСЫМША

НАТО ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ ДӘРЕЖЕЛЕРІ - ЕҢ АЗ ШАРАЛАР

1. АЛЬФА ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

Сипаты мен дәрежесін алдын ала болжауға болмайтын, жағдай БРАВО жауынгерлік дайындық дәрежесі жөніндегі шаралардың толық қолданылуын ақтамайтын, болуы мүмкін террорлық қызметті жалпы ескерту ретінде жарияланады. Алайда, БРАВО жауынгерлік дайындық дәрежесі жөніндегі белгіленген шараларды қолдану қажеттілігі

тұ ы н д а у ы

м ү м к і н .

1 - Ш А Р А .

Бұқіл персонал, олардың отбасы мүшелерін қоса, бейтаныс адамдарға, әсіресе егер олар қолсандықты немесе басқа да жүкті алып келе жатса; НАТО обьектілеріндегі және оның жанындағы белгісіз автомобилдерге; қалдырылған сәлемдемелер немесе қолсандықтарға немесе басқа ерекше қызметке үнемі құдіктілікпен қарауы тиіс.

2 - Ш А Р А .

Қауіпсіздік кезекші офицерінің немесе басқа да тағайындалған офицерлердің пайдаланылатын ғимараттар мен аумақтарды эвакуациялау және шабуыл немесе жарылыс болған аумақтарды оқшаулау жоспарын жүзеге асыруға үнемі рұқсаты болуы тиіс. Қауіпсіздік жоспарын іске асыруға қажетті негізгі персонал үнемі байланыста

б о л у ы

т и і с .

3 - Ш А Р А .

Үнемі пайдаланылмайтын ғимараттар, бөлмелер және шкафттар күзетілуі тиіс.

4 - Ш А Р А .

НАТО-ның азаматтық және әскери органдары обьектілердің аумағына және құпия емес зоналарға кіретін көлік құралдары мен адамдарды іріктең үнемі тексеруді жүргізу ге

қ ұ қ ы л ы .

5 - Ш А Р А .

Көлік құралдары мен персоналдың рұқсат етілген орындарға баруын орынды қозғалыс

л е г і н е

ш а м а л а п

ш е к т е у .

6 - Ш А Р А .

БРАВО жауынгерлік дайындық дәрежесінің төмендегі бір шарасы тоқтату факторы ретінде жеке және тұрақсыз қолданылуы тиіс:

(а) үнемі пайдаланылмайтын ғимараттар, бөлмелер және шкафттар күзетілуі және

ұнемі тексерілуі тиіс (14-шара).

(b) ұнемі пайдалынатын ғимараттың сыртқы және ішкі бөліктері күдікті қызметтердің немесе жәшіктер-қаптардың бар-жоқтығына ұнемі және жиі тексерілуі тиіс. (15-шара).

(c) клубтарға/асханаларға әкелінетін жеткізілімдер тексерілуі тиіс (отбасы мүшелеріне үйге әкелінетін жеткізілімдерге қатысты осыны жүргізу ұсынылатын болады) (17-шара).

(d) персонал және олардың отбасы мүшелері арасында сенімділікті, қорғанысты жақсарту мақсатында қаржы мүмкіндігі болса, олар тұратын жерді, кафелерді, мектептерді, клубтар мен басқа да рұқсат етілген орындарды бақылау күшейтілуі тиіс. (18-шара).

7 - Ш А Р А .

Анағұрлым жоғары дайындық дәрежесін енгізуге байланысты барлық жоспарларды, бұйрықтарды, персонал туралы мәліметтерді және материалдық-техникалық талаптарды қарап шығу.

8 - 9 - Ш А Р А Л А Р .

Резервтік.

2. БРАВО ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

Қандай мақсатта жүргізілетіндігі анықталмағандығына қарамастан, террорлық қызмет қаупінің жоғары және анағұрлым болжанған сипаты кезінде жарияланылады.

1 0 - Ш А Р А .

1-шараны қайталау керек, ал персоналды террористер пайдаланылуы мүмкін кез келген басқа да шабуыл түрлері жайлы ескерту керек.

1 1 - Ш А Р А .

Террорға қарсы қызмет жөніндегі жоспарларды іске асыруға қатысатын барлық офицерлер байланыста болуы тиіс.

1 2 - Ш А Р А .

Келесі жауынгерлік дайындық дәрежесіндегі шараларды іске асыру жөніндегі жоспарлар тексерілуі тиіс.

1 3 - Ш А Р А .

Мүмкін болған жерлерде, машиналар мен жәшіктер, қоқысқа арналған жәшіктер сияқты объектілер және т.б. ғимараттардан, әсіресе құпия және маңызды үй-жайлардан кем дегенде 25 метр ара қашықтықта орналастырылуы керек. Орталықтандырылған тұрақ орындарын пайдалану қарастырылсын.

1 4 - Ш А Р А .

Ұнемі пайдаланылмайтын ғимараттар, бөлмелер мен шкафттар күзетілуі және ұнемі тексерілуі тиіс (14-шара).

1 5 - Ш А Р А .

Тұрақты пайдаланылатын үй-жайлардың сыртқы және ішкі бөліктері жұмыс

уақытының басталуы және аяқталуы кезінде күдікті деген заттарға үнемі және тұрақты
тексерілуі тиіс.

16 - ШАРА.

Барлық пошта хатта/сәлемдемеде бомбалардың бар-жоқтығына тұрақты тексерілуі
тиіс. (тексеруді күшету).

17 - ШАРА.

Асханаларға, клубтарға барлық жеткізілімдер және т.б.. тексерілуі тиіс (отбасы
мүшелеріне үйге әкелінетін жеткізілімдерге қатысты осыны жүргізу ұсынылатын
б о л а д ы .)

18 - ШАРА.

Персонал мен олардың отбасы мүшелері арасында сенімділікті, қорғанысты
жақсарту мақсатында қаржы болса, олар тұратын жерді, кафелерді, мектептерді,
клубтар мен басқа да рұқсат етілген орындарды бақылау күшетілуі тиіс.

19 - ШАРА.

Персонал мен олардың отбасы мүшелері әртүрлі сыйбыстарды тоқтату және
қорқыныш-үрейдің алдын алу үшін жалпы жағдай туралы хабардар болуы тиіс.

20 - ШАРА.

Жергілікті қауіпсіздік комитетінің мүшелері қандай да болмасын қабылданған
іс-қимылдар мен себептер жайлы бастапқы кезенде хабардар болу тиіс.

21 - ШАРА.

Бөлімшелерге келушілер мен олардың сөмкелерінің, сәлемдемелерінің және қол
жүктөрінің белгілі бір пайызы кірген кезде ішінера тексерілуі тиіс.

22 - ШАРА.

Мүмкін болса, барлық жерде көлік құралдарын, адамдар мен үй-жайларды тексеру
үшін іріктең тексеру патрулі жұмыс істеуі тиіс.

23 - ШАРА.

Базадан тыс орналасқан персонал және қызметтік көлік, жасалған жоспарға сәйкес
кузетілуі тиіс. Жүргізушилерді тұраққа қойылған автомобильдерді жабу туралы ескерту
қажет және олар машинаға отырып қозғалысты бастаған кезде іске асыруы қажет
белгіленген тексеру жүйесі енгізілсін.

24 - 28 - ШАРАЛАР.

Резервтік.

3. ЧАРЛИ ЖАУЫНГЕРЛІК ӘЗІРЛІК ДӘРЕЖЕСІ

Оқиға болғанда немесе террорлық қызметтің қандай да болмасын нысаны болмай
қалмайтындығы жөнінде барлау мәліметтері алынғанда қолданылады.

29 - ШАРА.

Қажеттілігіне қарай күзетті күшету керек.

30 - ШАРА.

БРАВО дәрежесі жөніндегі барлық шараларды қабылдауды жалғастыру немесе

қосымша

шаралар

енгізу

қажет.

31 - ШАРА.

Барлық жауапты офицерлер террорға қарсы жоспарларды іске асыру үшін қызмет орындарында

болуы

тиіс.

32 - ШАРА.

Рұқсат етілген орындарды ең аз мөлшерге дейін шектеу.

33 - ШАРА.

Кіру кезінде бақылауды күшайту және көлік құралдарын ішінара тексеруді жүргізу.

34 - ШАРА.

Көлік құралдарын маңызды деген үй-жайлардан алыс орталықтандырып тұраққа
қоюды

енгізу.

35 - ШАРА.

Күзетке қаруды беру. (Жергілікті бұйрықтарға оқ-дәрілерді беру жөнінде ерекше
нұсқаулықтар

енуі

тиіс.)

36 - ШАРА.

Объектіні күшайтіп күзетуді енгізу қажет.

37 - ШАРА.

Барлық белгіленген осал деген объектілер күзетілуі тиіс, және әскери базалардан
тыс орналасқан осал объектілерге ерекше назар аудару керек.

38 - ШАРА.

Көлік құралдарын тексеру үшін арнайы төсөлген бақыланатын кедергілерді
белгілеу.

39 - ШАРА.

Жергілікті тұрғындардан тұратын персоналдың қатысуын шектеу.

40 - ШАРА

Қажет болғанда күзетті күшайту.

4. ДЕЛЬТА ЖАУЫНГЕРЛІК ӘЗІРЛІК ДӘРЕЖЕСІ

Террорлық шабуыл болған кезде немесе белгілі бір участкеге немесе адамға қарсы
террорлық акт жасалуы мүмкін деген барлау мәліметтері алынған кезде қолданылады.
Әдетте, бұл жауынгерлік дайындық жағдайы оқшауланған ескерту ретінде
жарияланады.

41 - ШАРА

БРАВО және ЧАРЛИ жауынгерлік дайындық дәрежесінде аталған барлық
шараларды қабылдау жалғастырылады және басталады.

42 - ШАРА.

Базадағы барлық көлік құралдары бірдей жағдайға келтіріледі.

43 - ШАРА.

Кешен және объекті аумағына кіретін барлық көлік құралдары мен оның құрамы
тінтиледі.

4 4 - Ш А Р А .

К ірү т о л ы к бақыланады .

4 5 - Ш А Р А .

Кешен және объекті аумағына енгізілетін барлық сөмкелер, портфельдер және т.б. т і н т і л е д і .

4 6 - Ш А Р А .

НАТО-ның тиісті азаматтық және әскери органдарының құқындағы барлық зоналарға кіруді бақылау жөнінде шаралар қабылдануы тиіс.

4 7 - Ш А Р А .

Гимараттар мен тұрақтардың сыртқы бөліктерін жиі тексеруді жүргізу қажет.

4 8 - Ш А Р А .

Барлық әкімшілік жол жүрулер мен іссапарлар ең аз мөлшерге дейін шектелуі тиіс.

4 9 - Ш А Р А .

Жергілікті өкімет орындарымен объектілерді террорлық шабуыл алдында осал ететін қоғамдық (және әскери) жолдарды жабуға қатысты мәселе жөнінде кеңесу.

5 0 - Ш А Р А .

Резервтік.

СӨЗДІК

Диверсияга қарсы/қопаруға қарсы	Диверсияны ашу үшін қолданылатын іс-қимылдар мен қарсы шаралар (негізі: AAP-6).
Терроризмге қарсы	Индивидтердің және күралдардың терактілерге осал жерін төмендету мақсатында терроризмнің алдын алу, тоқтату және жауап қайтару үшін қабылданатын шаралар
НАТО-ның құралы/активі	НАТО-ның құралдары/активтері - НАТО миссиясын орындау үшін маңызды рөл атқаратын құралдар, құрылымдар, жабдықтар мен басқа да заттар, жүйелер мен ресустарды қоса.
Диверсия	НАТО құралдарын әдейі бұзы немесе жою жолымен НАТО миссиясын қыннатуға бағытталған іс-қимылдар.
Терроризм	Саяси, діни немесе идеологиялық міндеттерге қол жеткізу мақсатында үкіметтер мен қоғамдарды мәжбүрлеу немесе корқыту жолымен индивидтерге немесе мұліктерге карсы күш немесе зорлық іс-әрекеттерді зансыз колдану немесе қолдану қаупін тудыру (Негізі: AAP-6)

Тұпнұсқаға сай қазақ тіліне аударылды.

*Қазақстан
Қарулы
Халқарадық*

Республикасы күштөрінің бағдарламалар

бас басқармасының бастығы

ПОЛКОВНИК

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН СОЛТУСТІК АТЛАНТ ШАРТЫ
АРАСЫНДАҒЫ
ҚАУПСІЗДІК ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

НАТО Штаб пәтеріндегі Тұрақты өкіл, елші Әуесхан Қырбасовтың өкілдігімен
Қазақстан Республикасының Үкіметі,

Солтүстік Атлант шарты ұйымының Бас хатшысы Хавъер Солананың өкілдігімен
Солтүстік Атлант шарты ұйымы,

Қазақстан Республикасының Солтүстік Атлант ынтымақтастығы Кеңесіндегі (САЙҚ)/Бейбітшілік жолындағы әріптеңіктегі (БЖӘ) әріптер-ел екендігін тани отырып

саяси мәселелер мен қауіпсіздік мәселелері бойынша консультациялар өткізуге, және Еуропада саяси және әскери ынтымақтастықты кеңейту мен күшетуге келісе
о т ы р ы п ,

осы саладағы тиімді ынтымақтастық үшін тараптар арасында сезімтал және/немесе айрықша құқықтық ақпаратпен алмасу қажеттігін сезіне отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

T a p a π t a p :

- (i) екінші тараптың ақпараты мен мәліметтерін қорғайтын және сақтайтын;

(ii) екінші Тараптың ақпараты мен мәліметтерін ескере отырып, кез келген тараптардың бірі белгілеген құпия ақпарат пен мәліметтің рұқсат шарттары болуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайларды жасайтын, және осындай ақпарат пен мәліметтерді келісілген жалпы стандарттар бойынша қорғайтын;

(iii) алмасылатын ақпарат пен мәліметтерді тиісті бағдарламалар шенберінде, сондай-ақ осы бағдарламаларға қатысы бар шешімдер мен қарарларда көзделмеген максат үшін пайдаланбайтын;

(iv) ақпарат көзінің келісімінсіз осындай ақпарат пен мәліметтерді үшінші тарапқа бермейтін болады.

2-бап

- (i) Қазақстан Республикасының Үкіметі САЫК немесе БЖӘ шеңберінде алынған ақпарат пен мәліметтерге өзінің кәсіби міндеттері бойынша рұқсаты бар барлық өз азаматтарының рұқсатын, олар осындай ақпарат пен мәліметтерге рұқсат алғанға дейін, тиісті түрде ресімдеу жөнінде өзіне міндеттеме қабылдайды.

(ii) Рұқсатты ресімдеу рәсімі адамның, оның ниеті түзулігі мен сенімділігін назарға

ала отырып, осындай ақпаратқа оның құпиялығына қауіп-қатер келтірмей рұқсат алуына болатындығын анықтайтында болып жүргізілуі тиіс.

3-бап

НАТО-ның қауіпсіздік жөніндегі офисі (NOS) НАТО-ның Бас хатшысы мен Төрағасының, Әскери комитетінің басқаруымен және олардың атынан, Солтүстік Атлант Кеңесі мен НАТО-ның Әскери комитеті атынан іс-қимыл жасай отырып және олардың нұсқаулары бойынша қауіпсіздік мәселелері және САЫҚ немесе БЖӘ шенберінде алмасылатын құпия ақпаратты қорғау үшін жауапты.

4-бап

Қазақстан Республикасы NOS-ты функциялары оған ұқсас ұлттық қауіпсіздік органдары туралы хабардар ететін болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасында Жекелеген Әкімшілік Шарттар әзірленетін болады, оған, өзгелерден басқа, Қазақстан Республикасының органдары мен NOS арасындағы алмасылатын ақпарат пен байланыс қауіпсіздігін өзара сақтау стандарттары енетін болады.

5-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен НАТО арасында кез келген құпия ақпаратпен алмасуға дейін жауапты қауіпсіздік органдары жөнелтушінің талаптарына сәйкес алушы-тараптың өзі алатын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге дайын екендігіне өзара сенімді болуы тиіс.

Осының күесі ретінде жоғарыда аты аталған Өкілдер осы Келісімге қол қойды.

1996 жылғы 31 шілдеде Брюссель қаласында бірдей күші бар ағылшын және француз тілдерінде, екі түпнұсқада қол қойылды.

Қазақстан Республикасының

Солтүстік Атлант

Үкіметі үшін шартты үйімы үшін

Әуесхан Қырбаев Хавьер Солана

Осымен, көрсетілген мәтін, 1996 жылдың 31 шілдеде Брюссель қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты үйімы арасындағы қауіпсіздік туралы келісімінің мемлекеттік тілге аудармасы бейресми екендігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Қарулы Қыштепі

Халықаралық бағдарламалар

бас басқармасының бастығы

БЕЙБІТШІЛІК

ЖОЛЫНДАҒЫ

ӘРІПТЕСТІК:

ШЕКТЕУЛІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰЖАТ

1. НАТО-ға мүше-елдердің мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары 1994 жылдың 10-11 қаңтар айында өз кездесулерінде білдірген шақыруларына қосымша, осы құжатқа қол қойған және саяси және әскери байланыстарды тереңдетуге және Еуро-Атлантық аймақта қауіпсіздікті бұдан әрі нағайтуға шешімділік білдірген Солтүстік Атлант кеңесіне мүше-мемлекеттер мен басқа да мемлекеттер осымен

Солтүстік Атлант ынтымақтастыры "Бейбітшілік жолындағы әріп тестік" бағдарламасын бекітеді.

2. Бұл әріп тестік Еуро-Атланттық аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікке тек ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдар негізінде қол жеткізілуі мүмкін деген бірлескен сенімділікті білдіреді. Адамның негізгі бас бостандығы мен құқықтарын қорғау және сақтау және демократия ұстанымы негізінде бостандықты, әділдік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету осы әріп тестіктің негізін қалайтын жалпы құндылықтар болып табылады. Осы құжатқа қол қойған Солтүстік Атлант кеңесіне мүше-мемлекеттер мен басқа да мемлекеттер осы әріп тестікке қосыла отырып, өздерінің демократиялық қоғамдарды, олардың бостандықтарын мәжбүрлеу мен қорқытудан сақтауға және халықаралық құқық принциптерін қолдауға деген өз адалдығын еске салады. Олар БҰҰ-ның Жарғысынан және Жалпы адам құқы декларациясы принциптерінен туындайтын міндеттемелерді адал сақтауға; және нақты міндеттемелерге қатысты күш қолдану қаупін төндіруден және кез келген мемлекеттің аумақтық тұластығы немесе саяси тәуелсіздігіне зиян келтіру мақсатында күш қолданудан бас тартуға, сондай-ақ бұрыннан бері келе жатқан шекараларын құрметтеуге және дауларды бейбіт жолмен реттеуге қол жеткізуға деген өз ниеттерін растайды. Олар, сондай-ақ Хельсинки Қорытынды актісіне және ЕҚЫҰ-ның бұдан кейінгі барлық құжаттарына, сондай-ақ қарусыздану және қару-жарақты бақылау саласында өздеріне қабылдаған міндеттемелерді сақтауға деген өз адалдығын растайды

3. Осы құжатқа қол қойған басқа мемлекеттер Солтүстік Атлант шарты ұйымымен төмендегі мақсаттарға қол жеткізу үшін ынтымақтастық жасайды:

(а) ұлттық қорғанысты жоспарлауда және бюджетті әзірлеуде транспарентілікке көмек көрсету;

(б) қорғаныс күштеріне демократиялық бақылауды қамтамасыз ету;

(в) БҰҰ және/немесе ЕҚЫҰ-ның бастамасымен өткізілетін операцияларға ұлттық конституциялардың ережелерін ескере отырып үлес қосуға қабілеттілік пен әзірлікті қолдау;

(г) әскери салада ынтымақтастыққа негізделген бітімгершілік, іздестіру мен құтқару салаларындағы операцияларды және кейіннен уағдаластыққа қол жеткізілуі мүмкін басқа да операцияларды жүргізуға олардың дайындығын көтеру үшін бірлескен жоспарлау, жауынгерлік дайындық және жаттығуларды өткізу мақсатында НАТО-мен қарым-қатынастарды орнату;

(д) ұзақ мерзімді келешекте, көбіне Солтүстік Атлант кеңесіне мүше-елдердің қарулы күштерімен өзара іс-қимылға дайын күштерді құру.

4. Осы құжатқа қол қойған басқа мемлекеттер НАТО басшылығына әріп тестіктің саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін өздері белгілеген шаралар, және осы әріп тестік бағдарламасы жөніндегі қызмет үшін пайдаланылатын әскери және басқа активтер

жазылған тұсау кесер құжаттарын ұсынады, НАТО әріптестік ұстанымына негізделген оқу жаттығуларының және әріптестік мақсаттарына жауап беретін басқа қызмет түрлерінің бағдарламасын ұсынады. Осы бағдарламаның және өзінің тұсау кесер құжатының негізінде осы құжатқа қол қойған кез келген мемлекет НАТО-мен бірге әріптестік жеке бағдарламасын әзірлейтін болады.

5. Әріптестік жеке бағдарламасын дайындау және өмірге енгізу барысында осы құжатқа қол қойған басқа мемлекеттер өз қарожатына және Солтүстік Атлант кеңесімен келісім негізінде, және егер тиісті бельгиялық өкіметтер талап етсе, Брюссельдегі НАТО штаб-пәтерімен өздерінің байланыс бюросын құра алады. Бұл олардың Солтүстік Атлант ынтымақтастыры Кеңесінің және "Бейбітшілік жолындағы әріптестіктің" кездесулері мен қызметіне, сондай-ақ шақыру негізіндегі басқа да кездесулерге қатысуын жеңілдетеді. Оған қоса, олар келісілген әріптестік бағдарламасын орындауға қажетті персоналды, активтерді, жабдықтар мен мүмкіндіктерді бөледі және ұсынады. НАТО оларға әріптестік жеке бағдарламасын әзірлеу мен өмірге енгізуде тиісті көмек көрсетеді.

6. Құжатқа қол қойған басқа мемлекеттер төмендегілермен келіседі:

3 (г) параграфта айтылған операцияларға қатысқысы келетіндер тиісті салалардағы НАТО-ның жаттығуларына осы мүмкін болған кезде қатысатын болады;

Олар "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы жөніндегі қызметке өз қатысуларын өздері қаржыландыратын болады және өздері қатысатын жаттығуларды өткізуға ауыртпалықтардың бір бөлігін өздеріне алу үшін басқа да күш-жігерлерді жұмысайтын болады;

Тиісті уағдаластықтыққа қол жеткізгеннен кейін олар Монсадағы (Бельгия) Әріптестікті үйлестіру жеке тобына тұрақты байланыс офицерлерін жіберуі мүмкін, олар Солтүстік Атлант кеңесі басшылығымен әріптестік бағдарламасын өмірге енгізуге қажетті әскери жоспарлаумен айналысатын болады;

Жоспарлауға және әскери жаттығуларға қатысатындар өзара іс-қимылға қажетті НАТО-ның кейбір техникалық мәліметтеріне рұқсат ала алады;

Құжатқа қол қойған басқа мемлекеттер, және НАТО елдері әскери жоспарлау саласында ЕІКҰ көздеген шаралар негізінде әскери жоспарлаудағы транспаренттілікті қамтамасыз етуде көмек көрсету үшін және бюджетті дайындау кезінде, сондай-ақ қарулы күштерге демократиялық бақылауды қамтамасыз етуде қабылданған немесе қабылданып жатқан қадамдар туралы ақпаратпен алмасатын болады;

Олар Солтүстік Атлант ынтымақтастыры/Бейбітшілік жолындағы әріптестік шенберінде жүзеге асырылатын әскери жоспарлау саласында және бюджетті дайындау кезінде ақпаратпен өзара алмасуға қатыса алтын болады.

7. Осы "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" мақсаттарына адалдығы негізінде Солтүстік Атлант кеңесінің мүшелері:

Құжатқа қол қойған басқа мемлекеттермен бірге Солтүстік Атлант кеңесі

күштерімен өзара іс-қимылда халықаралық жауынгерлік дайындық, жаттыгулар мен операциялар үшін өздері ұсынуы мүмкін күштер мен қуаттарды анықтау және бағалау үшін негіз қалау мақсатында жоспарлау және зерттеулер үрдісін дамытатын;

Күжатқа қол қойған басқа мемлекеттермен әріптестік негізінде тиісті қызметке, жоспарлауды, жауынгерлік әзірлікті, жаттыгулар мен доктринаны әзірлеуді қоса, басшылық ету және басқаруды қамтамасыз ету үшін НАТО-ның штаб-пәтерінде әскери және саяси үйлестіруге көмек көрсететін болады.

8. НАТО кез келген әріптестікке белсенді қатысушымен, егер осы әріптес өзінің аумақтық тұтастығына, саяси тәуелсіздігі немесе қауіпсіздігіне тікелей қауіп төніп отыр деп есептесе, кеңестер беретін болады.

Осымен, көрсетілген мәтін, 1994 жылдың 27 мамырында қол қойылған Бейбітшілік жолындағы әріптестіктің Шектеулі қолданыстағы қүжатының мемлекеттік тілге аудармасы бейресми екендігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы
Қарулы Қыштепі
Халықаралық бағдарламалар*

бас басқармасының бастығы

ПОЛКОВНИК

Бейресми аударма

БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ӘРІПТЕСТІК: ШАҚЫРУ

*1994 жылғы 10-11 қаңтарда Брюссельде, НАТО штаб-пәтерінде
өткен Солтүстік Атлант Отырысына қатысқан мемлекеттің және үкіметтің
басшыларымен мақұлданған*

Біз, Солтүстік Атлант одағына қатысушы мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшылары, Солтүстік Атлант және Еуропалық одақтастармен арадағы тығыз және ұзақ мерзімді әріптестікті негізге ала отырып, бүкіл Еуропадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту жөніндегі міндеттімізді орындаімыз. Сондықтан біз Шығыстағы демократиялық мемлекеттермен байланысты нығайтуға ниет білдіреміз. Біз Вашингтон шартының 10-бабында көзделгендей, Альянс Солтүстік Атлант өнірінде Шарт принциптерінің алға басу және қауіпсіздікке қол жеткізу мәселелерінде басқа Еуропалық мемлекеттердің мүшелігі үшін ашиқ болып қалатынын тағы да қуаттаймыз. Біз бүкіл Еуропадағы саяси табыстарды және қауіпсіздік саласындағы табыстарды ескере отырып, эволюциялық процестің бөлігі ретінде, Шығыстағы демократиялық мемлекеттерге жете алғатында НАТО-ның кеңеюін күтудеміз және қолдаймыз.

Бұғін біз НАТО мен қатысушы мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынасты өзгеретін міндетті және практикалық бағдарламаларды басшылыққа алдық. Бұл жаңа бағдарлама осы әріптестікті - Бейбітшілік жолындағы әріптестікті ілгерілете отырып, диалог пен өзара іс-әрекет шеңберінен тысқары шығады. Сондықтан біз Солтүстік

Атлант ынтымақтастық Кеңесіне кіретін басқа мемлекеттерді, сондай-ақ осы бағдарламаға үлесін қосуға, осы әріптестікте бізге қосылуға дайын және ынталы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық Оттырысына (ЕҚЫО) қатысушы мемлекеттерді шақырамыз. "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасына белсенді қатысу НАТО-ны кеңейтудегі эволюциялық процесте үлкен роль атқарады.

Солтүстік Атлант одағы басшылығымен әрекет ететін "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасы Солтүстік Атлант одағы мен оның бейбітшілік жолындағы әріптестері арасындағы жаңа қауіпсіздік қарым-қатынастарын құрайды. Әріптес елдерді Әріптестік қызметіне сәйкес НАТО штаб-пәтерлерінде саяси және әскери органдарда жұмыс істеу үшін Солтүстік Атлант Кеңесі шақыратын болады. Әріптестік бүкіл Еуропадағы саяси және әскери ынтымақтастықты кеңейтуге және қүшетуге, тұрақтылық деңгейін көтеруге ықпал ететін, дүниежүзілік қауіпті азайтатын, сондай-ақ біздің Кеңесіміздің негізінде жатқан демократиялық принциптерге сүйенетін және практикалық ынтымақтастық рухын көтеру жолымен тиімді өзара қарым-қатынас құратын болады. НАТО Әріптестіктің кез-келген белсенді қатысушысын оның аумақтық тұластығына, саяси тәуелсіздігі мен оның қауіпсіздігіне тікелей қауіп пайда болған жағдайда кеңес беретін болады. Біз тиісті келісімге келе отырып, әрбір қатысушы мемлекеттің мүмкіндігі мен ынтасын анықтайтын қарқыны мен аумағында әскери қаржыландырудың ашықтығына жету жөніндегі, әскери ведомстволардың қызметіне демократиялық бақылау шеңберін кеңейту, бейбітшілікті қолдау және орнату операцияларында НАТО құштерімен өзара іс-әрекет жүргізу мақсатында біріккен әскери оқу-жаттығуларды, іздеу-құтқару, гуманитарлық және басқа да іс-шараларды бірігіп жоспарлау және өткізу жөніндегі нақты іс-шараларды жүргізетін

б о л а м ы з .

Барынша тығыз ынтымақтастық пен өзара түсіністікке қол жеткізу мақсатында 1994 жылы Әріптестік бағдарламасы шеңберіндегі бітімгершілік далалық оқу-жаттығуларын өткізуді бастауды ұсынамыз. Әріптестік шеңберіндегі бірлескен әскери іс-әрекетті үйлестіру үшін, біз қатысушы мемлекеттерді НАТО штаб-пәтеріне, сондай-ақ Монстағы (Бельгия) жеке Әріптестікті үйлестіру орталығына Солтүстік Атлант Кеңесінің басшылығымен Әріптестік бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажет әскери жоспарлауды жүзеге асыратын тұрақты байланыс офицерлерін жіберуге шақырамыз.

Солтүстік Атлант ынтымақтастық Кеңесі құрылғанынан бастап екі жыл ішінде өз қызметінің ауқымын едәуір кеңейтті. Біз Одақ жүргізетін барлық іс-шаралар бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты құру үшін Солтүстік Атлант ынтымақтастық Кеңесіне кіретін барлық мемлекеттермен жұмыс істеуді жалғастыруға ниеттіміз. Солтүстік Атлант ынтымақтастық Кеңесі қызметінің кеңеюімен, сондай-ақ "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасын құрумен жұмыс қарым-қатынасын сапалы жақсарту және барынша ынтымақтастықты орнату үшін САЙК-ға кіретін елдер мен "

Бейбітшілік жолындағы әріптестік" бағдарламасының басқа қатысушы персоналына арнап НАТО штаб-пәтерінде тұрақты үй-жай бөлуді шештік.

1994 жылғы 10-11 қантарда Брюссельдегі НАТО штаб-пәтерінде өткен Солтүстік Атлант кеңесінің отырысына қатысқан Солтүстік Атлант келісім үйымына қатысушы мемлекеттердің мемлекет және үкіметі басшыларымен мақұлданған және қол қойылған "Бейбітшілік жолындағы әріптестікке" қатысуға шақыруға сәйкес,

Мен, төменде қол қойған, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, осымен Бейбітшілік жолындағы әріптестікке қатысуға шақыруды қабылдаймын және "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" шектеулі құжатына қол қоямын.

1994 жылғы 27 мамырда Брюссельде қол қойылған
(қ о л қ о й ы л ғ а н)

Қанат Саудабаев

Осымен, көрсетілген мәтін, 1994 жылдың 27 мамырында қол қойылған Бейбітшілік жолындағы әрігітестікке Шақыруының мемлекеттік тілге аудармасы бейресми екендігін күеландырамын.

*Казакстан Республикасы
Қарулы Күштері
Халықаралық бағдарламалар*

бас басқармасының бастығы

ПОЛКОВНИК

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК